

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ КОМИТЕТІ**



**2020 жылдағы  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ  
БАЛАЛАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ  
БАЯНДАМА**

**НҰР-СҰЛТАН, 2021**



## МАЗМҰНЫ

**2020 жылдағы Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы баяндама, Нұр-Сұлтан, 2021, – 160 б.**

ISBN

2020 жылдағы Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы баяндама ресми статистиканы, мемлекеттік орталық және жергілікті атқарушы органдар ұсынған мәліметтерді, сондай-ақ әлеуметтік зерттеулер деректерін талдау негізінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша дайындалды.

КІРІСПЕ	5
1-ТАРАУ. БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢНАМА	8
2-ТАРАУ. ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ	14
3-ТАРАУ. ОТБАСЫЛЫҚ САЯСАТ	22
4-ТАРАУ. ӘЛЕУМЕТТІК САЛАҒА ЖҰМСАЛАТЫН МЕМЛЕКЕТТІК ШЫҒЫСТАРҒА БЮДЖЕТТІК ШОЛУ	34
5-ТАРАУ. БАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ	44
6-ТАРАУ. ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ	52
7-ТАРАУ. БІЛІМ БЕРУ	66
8-ТАРАУ. БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫ ІСКЕ АСЫРУ	88
9-ТАРАУ. БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУДІҢ ҚЫСҚАША ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ	132
10-ТАРАУ. ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН ҰСЫНЫМДАР	140
11-ТАРАУ. СТАТИСТИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР	144

Авторлар: М.Т. Әбдікәкімов, Э.О. Столярова, Б.Қ. Асқаров, Қ.А. Рамазан, Ә.О. Байдүйсенов.

## АББРЕВИАТУРАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

<b>АӘК</b>	- Атаулы әлеуметтік көмек
<b>ҚР СЖРА ҰСБ</b>	- ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы
<b>ЖІӨ</b>	- Жалпы ішкі өнім
<b>ШҚО</b>	- Шығыс Қазақстан облысы
<b>ДДСҰ</b>	- Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы
<b>МЖМБС</b>	- Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
<b>МЖӘ</b>	- Мемлекеттік-жекешелік әріптестік
<b>МДБ</b>	- Мектепке дейінгі білім беру
<b>ЖКО</b>	- Жол-көлік оқиғасы
<b>МДМ</b>	- Мектепке дейінгі мекемелер
<b>БҚО</b>	- Батыс Қазақстан облысы
<b>АТО</b>	- Ақпараттық-талдау орталығы
<b>ҚР БП ҚСЖАЕК</b>	- ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті
<b>ҚР ИМ</b>	- ҚР Ішкі істер министрлігі
<b>ҚР ДСМ</b>	- ҚР Денсаулық сақтау министрлігі
<b>ЖАО</b>	- Жергілікті атқарушы органдар
<b>ҚР БҒМ</b>	- ҚР Білім және ғылым министрлігі
<b>АЕК</b>	- Айлық есептік көрсеткіш
<b>ҚР АҚДМ</b>	- ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі
<b>ҚР ЕХӘҚМ</b>	- ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
<b>ҚР ТЖМ</b>	- ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі
<b>ҰБДҚ</b>	- Ұлттық білім беру деректер қоры
<b>ҮЕҰ</b>	- Үкіметтік емес ұйымдар
<b>НҚА</b>	- Нормативтік құқықтық акт
<b>БҰҰ</b>	- Біріккен Ұлттар Ұйымы
<b>ЭЫДҰ</b>	- Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
<b>ҚР</b>	- Қазақстан Республикасы
<b>СҚО</b>	- Солтүстік Қазақстан облысы
<b>БАҚ</b>	- Бұқаралық ақпарат құралдары
<b>ҚР ҚК</b>	- ҚР Қылмыстық кодексі
<b>ЮНИСЕФ</b>	- БҰҰ Балалар қоры

## КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жыл сайынғы 2020 жылдағы Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы баяндаманы (бұдан әрі – Баяндама) ұсынады.

Баяндама «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 46-бабына сәйкес, ресми статистикалық деректер, уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтері, сондай-ақ Қазақстан Республикасында баланың негізгі құқықтарын іске асыру жөніндегі әлеуметтік зерттеу нәтижелері негізінде дайындалды.

Жүргізілген зерттеу шеңберінде 12 жастан 17 жасқа дейінгі 2 мың бала және Қазақстанның барлық өңірлерінен қалалық және ауылдық жерлерде тұратын балалармен жұмыс істейтін 1000 ата-ана, мамандар, педагогтер сұралды.

Баяндамада балалардың құқықтарын қорғау саласындағы заңнаманың негізгі өзгерістеріне шолу жасалды, демографиялық сипаттамалар ұсынылды, әлеуметтік салаға жұмсалатын мемлекеттік шығыстардың динамикасына, балалардың денсаулық жағдайына, білім беруге, балалы отбасыларды әлеуметтік қолдауға, өмірлік қиын жағдайда жүрген балалардың жағдайына талдау жүргізілді. Соңғы 3-5 жылдың динамикасындағы балалар жағдайының сандық және сапалық сипаттамалары келтірілді.

Мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарына жасалған шолу мен әлеуметтік зерттеу қорытындыларына сәйкес балалардың жағдайын жақсарту бойынша негізгі тұжырымдар мен ұсынымдар ұсынылды.

Баяндама материалдары орталық және жергілікті атқарушы органдар, үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінің назарын балалардың құқықтарын қорғау мәселелеріне аудару, сондай-ақ мүдделі құрылымдар мен әртүрлі ведомстволық бағыныстағы ұйымдарды Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы талдамалық ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатына арналған.



**1-ТАРАУ.  
БАЛАЛАРДЫҢ  
ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ  
САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢНАМА**

## 1-ТАРАУ. БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢНАМА

Балалардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясат конституциялық нормалар мен халықаралық міндеттемелерге сәйкес толыққанды физикалық, зияткерлік, рухани, адамгершілік және әлеуметтік дамуды қамтамасыз етуге арналған.

Бала құқықтары туралы Конвенция тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев қол қойған және Қазақстан Республикасының Парламенті ратификациялаған алғашқы халықаралық шарттардың бірі болды. Осы халықаралық шартты іске асыру мақсатында Қазақстанда ұлттық заңнаманы жетілдіру бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде.

Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы базалық нормативтік құқықтық құжаттар ретінде алынған.

1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясында неке, отбасы, ана, әке және бала мемлекеттің қорғауында болады деп бекітілген. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың етене құқығы әрі міндеті.

2011 жылғы 26 желтоқсандағы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде отбасы құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін неке-отбасы қатынастарын реттеудің құқықтық негіздері көрсетілген, оның дамуы Қазақстан Республикасының мемлекеттік әлеуметтік саясатының басым бағыты ретінде айқындалады.

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңында балаларды қоғамдағы толымды өмірге дайындау, олардың қоғамдық мәні бар және шығармашылық белсенділігін дамыту, әлемдік өркениеттің жалпы адамзатқа тән құндылықтары негізінде оларды жоғары имандылық қасиеттерге, елжандылық пен азаматтыққа тәрбиелеу, олардың бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастыру принциптерінің басымдығына сүйеніп, баланың негізгі құқықтары реттелген.

Соңғы бес жылдағы балалардың құқықтарын қорғау саласындағы заңнаманы талдау.

2016 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі «Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы» Конвенцияны, «Балаларға алименттерді және отбасын күтіп-бағудың басқа да нысандарын өндіріп алудың халықаралық тәртібі туралы конвенцияны және Алименттік міндеттемелерге қолданылатын құқық туралы хаттаманы ратификациялады.

2016 жылғы 9 сәуірде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

Заң шеңберінде жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың және балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдардың республикалық деректер банкінде жетім балаларды есепке алу автоматтандырылды. Балаларды орналастырудың бала қонақтайтын және баланы қабылдайтын отбасы деген жаңа нысандары, отандық және халықаралық бала асырап алу мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізілді,

оның ішінде бала асырап алу жөніндегі аккредиттелген агенттіктерге қойылатын талаптар өзгерді.

Кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстар үшін жауапкершілікті қатаңдату, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстар жасаған адамдарға химиялық кастрация түрінде мәжбүрлеп емдеуді тағайындауды көздейтін нормалар қабылданды. Бала құқықтары жөніндегі Уәкіл институты енгізілді.

2018 жылғы 2 шілдеде «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Заң балалардың психикалық-физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, әртүрлі жас топтарына арналған ақпараттық өнімдердің мазмұнына белгіленген өлшемшарттарды бекітуді қарастырады. Бұдан басқа, Қылмыстық кодекске өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу, кәмелетке толмағандарды қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға тарту бойынша саралау белгілерін нақтылау туралы түзетулер енгізілді (ҚР ҚК-нің 105-бабы «Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу», ҚР ҚК-нің 134-бабы «Кәмелетке толмаған адамды жезөкшелікпен айналысуға тарту»).

2019 жылғы 1 сәуірде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметімен байланысты мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Өмірлік қиын жағдайда жүрген, балалары бар отбасыларға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін дамытуға, олардың мониторингіне және нәтижелерін бағалауға, балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау саласындағы латенттілікті төмендетуге, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шаралардың тиімділігін арттыруға бағытталған 12 кодекс пен заңға түзетулер енгізілді, оның ішінде:

- балалардың құқықтарын қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын әзірлеу және бекіту бөлігінде білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыретін кеңейту;

- Өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталықтарын құру және олардың жұмыс істеуі жөніндегі нормаларды заңнамалық бекіту;

- әлеуметтік сала (білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау) қызметкерлерінің кәмелетке толмағандардың қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттерді (әрекетсіздікті) жасауы немесе оларға қатысты жасалу фактілері туралы құқық қорғау органдарына дереу хабарлау міндетін енгізу;

- кәмелетке толмағандарды зорлық-зомбылықтан және қатыгездікпен қараудан қорғауға бағытталған бағдарламалар мен әдістемелерді әзірлеу бөлігінде кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия қызметінің мәселелерін реттеу;

- жергілікті атқарушы органдардың балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының жеке профилактикасының жаңа нысаны ретінде, сондай-ақ балаға әлеуметтік арнайы қызметтер көрсету үшін негіз ретінде кәмелетке толмағандарды медициналық-әлеуметтік есепке алуды жүргізуі;

- өгей әке мен өгей шешені кәмелетке толмағанның жыныстық тиіспеушілігіне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін қылмыстың субъектісі ретінде қосу;

- функцияларына баланы қадағалауды жүзеге асыру міндеті кіретін ата-ананың, заңды өкілдің, педагогтің кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу

жөніндегі міндеттерін дәлелді себептерсіз орындамағаны үшін қылмыстық жауаптылықты алып тастау;

- кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыс жасаған кезде шараларды қатаңдату: белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, он екі жылдан он жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы;

- кәмелетке толмағандарды ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымына орналастыру түрінде тәрбиелік ықпал етудің мәжбүрлеу шарасынан мерзімінен бұрын босату шарттары;

- ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдарға баруы.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті әлеуметтік сақтандыру, әлеуметтік қамсыздандыру және денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік-жекешелік әріптестік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңында мыналар көзделген:

- бұрын қолданыста болған АӘК көрсету механизміне қайтару және АӘК-ті аз қамтылған отбасылардың балалары үшін кепілдендірілген әлеуметтік пакетпен толықтыру арқылы қолданыстағы АӘК беру жүйесін өзгерту;

- АЕК-ке еселік мөлшерде 42,5 мың теңгеден 74 мың теңгеге дейін, отбасындағы балалардың санына байланысты сараланған көп балалы отбасыларға берілетін жаңа мемлекеттік жәрдемақы.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы шеңберінде «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, атап айтқанда:

- жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыруға жәрдем көрсету жөніндегі ұйымдардың қызметі, сондай-ақ оларды аккредиттеуге қойылатын талаптар;

- әлеуетті асырап алушы ата-аналарды міндетті даярлау регламенттелді.

Бұл шараларды енгізу балалар үйлерінде тәрбиеленетін балалар санын қысқартуға, сондай-ақ қайталама жетімдік деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне педагог мәртебесі, оқушы мен мұғалімге жүктемені төмендету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңымен ҚР Үкіметінің кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның қызметі туралы ережені бекіту құзыреті заңнамамен бекітілді.

2020 жылдың мамыр айында Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ана мен баланы қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды.

Осы Заңмен білім беру саласындағы уәкілетті органның террористік әрекеттен зардап шеккен балаларды әлеуметтік оңалту мәселелері бойынша салааралық үйлестіруді жүзеге асыру құзыретін бекітуді көздейтін нормалар

енгізілді, сондай-ақ террористік әрекеттен зардап шеккен балаларды әлеуметтік оңалтуға бағытталған әлеуметтік қызметтер тізбесі айқындалды.

Бұдан басқа, көп балалы отбасыларға көмек көрсету үшін 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 8 және одан да көп баласы бар отбасыларға әр балаға 4 АЕК-тен жәрдемақы белгіленген.

### 1.1-кесте. Баланың құқықтарын қорғау саласындағы негізгі нормативтік құқықтық актілердің тізбесі:

№	Қазақстан Республикасының Кодекстері
1	Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі
2	«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексі
3	Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі
4	Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі
5	Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі
6	Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі
7	Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі
8	«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі
<b>Қазақстан Республикасының Заңдары</b>	
1	Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы
2	Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы
3	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы және балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы
4	Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы
5	Білім туралы
6	Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы
7	Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы
8	Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы
<b>Халықаралық құжаттар</b>	
1	БҰҰ Бала құқықтары туралы Конвенциясы
2	ХЕҰ-ның балалар еңбегінің ең жаман түрлеріне тыйым салу және жою жөніндегі шұғыл шаралар туралы конвенциясы
3	Нәсілдік кемсітушіліктің барлық түрін жою туралы конвенция
4	ХЕҰ-ның ананы қорғау туралы конвенциясы
5	Адамдарды сатуға және үшінші тұлғалардың жезөкшелікті пайдалануына қарсы күрес туралы конвенция
6	Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция
7	Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы конвенция



## 2-ТАРАУ. ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ

Демографиялық мәселе және орнықты демографиялық процестер Қазақстанның маңызды басымдықтары болып табылады.

Тәуелсіздік алған кезде Қазақстан Республикасы халқының саны 16,4 млн адамды құрады. Елдің тәуелсіздік жылдарында халықтың ең аз саны 2001 жылы болды – 14,8 млн азамат. Төмендеудің негізгі факторы азаматтардың бір бөлігінің тарихи отанына кетуіне байланысты халықтың сыртқы көші-қоны болды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қабылданған демографиялық саясаттың арқасында ел демографиялық дағдарысты болдырмады – 2003 жылдан бастап туу мен халықтың табиғи өсімінің тұрақты өсуі байқалды.

Қазақстан аумағы бойынша әлемде 9-орынды, халық саны бойынша әлемдік рейтингте 62-орынды, халық тығыздығы бойынша 184-орынды алады: 1 шаршы м-ге 6,7 адам (2018).

БҰҰ Экономикалық және әлеуметтік мәселелер жөніндегі департаментінің болжамдары бойынша Қазақстандағы халық саны 2030 жылы шамамен 20,3 млн адамды, 2050 жылға қарай шамамен 23 млн адамды және 2100 жылға қарай шамамен 25,7 млн адамды құрайды<sup>1</sup>.

2020 жылы халық саны 18 879,5 мың адамды құрады, оның ішінде қалалық – 11 151,3 (59%) мың адам, ауылдық – 7 728,1 (41%) мың адам.

Туғаннан 17 жасқа дейінгі балалар саны 6 295 590 адамды құрады, оның ішінде қалалық жерлерде – 3 544 735 (56,3%), ауылдық жерлерде – 2 750 855 (43,7%).

2.1-кесте. 2020 жылы жасы бойынша балалар саны, адам


Жасы	туғаннан 17 жасқа дейін барлығы	ұлдар	қыздар
Барлығы, оның ішінде	6295590	3240507	3055083
0	423528	218902	204626
1	398191	205695	192496
2	393346	202681	190665
3	385420	199029	186391
4	394875	204011	190864
5	391311	201349	189962
6	391509	201510	189999
7	378337	194972	183365
8	371182	190094	181088
9	362542	186400	176142

<sup>1</sup> <https://strategy2050.kz/ru/news/demografiya-i-migratsiya-kazakhstan-vyzov-i-vozmozhnosti-dlya-strany/>

10	357205	183305	173900
11	345553	178053	167500
12	342211	175275	166936
13	302082	155230	146852
14	285569	146924	138645
15	266672	136867	129805
16	263673	136055	127618
17	242384	124155	118229
Қала халқы	3544735	1826778	1717957
Ауыл халқы	2750855	1413729	1337126

ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша


2.1-диаграмма. Бала санының үлесі, 2020 жыл, %



Балалардың жалпы санынан – 3 240 507 (51,5%) ұл, 3 055 083 (48,5%) қыз бала (2,1-кесте).



### 2.1-график. 2016 жылдан бастап 2020 жылға дейін халықтың жалпы санындағы балалардың өсу қарқыны және үлес салмағы, %



◆ 0-17 жастағы балалар санының өсу қарқыны, %

■ Халықтың жалпы санындағы 0-17 жастағы балалардың үлес салмағы, %

2020 жылдың басында халықтың жалпы санынан балалардың үлес салмағы 32,8%-ды құрады. 2016-2019 жылдар кезеңінде балалардың үлес салмағының ұлғаюымен қатар балалар санының өсу қарқынының төмендеуі байқалады (№2.1 диаграмма).


ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша 2020 жылы 426 824 туылған бала тіркелген, бұл 2019 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 6%-ға артық. Қалалық жерлерде туылғандар саны 249 627 адамды (58,4%), ауылдық жерлерде 177 197 адамды (41,6%) құрады.

Туылғандардың жалпы санынан – 220 778 ұл (51,7%), 206 046 қыз (48,3%). Туудың жалпы коэффициенті 1000 адамға шаққанда 22,76 адамды құрады (2019 ж. – 21,73): қалалық жерлерде – 22,60 (2019 ж. – 22,09), ауылдық жерлерде – 22,98 (2019 ж. – 21,22).

Өңірлер арасында бала туудың ең жоғары деңгейі Маңғыстау облысында (1000 адамға шаққанда 30,65 адам), Түркістан облысында (30,17) және Шымкент қаласында (30,02) байқалады. Бала туудың ең төмен көрсеткіштері СҚО (12,59), Қостанай (13,47) және Павлодар (15,66) облыстарында байқалады.



### 2.2-диаграмма. Туу коэффициенті (2019-2020 жж), %



ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша

Бала туу деңгейінің маңызды көрсеткіштерінің бірі бала туудың жиынтық коэффициенті (ТЖК) – бүкіл репродуктивті кезеңде (15-49 жас) орта есеппен бір әйелден туған балалар саны болып табылады. Соңғы 10 жылда (2009-2019 жж.) бұл көрсеткіш 9,4%-ға ұлғайды, 2020 жылы бір әйелге 3,13 баланы құрады.

Ел өңірлерінің арасында ТЖК ең жоғары деңгейі Түркістан (4,75), Маңғыстау (4,26) облыстарында, ең төмен деңгейі Алматы қаласында (1,86) және Қостанай облысында (1,89) тіркелген. 2020 жылы елдегі табиғи өсімнің шамасы 14,16 халықты құрады (2019 жылы – 14,54).

Солтүстік өңірлер табиғи өсімнің ең төменгі мәндерімен ерекшеленеді, ал оның ең жоғары мәндері оңтүстік және батыс өңірлерде, сондай-ақ табиғи өсімнің шамасы орташа республикалық мәннен едәуір асатын Нұр-Сұлтан және Шымкент қалаларында байқалады.

Демографиялық процестерге ана мен бала өлімінің көрсеткіштері тікелей әсер етеді, олардың деңгейі бір жағынан денсаулық сақтау жүйесі жұмысы сапасының тікелей көрсеткіші болып табылады, екінші жағынан, елдің немесе өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын бағалауға мүмкіндік береді. Бұл көрсеткіштер елде тұрақты төмендеу үрдісіне ие, алайда ЭЫДҰ елдерінің деңгейімен салыстырғанда әлі де төмен болып отыр<sup>2</sup>.

Халықтың көші-қон ағыны Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын балалар санына да әсер етеді. 2020 жылы республикадан тыс жерлерге туғаннан 17 жасқа дейінгі 8 095 бала кетті, 2214 бала келді, көші-қон сальдосы 5 881 баланы құрады.

2 Аталған көрсеткіштерге талдау «Денсаулық сақтау» бөлімінде көрсетілген

Қазіргі әлемде көші-қон табиғи процесс болып табылады, бірақ этникалық көші-қон мен еңбек көші-қоны деп бөліп қарау қажет.

Соңғы бес жылда көшіп кетушілер саны жыл сайын артып келеді, ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша 2015 – 2019 жылдары елден 189 мыңнан астам адам кетсе, осы кезеңде 70 мыңға жуық адам келген. Көші-қонның негізгі себептері ел ішіндегі қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайға, жаһандануға, басқа елдердің жоғары білікті кадрларға деген қажеттілігіне байланысты.

Негізінен Қазақстаннан Ресей Федерациясының, Германияның, АҚШ-тың ірі қалаларына көшіп кетеді. Көбінесе білімді, тәжірибелі кадрлар көшеді. Батыс елдерінде өзін-өзі дамыту және өзіне, өз идеялары мен жобаларына инвестициялау тренді белсенді таралуда. Көптеген адамдар жақсы жұмыс, жоғары өмір сүру деңгейі және өзін-өзі тану үшін басқа елдерге көшеді. Дегенмен, үміттері ақталмай, жоспарлары іске аспай қайтып келген азаматтар бар. Сондай-ақ, кейбір елдерде кадрлардың ішкі тапшылығын жабу мақсатында тәжірибелі, жоғары білікті мамандарды тарту бағдарламалары іске асырылуда. Мұндай бағдарламалар Ресей Федерациясында, Канадада және бірқатар басқа елдерде жүзеге асырылады. Бұл эмигранттарды азайту және мигранттарды ұлғайту мақсатында ерекше назар мен жүйелі тәсілді талап ететін бағыттар.

Урбандалудың әлемдік үрдісі Қазақстанда да орын алуда.

Халық санының серпіні Қазақстан өңірлерінде айтарлықтай ерекшеленеді, бұл халықты аумақтық бөлу теңгерімсіздіктерінің күшеюіне алып келеді. Қала халқының үлесі миллионер үш қаланың – елдің экономикалық орталықтары Нұр-Сұлтан, Шымкент және Алматы қалаларының есебінен тұрақты ұлғаюда. Бұл ретте, егер қала халқы табиғи және көші-қонның өсуіне байланысты өссе, онда ауыл туылғандар санының өлгендер санынан асып кетуі есебінен ғана өседі.

Мысалы, 2010 жылы қала халқы ел тұрғындарының жалпы санынан 54,39%-ды, ауыл халқы 45,61%-ды, 2015 жылы тиісінше 56,65%-ды және 43,5%-ды, 2020 жылы 58,7%-ды және 41,3%-ды құрады. Осылайша, әр бес жыл сайын қала тұрғындарының саны 2%-ға артады. Қала халқының негізінен орналасу көрсеткіші Қарағанды облысында – 79,7%, Ақтөбе облысында – 71,2%, Павлодар облысында – 70,5% және ШҚО – 62%.

Урбандалу адами әлеуетті дамытуға мүмкіндік береді, ауылдық жерлердің тұрғындары жоғары ақы төленетін жұмыс үшін, денсаулық сақтау мен білім берудің сапалы қызметтерін алу үшін қалаларға көшеді. Мұндай ауқымды қоныс аудару қалалардың инфрақұрылымына жүктеме түсіреді. Осыған байланысты қалалар инфрақұрылымды үнемі кеңейтіп, жоғары білікті кадрлардың көп санын дайындауы қажет.

«Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес демографиялық ахуалдың және халық денсаулығының нашарлауы, оның ішінде бала туудың күрт төмендеуі, өлім-жітімнің артуы, сондай-ақ бақыланбайтын көші-қон процестері ұлттық қауіпсіздіктің негізгі қатерлеріне жатады.

Қазақстанның демографиялық саясаты туу мен өлім-жітім процестерінің оңтайлы қарқындылығын, сондай-ақ демографиялық құрылымдардың өсімін молайтуды және халықтың көші-қонын қамтитын демографиялық оптимумға қол жеткізуге бағытталуы тиіс.

Сарапшылардың пікірінше, демографиялық және көші-қон процестерін тиімді басқару үшін мемлекеттік институттар елдегі әлеуметтік-экономикалық ахуалды жақсартуға, адам капиталына инвестиция салуға ерекше назар аударуы,

қалалар мен ауылдарда қазіргі заманғы талаптарға сәйкес келетін инфрақұрылым құруы, азаматтардың барлық санаттары үшін әлеуметтік лифтінің ашық тетігін қамтамасыз етуі қажет<sup>3</sup>.

3 <https://strategy2050.kz/ru/news/demografiya-i-migratsiya-kazakhstan-vyzov-i-vozmozhnosti-dlya-strany/>



## 3-ТАРАУ. ОТБАСЫЛЫҚ САЯСАТ

### 3-ТАРАУ. ОТБАСЫЛЫҚ САЯСАТ

Мемлекеттік отбасылық саясат Қазақстанның әлеуметтік саясатының құрамдас бөлігі болып табылады және отбасының өмір сүру жағдайын жақсартуға және сапасын арттыруға бағытталған ұйымдастырушылық, экономикалық, құқықтық, ғылыми, ақпараттық және кадрлық қамтамасыз ету қағидаттарының, бағалауларының және шараларының жүйесін білдіреді.

Отбасылық саясатты қалыптастырудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 384 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасында көрсетілген.

Көрсетілген шараларды іске асыру жөніндегі үйлестіруді Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Жастар және отбасы істері комитеті жүзеге асырады.

2020 жылдан бастап отбасы институтын нығайтуға және қолдауға, оның ішінде репродуктивті денсаулықты қорғауға, отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алуға, жұмыспен қамтуға, гендерлік ағартуды ілгерілетуге бағытталған Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 21 мамырдағы қаулысымен бекітілген Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының екінші кезеңін (2020-2022 жж.) іске асыру басталды.

Отбасылық құндылықтарды дәріптеу мақсатында 2013 жылдан бастап Отбасы күні енгізілді (қыркүйектің екінші жексенбісі), жыл сайын «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы өткізіледі. ҮЕҰ гранттық қаржыландыру аясында отбасы мен отбасы құндылықтарын нығайту бойынша түрлі жобалар іске асыруда (бейнероликтер, конкурстар, флешмобтар, акциялар, семинар-тренингтер, мастер-кластар, жас отбасылардың фестивальдері және т.б.). Құқықтық және әлеуметтік мәселелер бойынша кеңес беру, «Балалар мен жастарға арналған ұлттық сенім телефоны желісі» сенім телефоны (150) бойынша психологиялық көмек көрсету ұйымдастырылды.

Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде «Рухани Жаңғыру» ҚҚДИ отбасы институтын зерделеу жөніндегі орталық 2020 жылы қазақстандық көп балалы отбасылардың жай-күйі мен дамуы, отбасылық-демографиялық саясат туралы талдамалық есептер дайындады, ерте неке проблематикасы, мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігі, Қазақстандағы отбасының әл-ауқат индексін есептеу әдістемесі бойынша зерттеулер жүргізді.

Тарихи тұрғыдан алғанда, отбасы институты мемлекет тұрақтылығының факторы болды. Мемлекеттің отбасыға деген қарым-қатынасынан оның дамуына баға беруге болады.

Осыған байланысты отбасының құрылуына, қызметіне және ыдырауына қатысты барлық проблемалар әрқашан өзекті болып қала береді.

2007 жылдан бастап елімізде алғашқы эксперименттік ювеналдық соттар енгізілді. Бүгінде әрбір өңірде ювеналдық соттар құрылған. Осы шаралардың қабылдануы кәмілетке толмағандарға қатысты қазақстандық сот төрелігінің негізін қалаушы халықаралық стандарттарға сәйкес келетін сапалы жаңа деңгейге өтуіне мүмкіндік берді.


Кәмілетке толмағандар жасаған қылмыстар бойынша қылмыстық істер және кәмілетке толмағандардың құқықтарын бұзатын қылмыстар бойынша қылмыстық істер ювеналдық соттарда қаралуға жатқызылған. Зандардың

түбегейлі жаңаруымен ювеналдық соттардағы азаматтық және қылмыстық істер саны едәуір өсті.

ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша 2020 жылы неке саны 128,8 мың некені құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 7,6%-ға аз.

Республика бойынша некелесудің жалпы коэффициенті 1000 адамға шаққанда 6,87%-ды құрады. Некенің ең жоғары деңгейі Нұр-Сұлтан қаласында (9,3%), ең төмен деңгейі СҚО-да (5,37) тіркелді.

3.1-диаграмма. Неке коэффициенті (2019-2020 жж), %




ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша

2019 жылмен салыстырғанда тіркелген ажырасулар саны 19,7%-ға азайып, 48,0 мың ажырасуды құрады. 1000 некеге 373 ажырасу келеді. Ажырасудың жоғары деңгейі Нұр-Сұлтан қаласында және Павлодар облысында байқалды, онда ажырасудың жалпы коэффициенті 1000 тұрғынға 3,61 жағдайды, Түркістан облысында ең төмен – 1000 тұрғынға 1,31 жағдайды құрады.

Ажырасулардың ең көп саны ортақ балалары жоқ ерлі-зайыптыларға тән, олардың үлесі 34,9%-ды, 2 және одан көп ортақ балалары бар ерлі-зайыптылар арасындағы ажырасулардың үлесі 33,3%-ды, бір ортақ баласы бар ерлі-зайыптылар арасында 31,8%-ды құрады.

Ажырасудың негізгі үлесі, олардың жалпы санының 28,1%-ы неке ұзақтығы 5-9 жылды құраған адамдар тобына тиесілі. Неке ұзақтығы 2-4 жыл болған адамдар арасындағы ажырасулар үлесі 22,5%-ды, бірге өмір сүрген жылдан кейін 8,2%-ды, неке қиылған сәттен бастап бір жыл ішінде 4,8%-ды құрады. 10 жылдан астам уақыт бірге өмір сүрген адамдар арасындағы ажырасудың жалпы үлесі 36,4%-ды құрады.

### 3.2-диаграмма. Ажырасу коэффициенті, 2019-2020 жылдар, %



ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша

Небәрі 5 жыл ішінде Қазақстанда 733 606 неке және 268 504 ажырасу тіркелген. БҰҰ-ның «Демографиялық есеп – 2017» статистикасы бойынша Қазақстан ажырасу саны бойынша әлемнің топ-10 елінің қатарына енді<sup>4</sup>.

«Қазақстанның тең құқықтары мен тең мүмкіндіктері институты» ҚҚ мен «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КеАҚ «Қазақстандық отбасылар – 2019» баяндамасын дайындау шеңберінде жүргізген әлеуметтік сауалнамаға сәйкес 3 мың респонденттен Ажырасудың себебі не? деп сұралды. Жауаптар келесідей болды: бірінші орында (61%) – «туыстарының араласуы», екінші орында (41%) – «жүгенсіздік», үшінші орында (36%) – «отбасылық құндылықтар дағдарысы». Бұдан кейін «эгоизм» (28%), «әлеуметтік желілердің әсері» (28%), «ажырасу рәсімінің жеңілдігі» (25%) атап өтілді. Материалдық себептерді респонденттердің 1%-ы ғана атады. Бұл ретте сауалнамаға қатысқан 3 мың қазақстандықтың материалдық жағдайын мықты деп айтуға болмайды. 66%-ында жиынтық табыс айына 170 мың теңгеден аспайды, 25,5%-ы 42,5-тен 85 мың

4 [https://strategy2050.kz/ru/news/razvody-v-kazakhstane-prichiny-tendentsii-i-vyplata-alimentov/](https://strategy2050.kz/ru/news/razvody-v-kazakhstane-prichiny-tendentsii-vyplata-alimentov/)

теңгеге дейінгі диапазонды атап өтті. Әрбір төртінші қазақстандық отбасында күтімді қажет ететін қарт адам тұрады.

Респонденттердің жартысына жуығы өзара түсініспеушілікті, опасыздықты, маскүнемдікті; 20%-ы балалардың болмауын, 3%-ы ұлттың әртүрлі болуын ажырасуға жеткілікті негіз ретінде санайды. Респонденттердің 4%-ы үшін ажырасу қандай жағдайда да қолайсыз.

ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша көбінесе ажырасуға 30-34 жас аралығындағы, 5 жылдан астам некеде тұрған адамдар өтініш береді. Сонымен қатар, ажырасуға көбінесе әйелдер өтініш береді.

Зерттеу нәтижелерін талдай отырып, авторлар: «Қазіргі уақытта Қазақстанда отбасының құрылымы мен функцияларының өзгеруіне байланысты екінші демографиялық көшу кезеңінің басталуын диагностикалауға болады», бұл ажырасудың жоғары деңгейі мен бірге өмір сүрудің өсуіне байланысты отбасы құрылымының жалғыз түрі ретінде некенің әлсіреуін; отбасылардың әртүрлі нысандарының пайда болуын және «дәстүрлі отбасы» ұғымынан кетуді білдіреді» деген пікір айтады.

Отбасы институтын нығайту – бұл сондай-ақ кәмелетке толмаған баланың құқықтарын қорғау. Отбасын сақтауға бағытталған жаңа тетік «Отбасылық сот» пилоттық жобасын іске асыру болды. Жобаға 89 аудандық сот, мемлекеттік органдар, әкімдіктер мен қоғамдық институттар жұмылдырылды.

Соттардың деректер базасында жеке кабинеттер ашылды, келіссөздер жүргізу және балалардың болу ыңғайлылығы үшін арнайы жағдайлар жасалды. Жергілікті жерлерде жұмыс тәртібімен және тұрақты деңгейде ұйымдастырушылық сипаттағы жалпы мәселелерді шешуге құзыретті үкіметтік емес ұйымдар мен мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен «дөңгелек үстелдер» мен семинарлар өткізіледі.

Жоба аясында 42 мың істің 9,4 мыңы татуласумен тоқтатылды. Осылайша, судьялардың, психологтардың, медиаторлардың және т.б. бірлескен жұмысының арқасында отбасылардың 22%-ы соттасудан бас тартты. Әкімдіктермен бірлесіп 47-ден астам орталық, 58 отбасылық кеңес, 53 комиссия (Скандинавия елдерінің тәжірибесі бойынша), жанжал ортасында қалған азаматтарға көмек көрсету бойынша 1000-нан астам татуласу кабинеті құрылды.

Қазіргі уақытта ҚР Жоғарғы Соты бірден 3 бағытты біріктіретін бірыңғай сот құру мәселесін қарастыруда: кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сот, азаматтық сот және мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сот. Мұндай сот некені бұзу туралы істерді ғана емес, сонымен бірге отбасыларға дағдарысты жеңуге, отбасылық агрессорды жауапкершілікке тартуға және тәуелділіктен зардап шеккен адамдарды емделуге сендіруге көмектеседі. Ажырасу сөзсіз болған жағдайда, бірыңғай сот қалыпты қарым-қатынасты қалыптастыруға және балаға қатысты ата-ана міндеттерін орындауға ықпал етеді.

ҚР Жоғарғы Сотының деректері бойынша соңғы бес жылда кәмелетке толмағандардың мүдделеріне қатысты 300 мыңнан астам іс қаралған (2020 ж. – 55 383, 2019 ж. – 73 436, 2018 ж. – 59 034, 2017 ж. – 60 507, 2016 ж. – 57 964).

**3.1-кесте. Кәмелетке толмағандардың мүдделеріне қатысты азаматтық істердің саны бойынша іріктемелі статистика, 2016-2020 жылдар**


Атауы	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
балалар жәрдемақыларын өндіріп алу туралы	46	35	46	112	147
бала асырап алу туралы	2916	2696	2743	2861	2234
бала асырап алудың күшін жою туралы	120	159	134	222	181
кәмелетке толмағандарды арнаулы білім беру ұйымдарына жіберу туралы (девиантты мінез-құлықты балалар үшін)	351	344	322	331	197
балалардың тұрғылықты жерін анықтау туралы	1404	1645	1777	2213	2017
балалармен қарым-қатынас тәртібін анықтау туралы	1118	1334	1381	1377	1352
талап арыздар бойынша кәмелетке толмаған балаларды күтіп-бағуға алименттерді өндіріп алу туралы	7117	7256	6330	6917	6228
бұйрық өндірісі істері бойынша кәмелетке толмаған балаларды күтіп-бағуға алименттерді өндіріп алу туралы	40192	42080	41516	54112	36653

ҚР ЖС деректері бойынша

2020 жылы соттар ата-ана құқықтарынан айыру туралы 1240 өтінішті қанағаттандырды. Ата-ана құқығынан айырудың ең жоғары көрсеткіштері Павлодар (185), Қостанай (171), ШҚО (166), Қарағанды (145), Алматы облыстарында (130) байқалады.

Жалпы, соңғы бес жылда ата-ана құқықтарынан айыру туралы қанағаттандырылған талаптар санының 2016 жылғы 2093-тен 2020 жылы 1240-қа дейін төмендегені байқалады, бұл 115-тен 171-ге дейін өскен Қостанай облысын қоспағандағы көрсеткіш.

**3.3-диаграмма. Ата-ана құқықтарынан айыру туралы істердің саны туралы мәліметтер, 2016 және 2020 жылдар**



ҚР БП ҚСЖАЕК деректері бойынша

Ата-ана құқықтарынан айыру жөніндегі істер санының азаюымен қатар, соңғы үш жылда ата-аналардың кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеу және (немесе) оларға білім беру, олардың құқықтарын және (немесе) мүдделерін қорғау жөніндегі міндеттерді орындамағаны үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылған ата-аналар немесе басқа да заңды өкілдер санының өсуі байқалады (3.2-кесте).

**3.2-кесте. ӘҚБТК-нің 127-бабы бойынша әкімшілік жазалардың саны. Ата-ананың немесе басқа да заңды өкілдердің кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеу және (немесе) оларға білім беру, олардың құқықтарын және (немесе) мүдделерін қорғау жөніндегі міндеттерді орындамауы.**

Өңірлер	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
ҚР бойынша	4 065	5 634	5702
Нұр-Сұлтан қ.	290	285	322
Ақмола	166	410	410
Ақтөбе	125	163	191
Алматы қ.	132	194	198
Алматы	366	490	516

Атырау	103	257	178
ШҚО	371	545	590
Жамбыл	31	111	103
БҚО	212	252	240
Қарағанды	894	1 000	863
Қызылорда	21	71	91
Қостанай	261	314	348
Маңғыстау	99	86	148
Павлодар	568	549	610
СҚО	300	681	724
Түркістан	117	221	132
Шымкент қ.	9	3	38
Әскери қызметшілер жасаған	0	0	0
Көліктік аумақ	0	2	0

ҚР БП ҚСЖАЕК деректері бойынша

2019 жылдан бастап ӘҚБТК-де білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау ұйымдары қызметкерлерінің кәметке толмағандар жасаған немесе кәметке толмағандарға қатысты құқыққа қарсы іс-әрекеттер туралы хабарламағаны үшін әкімшілік жазаны көздейтін норма (127-1-бап) енгізілді. Осы бап бойынша 2020 жылы 38 қызметкер тартылды (2019 ж. - 35).

**3.3-кесте. ӘҚБТК-нің 127-1-бабы бойынша әкімшілік жазалар саны. Кәметке толмағандар жасаған немесе кәметке толмаған балаларға қатысты құқыққа қарсы әрекеттер туралы хабарламау, 2019-2020 жылдар**

	2019 ж.	2020 ж.
ҚР бойынша	35	38
Нұр-Сұлтан қ.	0	3
Ақмола	7	10
Ақтөбе	1	0
Алматы қ.	0	2
Алматы	3	1
Атырау	12	2
ШҚО	0	6
Жамбыл	0	0
БҚО	0	0
Қарағанды	0	0
Қызылорда	5	1


Қостанай	0	0
Маңғыстау	7	6
Павлодар	0	2
СҚО	0	2
Түркістан	0	3
Шымкент қ.	0	0
Әскери қызметшілер жасаған	0	0
Көліктік аумақ	0	0

ҚР БП ҚСЖАЕК деректері бойынша

### 3.1. Балалы отбасылардың өмір сүру деңгейі

2020 жылдың қорытындысы бойынша табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен ел халқының үлесі 5,3%-ға дейін ұлғайды (2019 ж. – 4,3%) (3.1-диаграмма).

**3.4-диаграмма. 2020 жылы өңірлер бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен табысы бар халықтың үлесі**



Бұл елдегі экономикалық белсенділіктің төмендеуі, сондай-ақ жаңа коронавирустық инфекция пандемиясының жалпы теріс салдары аясында орын алды. Қазақстан Республикасы бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы орта есеппен жан басына шаққанда 32,6 мың теңгені құрады.

Жалпы алғанда табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халық саны 1 млн адамнан асты. Қалалық және ауылдық жерлердегі көрсеткіштердің айтарлықтай айырмашылығы бұрынғысынша сақталып отыр. Мәселен, есепті кезеңде ауылдық жерлерде табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен

қазақстандықтар 7,6%, қалалық жерлерде 3,7% ғана (ауылдық жерлерге қарағанда 3,9%-ға аз) болды.


Табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халық үлесінің өсуі елдің барлық дерлік өңірлерінде байқалады. Кедейлік деңгейінің ең жоғары мәні Түркістан (12,2 %), СҚО (6,7%), ШҚО (6,5%), Ақмола (5,9%), Жамбыл (5,8%), Қызылорда (5,8%) облыстарында тіркелген.

Кедейліктің ең төменгі деңгейі астанада (1,5%), сондай-ақ Қарағанды (3%) және Атырау облыстарында (3%) тіркелген.

Республикалық маңызы бар басқа екі қалада табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі өткен жылмен салыстырғанда екі есеге жуық өсті: Алматыда – 4,9% (2019 жылы – 2,8%), Шымкентте – 5,0 % (2019 жылы – 2,8%).

Ресми деректер бойынша үй шаруашылықтарының жалпы санынан (2 321 978) 53,4 %-ы балалары бар үй шаруашылықтары, оның ішінде 39,5%-ы бір баласы бар, 32,3%-ы екі баласы бар, 17,9%-ы үш баласы бар, 10,3%-ы төрттен астам баласы бар (№3.3 диаграмма).

### 3.5-диаграмма. Үй шаруашылықтарын балаларының болуы бойынша бөлу, 2018-2020 жылдар



Қазақстандағы отбасы мен баланы әлеуметтік қорғаудың қазіргі жағдайы мен дамуын бағалауға сәйкес көптеген қазақстандық балалы отбасылардың жағдайын қазіргі уақытта дағдарыс деп сипаттауға болады. Көп балалы отбасылар, жалғыз басты аналар, мүгедектігі бар балалары бар отбасылар, студент отбасылар дәстүрлі түрде халықтың ең аз қамтамасыз етілген санатына жатады. Балалы отбасылардың басым көпшілігі үшін негізгі табыс көзі жалақы болып қала береді.

Балалардың кедейлік проблемасын шешу үшін кешенді шаралар қабылдау қажет. Ең алдымен, бұл – отбасыларды қолдау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, бала тууды ынталандыру жүйесін реформалау және жеңілдікті салық салу, медициналық және әлеуметтік қызмет көрсету, еңбек нарығында жаңа мүмкіндіктер беру сияқты материалдық және материалдық емес ынталандыруларды қамтитын көп балалы отбасыларды қолдау жөніндегі ұлттық тетіктерді қалыптастыру.





**4-ТАРАУ.  
ӘЛЕУМЕТТІК САЛАҒА  
ЖҰМСАЛАТЫН  
МЕМЛЕКЕТТІК ШЫҒЫСТАРҒА  
БЮДЖЕТТІК ШОЛУ**

#### 4-ТАРАУ. ӘЛЕУМЕТТІК САЛАҒА ЖҮМСАЛАТЫН МЕМЛЕКЕТТІК ШЫҒЫСТАРҒА БЮДЖЕТТІК ШОЛУ


2020 жылы БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) тапсырысы бойынша Қазақстан Республикасында тиімділігіне, барабарлығына және әділдігіне назар аударып, балаларды әлеуметтік қорғауға арналған шығыстарға бюджеттік шолу жүргізілді.

2017-2019 жылдардағы бюджеттік шолуды талдау мемлекеттік саясаттағы әлеуметтік шығыстардың басымдығын көрсетті.

Мәселен, әлеуметтік салаға (білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру) мемлекеттік бюджеттен 2017 жылы – 5,3 трлн теңге немесе ЖІӨ-нің 9,7%-ы, 2018 жылы - 5,9 трлн теңге немесе ЖІӨ-нің 9,5%-ы, 2019 жылы – 7,1 трлн теңге немесе ЖІӨ-нің 10,5%-ы бөлінген.

Әлеуметтік салаға арналған шығыстар 2017 жылы 40,2%-ды, ал 2018-2019 жылдары бюджеттің шығыс бөлігінің жартысын (50%) құрады. Әлеуметтік көмек пен әлеуметтік қамсыздандыруға арналған мемлекеттік шығыстар 2017 жылғы ЖІӨ-нің 4,2%-ынан 2019 жылы ЖІӨ-нің 5,1%-ына дейін ұлғайды.

#### 4.1-диаграмма. 2017-2019 жылдардағы мемлекеттік бюджеттің әлеуметтік салаға арналған шығыстары, ЖІӨ %



2017-2019 жылдары балалар мен отбасыларды әлеуметтік қорғауға арналған бюджет шығыстарының жиынтығы үнемі ұлғайып отырды. 2017 жылы бюджет шығыстарының көлемі 311,5 млрд теңгені, 2018 жылы – 344,9 млрд теңгені (өсу қарқыны 10,7%), 2019 жылы – 587,2 млрд теңгені құрады, осылайша өсім 70,2%-ды құрады (4.1-кесте).

#### 4.1-кесте. Балалар мен отбасыларды әлеуметтік қорғауға арналған бюджет шығыстарының көлемі, 2017-2019 жж.

Бюджет	2017	2018	2019	2017 ж.,		
	ағымдағы бағада, млрд теңге			млрд теңге		
Республикалық бюджет	261,5	290,3	317,4	261,5	262,6	259,7
Жергілікті бюджет	49,9	54,6	269,8	49,9	49,4	220,9
Мемлекеттік бюджет	311,5	344,9	587,2	311,5	312,0	480,6
Өсу қарқыны, %		10,7%	70,2%		0,2%	54,0%
ЖІӨ %	0,57%	0,56%	0,87%			
ТБИ, %	107,1%	105,3%	105,4%			

Дереккөз: ҚР Қаржы министрлігі, ҚР Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстанда балалар мен отбасыларды әлеуметтік қорғауға бағытталған бюджеттік шығыстар 2017-2019 жылдар аралығында 88,5%-ға ұлғайды. Бұл шығыстардың жыл сайынғы өсу қарқыны жалпы әлеуметтік салаға (білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру) арналған шығыстардың өсу қарқынынан асып түсті. Балалар мен отбасыларды әлеуметтік қорғауға арналған бюджет шығыстары ЖІӨ-нің 0,87%-ын, ал балалар мен отбасыларға ақшалай жәрдемақылар бағдарламаларына арналған шығыстар ЖІӨ-нің 0,84%-ын құрады.

Балалар мен отбасыларды әлеуметтік қорғауға арналған шығыстар көлемі нақты мәнде инфляцияның нақты деңгейін ескере отырып, 2018 жылы 312 млрд теңгені құрады, ал өсу қарқыны 2017 жылға қарай айтарлықтай аз мәнге ие болды және бар болғаны 0,2%-ды, 2019 жылы 480,6 млрд теңгені немесе 2018 жылға қарай 54%-ды құрады. 2017-2019 жылдары нақты көріністегі өсім 54,3%-ды құрады.

Ана мен баланы қолдау бойынша әлеуметтік жәрдемақыларды төлеуге республикалық бюджет шығыстарының көлемі 2017 жылы 140,3 млрд теңгені, 2018 жылы 147,2 млрд теңгені, 2019 жылы 158,6 млрд теңгені құрады. Үш жыл ішінде бюджет шығыстарын қаржыландыру 13%-ға ұлғайды.

Әлеуметтік-экономикалық тәуекелдермен (асыраушысынан айырылу, мүгедектік, жетімдік) байланысты әлеуметтік жәрдемақыларға жұмсалатын мемлекеттік бюджет шығыстарының көлемі 2017 жылы 128,5 млрд теңгені, 2018 жылы 150,7 млрд теңгені, 2019 жылы 166,9 млрд теңгені құрады. Төлемдердің 95%-ы республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Аз қамтылған отбасыларға әлеуметтік көмек көрсетуге жергілікті бюджеттердің шығыстар көлемі 2017 жылы 26,3 млрд теңгені, 2018 жылы 30,3 млрд теңгені, 2019 жылы 246,2 млрд теңгені құрады. Балалар мен отбасыларды әлеуметтік қорғауға арналған жергілікті бюджет шығыстарының жалпы көлеміндегі осы шығыстардың үлесі 2017 жылы 52,8%-ды, 2018 жылы 55,5%-ды, 2019 жылы 91,2%-ды құрады.


2019 жылы жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды баламалы нысандарда тәрбиелеу бойынша мемлекеттік қолдауға

жергілікті бюджет шығыстары 2017 жылмен салыстырғанда 942 млн теңгеге немесе 13,2%-ға ұлғайып, нәтижесінде 8,1 млрд теңгені құрады. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды мемлекеттік мекемелерде (балалар үйлері, баспаналар, мектеп-интернаттар, сәбилер үйі) ұстауға жергілікті бюджет шығыстарының көлемі 2017-2019 жылдар ішінде жыл сайын шамамен 14 млрд теңгені құрады.


Халықтың құрылымындағы туғаннан бастап 14 жасқа дейінгі балалардың үлесін ескере отырып, балалардың ақшалай және отбасылық жәрдемақыларын төлеуге арналған мемлекеттік шығыстарды халықаралық салыстыру Қазақстанда аталған шығыстардың төмен деңгейін көрсетеді және балалардың дамуына инвестициялардың айтарлықтай тапшылығын куәландырады.

**4.2-диаграмма. Балаларды әлеуметтік қорғауға арналған мемлекеттік шығыстар (денсаулық сақтаудан басқа) (ЖІӨ-ден %-бен) және халықтың жалпы санындағы 0-14 жастағы балалардың үлесі (%-бен)**

Халықтың жалпы санындағы 0-14 жастағы балалардың үлесі (%-бен)



Балаларды әлеуметтік қорғауға арналған мемлекеттік шығыстар (ЖІӨ-ден %-бен)



Дереккөз: 2017-2019 жылдардағы әлемдегі әлеуметтік қорғау туралы баяндама (ХЕҰ), *Towards universal social protection for children: Achieving SDG 1.3 - ILO-UNICEF Joint Report on Social Protection for Children*, жеке есептер

\* ) соңғы қолда бар жылдағы әлем елдері бойынша деректер (2005-2016 жж.), 2019 жылғы Қазақстан бойынша деректер, 17 жасқа дейінгі балаларға ақшалай жәрдемақы төлеуге арналған шығыстар көлемі

**4.1. Балаларды әлеуметтік қорғауға арналған бюджет шығыстарының тиімділігі**


2019 жылы «Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру» функционалдық тобы бойынша нақты бюджеттің бастапқыда бекітілгеннен ауытқуы республикалық бюджет бойынша 10,2%-ды және жергілікті бюджеттер бойынша 118,1%-ды құрады. Осыған байланысты, орталық мемлекеттік органдар балалар мен отбасыларды әлеуметтік қорғау бағдарламаларын әзірлеуді сапалы стратегиялық талдаумен қолдауды қамтамасыз етуі және стратегиялық және бюджеттік жоспарлау арасындағы байланысты күшейтуі қажет.

Соңғы жылдар ішінде аз қамтылған азаматтарға, оның ішінде балаларға АӘК көрсету тәсілдері үш рет өзгерді (2018 жылғы 1 қаңтардан бастап, 2019 жылғы 1 сәуірден бастап және 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап).

**4.3-диаграмма. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекке арналған бюджет шығыстары, 2017-2019, млрд теңге**



**4.4-диаграмма. Балаларды қоса алғанда, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылардың саны, мың адам**



Дереккөз: ҚР Қаржы министрлігі, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

АӘК төлеуге бағытталатын бюджет шығыстарының көлемі 18,8 есе – 2017 жылғы 13 млрд теңгеден 2019 жылы 244,5 млрд теңгеге дейін, ал алушылар саны – 95 есе, оның ішінде балалар – 81,6 есе өсті.

АӘК көлемінің және алушылар санының айтарлықтай ұлғаюына қарамастан, 2018 және 2019 жылдары кедейлік деңгейі өзгерген жоқ – табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі 4,3%-ды құрады.


Бұл ретте, үй шаруашылығындағы балалардың ең көп саны кедейшіліктің жоғары деңгейін көрсетеді. Төрт және одан да көп баласы бар үй шаруашылықтарының арасында екі баласы бар үй шаруашылықтарымен (3%) салыстырғанда кедейліктің таралуы 19,6%-ды құрады.

Сонымен қатар, әлеуметтік көмек көрсету ауқымы кедейлікті азайту үшін жеткіліксіз. 2017 жылы АӘК көрсетілген халықтың үлесі 0,1%-ды, кедейлік деңгейінде 2,7%-ды құрады<sup>5</sup>, 2018 жылы халықтың 3,1%-ына АӘК көрсетілді, ал кедейлік деңгейі 4,3%-ды құрады. 2019 жылы АӘК есептеу тәсілі өзгертілді, алушылар саны 3,8 есеге ұлғайды және көмек көрсетілген халықтың үлесі 11,8%-ды құрады, бұл табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесінен

5 2013-2017 жылдардағы деректер Оңтүстік Қазақстан облысының Шымкент қаласы

айтарлықтай жоғары. Осылайша, халықтың осал топтарын әлеуметтік көмекпен қамтуға және балаларды қоса алғанда, қолдау деңгейіне қатысты нақты көрініс байқалмайды.

#### 4.5-диаграмма. Табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен халықтың үлесі және АӘК алушылардың үлесі, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ және ЕХӘҚМ

16 жасқа дейінгі балалары бар үй шаруашылықтарының 19%-ы немесе төрт және одан да көп баласы бар үй шаруашылықтарының 44%-ы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен болса, оны есептеу әдістемесіне сәйкес АӘК алмайды.

Осылайша, үй шаруашылықтарының бестен бір бөлігінің кедейшілік шегіне жету жағдайы әзірге мемлекеттің тиісті назарынан тыс қалып отыр. Мемлекеттік саясат негізінен кедей болған азаматтарға көмектесуге бағытталған, ал мемлекеттік әлеуметтік көмек кедейлерге емес, ең кедей халыққа көрсетіледі.

ҚР ЕХӘҚМ-нің стратегиялық жоспарында «елдегі кедейлік деңгейі төмендеуде және табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі 2017 жылы 2,7%-ды құрады» деп атап көрсетілген. «Халықтың осал санаттарын әлеуметтік қолдау» бағыты бойынша ҚР ЕХӘҚМ стратегиялық жоспарында табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен халық үлесінің 2018 жылғы 8%-дан 2021 жылы 7%-ға дейін төмендеуін болжайды. Алайда балалар кедейлігінің бар болуы мен деңгейіне талдау жүргізілмейді, балаларды әлеуметтік қорғауға арналған бюджет қаражаты ашып көрсетілмейді. Мұндай талдау қазіргі уақытта үкіметтік деңгейде басымдық болып табылмайды.

ҚР ЕХӘҚМ және жергілікті атқарушы органдар бенефициарлардың санын және әлеуметтік қорғауға жұмсалған бюджет қаражатының көлемін сипаттайтын көрсеткіштерге бағдарланады. Бюджеттік бағдарламаларда «балалы отбасыларға берілетін жәрдемақылар мен төлемдердің толық және уақтылы төленуін қамтамасыз ету» көрсеткіші қолданылады немесе балаларға тиесілі төлемдер көлемін нақтыламай, әлеуметтік төлемдерді алушылардың саны көрсетіледі.

мен Түркістан облысына бөлінуіне байланысты қайта есептелді

#### 4.2. Балаларды әлеуметтік қорғауға арналған бюджет шығыстарының барабарлығы

2019 жылы АЕК негізінде есептелетін балалар мен отбасыларды әлеуметтік қорғауға бағытталған жәрдемақылар мөлшерінің өсуі номиналды мәнде 2016 жылға қарай 119%-ды, ал КМ негізінде есептелетіндер 130%-ды құрады.

Алайда, жәрдемақылардың нақты мәндегі мөлшері (инфляцияның жинақталған нақты деңгейін ескере отырып) 2016 жылдың деңгейіне жете алмады және 12%-ға (АЕК негізінде есептеу кезінде) және 4%-ға (ең төменгі күнкөріс деңгейі негізінде есептеу кезінде) төмендеді.

Бұдан басқа, жәрдемақылардың көптеген түрлерінің мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінен 0,1-ден 0,85%-ға дейінді құрайды (4.2-кесте).

#### 4.2-кесте. Балалар мен отбасыларды әлеуметтік қорғауға бағытталған жәрдемақылар мен сақтандыру төлемдері мөлшерінің ең төменгі күнкөріс деңгейі шамасына арақатынасы, 2019 ж.

№	Жәрдемақы түрлері	Жәрдемақы мөлшерінің (төлемінің) КМ-ге қатынасы
1	Бір жасқа дейінгі бала күтімі бойынша мемлекеттік жәрдемақы (бірінші балаға)	0.5
2	Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін МӘСҚ-дан әлеуметтік төлем	1.04
3	Асыраушысынан айырылу бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы (отбасының 6 және одан да көп мүшесі болған кезде)	0.35
4	Төрт және одан да көп бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы отбасыларға жәрдемақы	0.1
5	Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы (16 жасқа дейінгі мүгедек балаларға)	1.40
6	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап-бағуға берілетін ай сайынғы ақшалай төлем	0.85
7	Қорғаншыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға ай сайынғы жәрдемақы	0.85
8	Жетім баланы және (немесе) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы баланы қабылдайтын ата-аналарға беруге байланысты ай сайынғы ақшалай төлем	0.85

### 4.3. Балаларды әлеуметтік қорғауға арналған бюджет шығыстарының әділдігі

Балалар мен отбасыларды әлеуметтік қорғауға арналған шығыстар әлеуметтік шығыстардың басқа түрлерімен салыстырғанда бір тұтынушыға шаққанда неғұрлым төмен деңгейге ие. 2019 жылы балалар мен отбасыларды әлеуметтік қорғауға арналған республикалық бюджет шығыстарының деңгейі жылына 51,9 мың теңгені немесе 18 жасқа дейінгі бір балаға айына 4,3 мың теңгені құрады, бұл бір зейнетақы төлемдерін алушыға жұмсалатын шығыннан 19,9 есе аз.

2017-2018 жылдары орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың қызметін қамтамасыз етуге арналған мемлекеттік бюджет шығыстарының көлемі (жалақы, әлеуметтік аударымдар, тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу, күрделі шығыстар және т.б.) балалар мен отбасыларды әлеуметтік қорғауға бағытталған мемлекеттік бюджет шығыстарының көлемінен 3,1 есе, ал 2019 жылы – 2,1 есе көп болды.

Сондай-ақ, бір балаға есептегенде өңірлер арасында балалар мен отбасыларды әлеуметтік қорғауға бөлінетін жергілікті бюджет шығыстарының тең бөлінбейтінін атап өту қажет.

### 4.4. Негізгі ұсынымдар

1. Балалар мен балалы отбасыларды әлеуметтік қорғауға қатысты кешенді салааралық тәсілді қамтамасыз ету, жұртшылықпен келісілген дәйекті мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатында Қазақстанда балалық шақты көп аспектілі қолдау саласында жеке Жол картасын немесе орта мерзімді кезеңге арналған Ұлттық іс-қимыл жоспарын әзірлеу қажет. Бұл жоспар балалық шақты, әсіресе әлеуметтік қорғауды қолдау саласындағы мемлекеттік саясатты шешу жолдары мен бірыңғай көзқарасын қамтитын практикалық құжат болуы мүмкін.

2. Әлеуметтік қорғау жүйесін кеңейту мәселесінде, әсіресе ағымдағы COVID-19 дағдарысының сабақтарына ескере отырып және бюджет ресурстарының шектеулілігі жағдайында балаларды әлеуметтік қорғау архитектурасында 6 млн бенефициарийді қолдау үшін елеулі бюджеттік шығыстарға әкеп соғатын жалпыға бірдей қамтуды (1) және бейресми жұмыспен қамтудың жоғары деңгейіне және әкімшілендірудің күрделілігіне байланысты тиімділігі төмен әлеуетті мұқтаждықты тексеру негізінде атаулы қамтуды (2) қамтамасыз ету арасындағы оңтайлы теңгерімді таңдау қажет.

Отбасылардың тұрақтылығы мен қаржылық мүмкіндіктерін арттырудың тиімді құралдарының бірі болып табылатын көп балалы болу өлшемшартын өзгерту арқылы отбасылық жәрдемақыларды кеңейту балаларды әлеуметтік көмекпен қамтуды арттыруды шешудің бір тәсілі бола алады.

3. Қазақстанда бірінші кезеңде кедейлік шегін ең төменгі күнкөріс деңгейі деңгейіне дейін арттыру жөніндегі регламенттелген стратегиялық мақсаттарды ескере отырып, ал кейіннен ел бойынша орташа медиандық кіріске байланыстыра отырып, стратегиялық деңгейде кедейлік шегі деңгейін кезең-кезеңімен арттыру жоспарын бекіту ұсынылады. Бұл орта мерзімді перспективада бюджет шығыстарын жүйелі негізде арттыруды жоспарлауға және әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыру үшін мүмкіндіктерді уақтылы іздестіруге мүмкіндік береді.

4. Отбасылар мен балаларды қолдау үшін әлеуметтік қорғауға берілетін жәрдемақылар мен төлемдердің мөлшерін инфляция деңгейінен оза отырып, жыл сайын ұлғайтуды қамтамасыз ету қажет.

5. Бюджет процесі шеңберінде Үкімет, ҚР ЕХӘҚМ және жергілікті атқарушы органдар министрліктердің стратегиялық жоспарларына және жергілікті деңгейдегі уәкілетті органдардың стратегиялық құжаттарына балаларды әлеуметтік қорғау және балалардың кедейлігін азайту жөніндегі стратегиялық бағыттарды енгізу арқылы бағдарламалық-нысаналы бюджеттеудің қазіргі тетіктерін дамытуы қажет.

6. Балалар мен отбасыларды әлеуметтік қорғауға бағытталған бағдарламаларды әзірлеу кезінде тек аралық нәтижелерге ғана емес, сонымен қатар нәтижелерді алдын ала бағалау нәтижелері бойынша нәтижелерге қол жеткізілетінін анықтау, сондай-ақ олардың жетістіктерін бақылау үшін бағдарламалардың соңғы нәтижелерін белгілеу ұсынылады.

7. Балалар мен отбасыларды әлеуметтік қорғауға бағытталған мемлекеттік бюджет шығыстарының мониторингі жүйесін құру және тұрақты талдау жүргізу мақсатында қол жеткізілген нәтижелердің тиісті қаржылық емес көрсеткіштерін әзірлеу қажет. Мониторингтің жан-жақты жүйесі ресурстарға, аралық нәтижелерге және бюджеттік бағдарламалардың (түпкі нәтижелердің) нәтижелілігіне қатысты көрсеткіштердің кешенді жиынтығын қадағалауға тиіс.

8. Балалардың қажеттіліктеріне сезімтал ұлттық әлеуметтік қорғау жүйелері тиімді жұмыс істеуі үшін олар елдегі балалардың жағдайын, қазіргі әлеуметтік қорғау бағдарламаларының әсерін талдайтын, сондай-ақ бар олқылықтарды анықтайтын дәлелдер негізінде құрылуы керек. Қазақстанда тәуелсіз бағалау институтын құру, сондай-ақ тәуелсіз сарапшылардың ресми рөлі және бюджет процесі шеңберінде олардың өкілеттіктерін бекіту мемлекеттік саясат пен бюджеттің атқарылуының нәтижелілігін жоспарлау мен бағалаудың сапасын арттыруға ықпал етер еді.

9. Үкіметтің есеп беру процесін неғұрлым ашық ету қажет, бағдарламалық құжаттарды іске асырудың қол жеткізілген нәтижелерін бағалау және балалар мен отбасыларды әлеуметтік қорғауға бюджет қаражатын жұмсау нәтижелерін Үкіметтің сайттарында жариялап, Парламентке ұсынған жөн.

10. «Балалар бюджетін» әзірлеуді ескере отырып, өзгерістерді қадағалау, заңнама мен мемлекеттік саясаттың әсерін өлшеу, бала құқықтарының жай-күйін жақсы түсіну, сондай-ақ Үкімет қабылдайтын және балалар мен отбасыларға әсер ететін шараларды жетілдіру мақсатында балаларға бағытталған бюджетке үнемі талдау жүргізуді қамтамасыз ету қажет.



**5-ТАРАУ.  
БАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРДЫ  
ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ**

## 5-ТАРАУ. БАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Коронавирустық пандемия (COVID-19) әлемнің барлық елдері мен өңірлеріне тікелей немесе жанама әсер етті. Эпидемия және ілеспе экономикалық дағдарыс қоғамның экономикалық дамуына теріс әсер етті және әсіресе халықтың әлеуметтік осал топтарын айналып өтпеді. Дүниежүзілік Банктің деректері бойынша 126-дан астам ел әлеуметтік қорғау бағдарламаларын енгізді немесе бейімдеді<sup>6</sup>.

Қазақстанда 2020 жылы азаматтарды әлеуметтік қолдау бойынша шаралар қабылдау да мемлекеттің маңызды басымдықтарының біріне айналды.

Карантинде болуға мәжбүр және табысынан айырылған 4,5 миллионнан астам азамат ай сайын ең төменгі жалақы мөлшерінде (42,5 мың теңге) әлеуметтік төлем алды<sup>7</sup>. Табысы аз азаматтарға атаулы әлеуметтік көмекті қоса алғанда, зейнетақылар мен мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар 5%-ға арттырылды. Азаматтардың жекелеген санаттарына (мүгедектігі бар адамдар, оның ішінде мүгедектігі бар балалар, көп балалы отбасылар, ресми тіркелген жұмыссыздар) тегін азық-түлік-тұрмыстық жиынтықтар ұсынылды. Экономиканың ең көп зардап шеккен секторларындағы шағын және орта бизнес қызметкерлері үшін 6 айға жеке табыс салығы мен міндетті зейнетақы жарнасы алынып тасталды. 2 млн-ға жуық қарыз алушының кредит төлеу мерзімі кейінге қалдырылды. Мұқтаж азаматтар тұрғын үй-коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша қаржылық көмек алды.

Қазақстанда балалы отбасыларды қолдаудың кешенді моделі мемлекеттік жәрдемақылар, әлеуметтік төлемдер, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі шаралар жүйесін, сондай-ақ салық салу кезіндегі жеңілдіктерді қамтиды.

Көрсетілген әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру бірқатар заңнамалық және заңға тәуелді актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

### 5.1-кесте. Балалы отбасыларға әлеуметтік қолдау көрсету саласындағы нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

№	Нормативтік құқықтық акт	Реттеу мәні
1	Ең төменгі әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы	Еңбек, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, отбасы және балалар, денсаулық сақтау, мәдениет, дене шынықтыру және спорт, мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету салаларындағы ең төменгі әлеуметтік стандарттардың жиынтығын белгілейді.

<sup>6</sup> 2017-2019 жылдардағы балаларды әлеуметтік қорғауға арналған шығыстарды бюджеттік шолу, ЮНИСЕФ;

<sup>7</sup> Президент Қ. Тоқаевтың 2020 жылғы 23 наурызда және 11 мамырда Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комиссия отырыстарында сөйлеген сөзі, Президент Қ. Тоқаевтың 2020 жылғы 31 наурыздағы мәлімдемесі

2	Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы	Балалы отбасыларға мемлекеттік жәрдемақылар арқылы әлеуметтік қолдау көрсетуді реттейді: 1) бала тууға байланысты біржолғы жәрдемақы; 2) бала бір жасқа толық толғанға дейін оның күтіміне байланысты ай сайынғы жәрдемақы; 3) бірге тұратын төрт және одан да көп кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы отбасыларға ай сайынғы жәрдемақы; 4) «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көп балалы аналарға ай сайынғы жәрдемақы; 5) мүгедек баланы (мүгедек балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) ай сайынғы жәрдемақы; 6) бала кезінен бірінші топтағы мүгедектің күтімі бойынша ай сайынғы жәрдемақы.
3	Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы	Азаматтардың, оның ішінде балалардың мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар алу құқықтарын бекітеді
4	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы	Жан басына шаққандағы орташа айлық табысы облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада белгіленген кедейлік шегінен төмен жеке тұлғаларға (отбасыларға) мемлекет көрсететін көмек - халыққа мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге байланысты құқықтық қатынастарды реттейді.
5	Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы	Асыраушысынан айырылған жағдайда, жүктілікке және босануға байланысты табысынан айырылған жағдайда, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылған жағдайда, бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан әлеуметтік төлемдер алуға азаматтардың құқықтарын бекітеді.
6	Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы	Мүгедектерді, оның ішінде мүгедек балаларды әлеуметтік қорғау саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және мүгедектерді әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етудің, олардың тыныс-тіршілігі мен қоғамға кірігуі үшін тең мүмкіндіктер жасаудың құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық жағдайларын айқындайды.

7	Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы	Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласында туындайтын қоғамдық қатынастарды, өмірлік қиын жағдайда жүрген адамдар (отбасылар) үшін – өмірлік қиын жағдайда жүрген адамға (отбасына) туындаған әлеуметтік проблемаларды еңсеру үшін жағдайларды қамтамасыз ететін және оларға басқа азаматтармен бірдей қоғам өміріне қатысу мүмкіндіктерін жасауға бағытталған қызметтерді реттейді.
---	-------------------------------------	--

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес балалар мен отбасыларды қолдау бойынша мыналарға бағытталған шаралар басым болып табылады:

- 1) бала тууды ынталандыру және балаларды отбасында тәрбиелеуге жәрдемдесу;
- 2) көп балалы аналар мен отбасылардың беделін және абыройын арттыру;
- 3) мүгедек балалары бар отбасыларды қолдау;
- 4) аз қамтылған отбасыларды қолдау.

### 5.1. Бала тууды ынталандыру және балаларды отбасында тәрбиелеуге жәрдемдесу

«Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» ҚР Заңына сәйкес бала тууы бойынша біржолғы жәрдемақы қарастырылған, ол отбасының табысына қарамастан барлық босанған әйелдерге (жұмыс істейтін де, жұмыс істемейтін де) төленеді. Жәрдемақы мөлшері баланың туу кезектілігіне байланысты (бірінші, екінші, үшінші балаға – 38,0 АЕК, төртінші және одан көп балаға – 63,0 АЕК)

2020 жылғы 1 сәуірден бастап бірінші, екінші, үшінші бала туғанда берілетін жәрдемақы мөлшері өсіп, 105 564 теңгені, төртінші және одан да көп балаға 175 014 теңгені құрады.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл жәрдемақыны 430,7 мың адам 52,3 млрд теңге сомасында алды.

### 5.2-кесте. Бала туғанда берілетін жәрдемақыны алушылардың қамтылу және бюджет шығыстарының динамикасы, 2018-2020 жылдар

№	Көрсеткіш	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
1	Жәрдемақы алушылар саны	394,8 мың	400,1 мың	430,7 мың
2	Төленген жәрдемақының жалпы сомасы	40,7 млрд	43,8 млрд	52,3 млрд

Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы отбасының табысына қарамастан, жұмыс істейтін де, жұмыс істемейтін де аналарға төленеді.

Жұмыс істемейтін әйелдер үшін бұл жәрдемақы отбасында туған және тәрбиеленетін балалардың санын ескере отырып, сараланған мөлшерде төленеді. 2020 жылы жәрдемақы мөлшері 16 002 теңгеден 24 725 теңгеге дейін болды. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл жәрдемақыны орта есеппен 31,7 млрд теңге сомаға 121 мың адам алды.

### 5.3-кесте. Баланың бір жасқа дейінгі күтімі бойынша жәрдемақы алушылардың қамтылу және РБ-дан бөлінетін бюджет шығыстарының динамикасы, 2018-2020 жж.

№	Показатель	2018 г.	2019 г.	2020 г.
1	Жәрдемақы алушылар саны	125,8 мың	138,5 мың	121,0 мың
2	Төленген жәрдемақының жалпы сомасы	29,9 млрд	34,7 млрд	31,7 млрд

Жұмыс істейтін аналар үшін Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан әлеуметтік төлемдер қарастырылған:

- жүктілік және босану бойынша төлем, оның мөлшері әйелдің соңғы 12 айдағы орташа айлық табысына байланысты. Өткен жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мұндай төлемнің орташа мөлшері 498,7 мың теңгені құрады, олардың адресаттары жалпы сомасы 203,2 млрд теңгеге 96,4 мың адам болды;

- соңғы 2 жылдағы орташа айлық табыстың 40% мөлшерінде 1 жасқа дейінгі бала күтімі бойынша төлем. Осы төлемдердің орташа мөлшері 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 32 055 теңгені құрады, оларды 501,6 мың адам жалпы сомасы 106,4 млрд теңгеге алды.

Бұдан басқа, мемлекет әйелдерге әлеуметтік төлемді есептеу кезінде ескерілген орташа айлық табыстың 10% мөлшерінде міндетті зейнетақы жарналарын субсидиялайды. Бұл әйел бала күтімі бойынша демалыста болған кезеңде зейнетақы жинақтарының үзілмеуі үшін жасалады.

Жұмыс істейтін әйелдердің құқықтары мен кепілдіктері еңбек заңнамасымен қорғалған. Жұмыс берушіге жүктілік туралы анықтаманы ұсынған жүкті әйелдермен, 3 жасқа дейінгі балалары бар әйелдермен, 14 жасқа дейінгі баланы (18 жасқа дейінгі мүгедек баланы) тәрбиелеп отырған жалғыздікті аналармен еңбек шартын штатты қысқарту, жұмыс көлемін экономикалық себептер бойынша төмендету негіздері бойынша бұзуға жол берілмейді.

Көпбалалы аналардың беделі мен абыройын арттыруға бағытталған жәрдемақылар. «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған әрбір көп балалы анаға ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы төленеді. Жәрдемақы мөлшері 6,4 АЕК (17 780 теңге) құрайды, өмір бойғы болып табылады және табысына қарамастан тағайындалады.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл жәрдемақыны орта есеппен 232,3 мың адам 49,1 млрд теңге сомасында алды.

«Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған көп балалы аналар да бірқатар салықтар мен мемлекеттік баждарды төлеуден босатылды.

2018-2019 жылдары көп балалы мәртебесін алған отбасылар үшін бұл жәрдемақы отбасындағы балалар санына қарамастан 4,16 АЕК мөлшерінде тағайындалды.

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап көп балалы отбасыларға олардың табыстарын есепке алмай, күндізгі оқу нысанында оқитын балалардың, оның ішінде 23 жасқа дейінгі балалардың санына қарай сараланған мөлшерде жаңа мемлекеттік жәрдемақы енгізілді. 4 баласы бар отбасылар үшін жәрдемақы



мөлшері 16,03 АЕК – 46 760 теңге, 5 баласы бар отбасылар үшін 20,04 АЕК – 58 457 теңге, 6 баласы бар отбасылар үшін 24,05 АЕК – 70 154 теңге, 7 баласы бар отбасылар үшін 28,06 АЕК – 81 852 теңге, 8 және одан да көп балалары бар отбасыларға – әр балаға 4 АЕК-тен.

2020 жылғы 31 желтоқсанға 392,4 мыңнан астам отбасы жалпы сомасы 236,2 млрд теңгеге жәрдемақы алды.

5 және одан да көп бала туып, оларды 18 жасқа дейін тәрбиелеген аналар 53 жасында зейнетке шығуға құқылы.

Бірге тұратын 4 және одан да көп кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы отбасылардың саны соңғы төрт жылда өсіп, 2020 жылы 399 855 отбасын құрады.

### 5.2. Мүгедек балаларды және олардың отбасыларын қолдау

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы ай сайын он алты жасқа дейінгі мүгедек балаларға және он алты жастан он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтардағы мүгедек балаларға тағайындалады.

16 жасқа дейінгі мүгедек балаларға берілетін жәрдемақы мөлшері 45 736 теңгені құрайды, 16 жастан 18 жасқа дейінгі мүгедек балаларға мүгедектік тобына байланысты (1-топқа – 62 723 теңге, 2-топқа – 51 943 теңге, 3-топқа – 39 202 теңге) беріледі.

Мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға қолдау көрсету мақсатында мүгедек баланы тәрбиелеп отырған ата-аналарға, қамқоршыларға және бала асырап алушыларға олар кәмелеттік жасқа толғанға дейін 1,4 КМ немесе 45 736 теңге мөлшерінде мемлекеттік жәрдемақы төленеді. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл жәрдемақыны орта есеппен 89,5 мың отбасы жалпы сомасы 49,6 млрд теңгеге алды.

Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша үйде оқитын мүгедек балалардың ата-аналарына және өзге де заңды өкілдеріне оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу ұсынылады. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша көмектің бұл түрін 14,2 мың отбасы жалпы сомасы 800,5 млн теңгеге алды, бұл ретте орташа мөлшері айына 4 714 теңгені құрайды.

Барлық әлеуметтік төлемдер жыл сайын инфляция деңгейіне индекстеледі. 2020 жылға республикалық бюджеттен 694,1 млрд теңге бөлінді.

### 5.3. Аз қамтылған отбасыларды қолдау

Жан басына шаққандағы орташа табысы кедейлік шегінен төмен (ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70%-ы) отбасылар атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға құқылы.

Отбасының әрбір мүшесіне АӘК мөлшері отбасының жан басына шаққандағы табысы мен өңірлік кедейлік шегінің шамасы арасындағы айырма түрінде айқындалады.

2020 жылдың қорытындысы бойынша АӘК 184,7 мың отбасыға немесе 936,2 мың адамға тағайындалды.

Бұдан басқа, 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап аз қамтылған отбасылар қатарындағы 1 жастан 18 жасқа дейінгі балалар үшін кепілді әлеуметтік пакет (бұдан әрі – КӘП) енгізілді, онда оқу орны бойынша тегін тамақтану, қалалық қоғамдық көлікте жеңілдікпен жүру, мектеп формасымен және керек-жарақтармен

қамтамасыз ету, мектеп жасына дейінгі балалар үшін балаларға арналған азық-түлік жиынтықтарымен және тұрмыстық химия тауарларымен қамтамасыз ету (403,4 мың бала қамтылған) көзделген.

2020 жылдан бастап АӘК алу үшін міндетті шарт – отбасының еңбекке қабілетті мүшелерін жұмысқа орналастыру қарастырылған. Мәселен, жұмысқа орналасуға мұқтаж 301,6 мың адамның (тәуелсіз қызметкерлер 11,1 мың адам, жұмыссыздар 19,5 мың адам) 67,4%-ы жұмыспен қамтудың белсенді шараларына тартылды (203,2 мың адам) (АӘК алуға өтініш берген кезде жұмыс орындары бар – 160,3 мың адам, тұрақты жұмыстарға 29,4 мың адам, қоғамдық жұмыстарға 8,8 мың адам, әлеуметтік жұмыс орындарына 1,1 мың адам, адам, оқуға 646 адам, жастар практикасына 260 адам, кәсіпкерлік бастамаларға жәрдем көрсетілді – 2,7 мың адам).

Мемлекеттік бюджеттен АӘК және КӘП төлеу үшін 2020 жылдың қорытындысы бойынша 88,3 млрд теңге бағытталды (оның ішінде РБ – 80,8 млрд теңге, ЖБ – 7,5 млрд теңге).



## 6-ТАРАУ. ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

## 6-ТАРАУ. ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

Қазіргі жағдайды талдау балалар денсаулығының нашарлауының тұрақты қолайсыз үрдісін көрсетеді.

Туылған кезде сау балалар үлесінің едәуір төмендеуі, бала кезінен мүгедек, негізгі себептері туа біткен ауытқулар, жүйке жүйесінің аурулары және психикалық бұзылулар болып табылатын созылмалы патологиясы бар науқас балалар санының өсуі байқалады.

Мектеп жасындағы балалар арасында асқазан-ішек жолдарының аурулары, сондай-ақ гаджеттерді бақылаусыз пайдалану салдарынан көру қабілетінің бұзылуымен байланысты аурулар басым. Аз қимыл-қозғалыс пен теңгерімсіз тамақтану салдарынан артық салмақпен ауыратын балалар саны өсуде.

Еліміздің барлық өңірлерінен 15-19 жас аралығындағы 4,3 мың жасөспірім қатысқан Қоғамдық пікірді зерттеу орталығының әлеуметтік сауалнамасының деректері бойынша жастардың үштен бірі жыныстық белсенді. Қалалық жасөспірімдер арасында қауіпті мінез-құлық көбірек байқалады (жыныстық серіктестердің орташа саны – 4). Сұралғандардың тек 10%-ы ғана АИТВ-ға тексерілген. Сұралғандардың 73,5%-ы АИТВ-ға жасырын түрде қайда тексерілуге болатынын білмейді және АИТВ-ның негізгі берілу жолдары туралы тиісті дәрежеде хабардар емес<sup>8</sup>.

Бұл жағдайдың себептері қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздық, экологиялық жағдай, қолайсыз санитарлық жағдай (оқыту жағдайлары мен режимі, тұрмыстық жағдайлар және т. б.), медициналық белсенділіктің төмендігі, профилактикалық жұмыстың жеткіліксіздігі және т. б. болып табылады.

Балалардың денсаулығындағы көрсеткіштер нашарлауының байқалып отырған және сақталып отырған үрдісі алдағы уақытта еңбек ресурстарының сапасына, болашақ ұрпақтың өсіп-өнуіне әрдайым әсер ететіні сөзсіз. Мұндай жағдайда балалардың денсаулығын нығайту – Қазақстанның мемлекеттік саясатының маңызды міндеттерінің бірі.

Еліміздің Тұңғыш Президентінің «Қазақстан – 2030» Қазақстан халқына Жолдауында ұзақ мерзімді басымдықтардың бірі Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты болып айқындалған. Бұл тұрғыда өскелең ұрпақтың денсаулығын қорғау Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басты басымдықтарының бірі болып белгіленген.

2020 жылы аурулар мен даму бұзылыстарын уақтылы анықтау үшін профилактикалық тексерулермен 4,4 млн бала; скринингтермен 900 мыңнан астам ерте жастағы бала қамтылды. Алдын алу мақсатында балалардың 90,7%-на жуығы вакцинамен басқарылатын 12 инфекциялық ауруға қарсы иммундаумен қамтылды.

Ерте жастағы балаларды күту мәселелері бойынша кеңес беру үшін 523 баланы дамыту кабинеті ұйымдастырылды. 2020 жылы 96 ауруы бар 877 869 бала жалпы сомасы 24 млрд 787 млн теңгеге тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілді.

Тиімді перинаталдық технологияларды, реанимацияның заманауи әдістерін іске асырудың арқасында шала туған балалардың өмір сүру деңгейі 80%-ға дейін артты.

<sup>8</sup> Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

Неонаталдық хирургия дамуда, жыл сайын туа біткен даму кемістігі бар нәрестелерге 1000-нан астам операциялық араласулар жүргізіледі, олардың тиімділігі 88,5%-ды құрады.

Жылына 2 000-нан астам кардиохирургиялық оталар туа біткен жүрек ақауы бар балаларға жасалады, оның 77,0%-ын өмірінің бірінші жылындағы балалар құрады, бұрын бұл санаттағы балалар тек шетелге жіберілген. Ашық жүрекке жасалатын операциялардың тиімділігі 95,0%-ды, эндоваскулярлық араласулардың тиімділігі 99,5%-ды құрады.

Онкологиялық және гематологиялық көмекті дамытудың маңызы зор. Диагностика мен емдеудің жаңа әдістерін, химиялық препараттарды қолдану өмір сүру сапасын жақсартуға және онкологиялық аурулары бар балалардың жалпы өмір сүруін арттыруға мүмкіндік берді. 2012 жылдан бастап гемопозддікдің жасушаларын 245 транспланттау жүргізілді, бұл ретте тиімділігі 68,8%-ды, ал транспланттаудан кейін өмір сүру деңгейі 65,8%-ды құрады, бұл әлемдік деректермен салыстырғанда жақсы нәтиже болып табылады.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтарын қорғау мақсатында балаларды оңалту қызметі дамуда. Елімізде 34 оңалту орталығы жұмыс істейді, оның 3-і республикалық деңгейде. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Қорының бастамасымен «Қамқорлық» жол картасы аясында 8 оңалту орталығы ашылды.

МӘМСенгізу шеңберінде бір жылы ішінде балаларды оңалтуды қаржыландыру екі есеге дерлік ұлғайды (2019 жылғы 6,8 млрд теңгеден 2020 жылы 11,3 млрд теңгеге дейін). Бұл төсек-орын қорын 45,6%-ға кеңейтуге мүмкіндік берді (2019 жылы 2 575 төсектен 2020 жылы 5 655 төсекке дейін), бұл қалпына келтіру емі және медициналық оңалту қызметтерінің қолжетімділігін 22%-ға жақсартты (емделген балалар саны 38 мыңнан 47 мыңға дейін артты).

Балалар денсаулық сақтау жүйесіндегі жаңа парадигма аурулардың алдын алуға, ерте диагностикалауға және араласуға назар аудара отырып, педиатриялық қызметтің әлеуметтік-профилактикалық бағыты болуға тиіс. Бұл неонаталдық көрсеткіштердің жақсаруына, балалардың аурушандығы мен өлім-жітімінің төмендеуіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Денсаулық сақтау саласындағы ұлттық реформаларды іске асыру соңғы жылдары белгілі бір нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді.


### 6.1. Балалардың денсаулық жағдайының негізгі көрсеткіштері

Ана, сәби және бала өлімінің деңгейі денсаулық сақтау жүйесі жұмысы сапасының негізгі көрсеткіштері болып табылады.

2020 жылғы деректер бойынша нәресте өлім-жітімінің көрсеткіші 7,1%-ға төмендеп, 1000 тірі туылғанға шаққанда 2019 жылғы 8,37-ге қарағанда 7,77-ні құрады.

Нәрестелер өлімінің республикалық көрсеткішінен жоғары көрсеткіштер Ақтөбе (8,40), Атырау (9,37), БҚО (9,19), Қарағанды (8,52), Қостанай (10,40), Қызылорда (10,55), Маңғыстау (8,32), СҚО (8,72), Шымкент қаласында (7,98) байқалады.

6.1-диаграмма. Нәрестелер өлімі, 2019-2020 жылдар, %



Жалпы, соңғы бес жылда нәресте өлімі көрсеткішінің оң динамикасы байқалады. Соңғы жылда осы көрсеткіштің жақсару жағына қарай үрдісі Ақмола, Ақтөбе, Жамбыл, Маңғыстау, Павлодар, ШҚО, Нұр-Сұлтан қаласында, ахуалдың нашарлауы Атырау, Қостанай, Қызылорда, БҚО, СҚО, Қарағанды облыстарында байқалады.

6.1-кесте. 1000 тірі туылғандарға шаққандағы нәресте өлімі, 2016-2020 жылдар, %

№	Өңірлер	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
1	<b>ҚР бойынша барлығы</b>	8.59	7.93	8.03	8.37	7,77
2	Ақмола	7.03	7.69	5.64	7.25	6,50
3	Ақтөбе	8.54	7.22	8.66	8.80	8,40
4	Алматы	7.55	7.66	6.98	7.61	7,70
5	Атырау	8.87	7.10	10.69	11.13	9,37
6	БҚО	8.15	6.66	6.61	7.01	9,19
7	Жамбыл	8.81	8.21	7.39	8.87	6,86
8	Қарағанды	8.12	7.89	7.59	8.51	8,52
9	Қостанай	9.07	10.42	10.30	9.58	10,40
10	Қызылорда	9.83	8.61	9.09	9.37	10,55
11	Маңғыстау	9.49	7.70	9.81	9.22	8,32
12	Павлодар	9.98	7.67	5.55	6.80	5,71
13	СҚО	7.99	9.01	10.81	9.43	8,72
14	Түркістан	7.11	9.83	8.67	8.52	7,21
15	ШҚО	9.52	7.28	7.99	8.24	7,40
16	Нұр-Сұлтан қ.	6.75	5.92	6.17	5.93	5,20
17	Алматы қ.	7.58	6.93	8.36	8.05	7,64
18	Шымкент қ.	-	8.37	8.37	9.59	7,98

ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша

53,9% жағдайда өлім-жітімнің себебі перинаталдық кезеңде туындайтын проблемалар, 20,1%-ы – туа біткен ауытқулар, 6,7%-ы – тыныс алу органдарының аурулары, 4,2%-ы – инфекциялық және паразиттік аурулар, 3,4%-ы – жазатайым оқиғалар, улану және жарақаттар, 0,7%-ы – ас қорыту органдарының аурулары болып табылады<sup>9</sup>.

Нәрестелер өлім-жітімінің көрсеткішін халықаралық салыстыру ЭЫДҰ елдерінің деңгейінен айтарлықтай асып түскенін көрсетеді<sup>10</sup>.

6-2-кесте. Әлемнің жекелеген елдеріндегі нәрестелер өлім-жітімінің көрсеткіштері (1000 тірі туылғанға шаққанда), %

№	Елдер	2018 ж.
1	Қазақстан Республикасы	8.37
2	Ресей	7.2
3	Әзірбайжан	21.5
4	Қырғызстан	18.9
5	Тәжікстан	34.8

9 ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша

10 <https://gtmarket.ru/ratings/child-mortality-ranking>

6	Өзбекстан	21.4
7	Украина	8.7
8	Беларусь	3.4
9	Болгария	7.1
10	Венгрия	4.3
11	Ұлыбритания	4.3
12	Германия	3.7
13	Түркия	10.6
14	Дания	4.2
15	Латвия	3.9
16	Эстония	2.6

1000 тірі туылғанға шаққанда туғаннан 5 жасқа дейінгі балалардың өлім-жітім көрсеткіші 2016 жылғы 10,79-дан 2020 жылы 9,41-ге дейін қысқарды, сонымен қатар 2019 жылы бұл көрсеткіш 2017-2018 жылдардағы деректермен салыстырғанда өсті.

Соңғы бес жылда өңірлер бөлінісінде балалар өлімі көрсеткішінің өсуі БҚО, Қарағанды, Қостанай, СҚО, Алматы қаласында байқалады.

#### 6.3-кесте. 1000 тірі туылғанға шаққанда 5 жасқа дейінгі балалардың өлім-жітімі, 2016-2020 жылдар, %

№	Өңірлер	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
2	Ақмола	9,6	10.08	7.48	8.56	8,56
3	Ақтөбе	10,27	9.30	10.92	10.54	9,44
4	Алматы	9,61	10.43	9.4	10.22	9,35
5	Атырау	10,94	9.67	12.68	12.90	10,39
6	БҚО	9,56	8.63	7.73	8.53	10,90
7	Жамбыл	11,63	10.96	9.63	11.58	8,78
8	Қарағанды	9,90	9.95	9.11	10.85	9,95
9	Қостанай	11,39	12.27	11.52	11.79	12,68
10	Қызылорда	13,55	11.54	12.56	13.13	13,36
11	Маңғыстау	11,52	10.11	11.86	11.49	9,66
12	Павлодар	13,12	10.06	7.25	8.31	7,14
13	СҚО	9,12	11.37	13.07	11.79	10,47
14	Түркістан	8,58	12.94	11.69	11.89	9,39
15	ШҚО	11,61	9.16	9.51	10.11	8,48
16	Нұр-Сұлтан қ.	7,86	7.00	7.44	7.62	6,29
17	Алматы қ.	8,71	8.50	9.86	9.65	8,98
18	Шымкент қ.	-	10.37	10.22	11.70	9,43

5 жасқа дейінгі балалардың денсаулығына негізгі қауіп-қатер – бұл балаға дұрыс күтім жасамау және ата-аналардың балалардағы қауіпті белгілер мен қауіп факторларын білмеуі.

Балаларға медициналық көмек көрсету сапасына педиатр дәрігерлермен, неонатологтармен, реаниматологтармен жасақталудың жеткіліксіздігі де айтарлықтай әсер етеді.

2020 жылы педиатрлар – 93,3 % (2019 ж. – 93,9%), неонатологтар – 91,2% (2019 ж. – 92,9%), анестезиологтар және реаниматологтар – 87,1% (2019 ж. – 85,3%) жинақталды.

2020 жылға дейін елімізде ана өлім-жітімінің коэффициенті үздіксіз төмендеп келді. Ана өлімінің айтарлықтай төмендеуі 2010-2012 жылдары орын алды, қайтыс болған жүкті әйелдердің, босанатын әйелдердің және босанған әйелдердің саны 100 000 туылғанға шаққанда 36,8-ден 13,5-ке дейін төмендеді. Соңғы бес жылда бұл көрсеткіш 13,7-ден 15,4-ке дейінгі диапазонда (2019 ж. – 13,7, 2018 ж. – 14,0, 2017 ж. – 14,8, 2016 ж. – 15,4).

Алайда, 2020 жылы ана өлімі 2,8 есеге артты. Ана өлімінің күрт өсуі Ақтөбе, Қызылорда, Маңғыстау, СҚО, Шымкент және Нұр-Сұлтан қалаларында байқалды.

#### 6.4-кесте. Ана өлімі, 2018-2020 жылдар

№	Өңірлер	Қайтыс болған жүкті әйелдердің, босанған әйелдердің және жаңа босанған әйелдердің саны – барлығы					
		абсолютті сан			100 000 тірі туылғанға шаққанда		
		2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
1	<b>ҚР бойынша барлығы</b>	56	55	156	13.9	13.7	36.5
2	Ақмола	4	2	3	35.9	17.2	25.5
3	Ақтөбе	1	1	15	5.1	4.9	70.3
4	Алматы	6	11	14	14.8	25.4	30.3
5	Атырау	1	3	9	5.9	17.8	50.6
6	ШҚО	3	5	10	14.0	23.4	45
7	Жамбыл	2	3	8	8.0	11.8	28.9
8	БҚО	1	1	3	7.6	7.6	21.9
9	Қарағанды	6	9	12	26.2	39.5	51.5
10	Қостанай	1	3	11	8.7	26.6	94.4
11	Қызылорда	2	1	12	10.7	5.3	56
12	Маңғыстау	5	1	8	25.1	4.9	36.8
13	Павлодар	1	0	3	8.5	0.0	25.7
14	СҚО	1	0	5	14.8	0.0	76.8
15	Түркістан	6	5	10	10.3	9.3	16.3
16	Нұр-Сұлтан қ.	8	1	6	29.0	3.3	20
17	Алматы қ.	4	7	11	8.9	15.4	24.9
18	Шымкент қ.	4	2	16	19.6	7.1	53.3

Ана өлімінің негізгі себептері – акушерлік қан кету, эклампсия, септикалық инфекциялар және түсік түсірудің асқынуы.

ҚР ДСМ деректері бойынша 2020 жылы күрт өсудің негізгі себебі коронавирустық инфекцияға байланысты денсаулық сақтау жүйесінің шамадан тыс жүктелуі болды.

## 6.2. Балалардың аурушандығы

Балалар мен жасөспірімдер арасында алғашқы сырқаттанушылық пен аурудың таралуы тұрақты жоғары болып қалуда және шамалы өсу үрдісіне ие.

2020 жылы ҚР ДСМ жедел деректеріне сәйкес туғаннан 17 жасқа дейінгі 5 419 464 бала (2019 ж. – 4 668 815 бала) профилактикалық тексеруден өтті.

Қазақстан Республикасында 2020 жылы 0-ден 17 жасқа дейінгі 4 412 280 бала профилактикалық тексерумен қамтылды, бұл 81,8%-ды құрады (6,6-кесте). 2019 жылы балалардың 94,0%-ы тексерілді (4 543 932). Осылайша, 2019 жылмен салыстырғанда 2020 жылы ҚР бойынша балаларды профилактикалық тексерумен қамту 13,0%-ға төмендеді.

Қаралған балалардың үлес салмағының төмендігі ДДҰ-ның COVID-19 коронавирустық инфекциясының пандемиясын жариялауына байланысты республика аумағында төтенше жағдай мен карантиндік шараларды енгізу есебінен жоспарлы медициналық көмек көрсетуді тоқтата тұрумен байланысты.

## 6.5-кесте. Балаларды профилактикалық (скринингтік) тексеріп-қарау нәтижелері, 2019-2020 жылдар, %

Өңірлер	Тексерілді		Анықталды		Алғашқы анықталғандардан Десепке алынғандар	
	2019 ж.	2020 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Қазақстан Республикасы	94,0	81,8	13,6	8,7	31,9	39,4
Ақмола	88,4	61,8	4,5	3,0	15,3	36,3
Ақтөбе	96,7	81,6	6,5	6,6	34,5	17,7
Алматы	97,8	90,6	29,9	7,7	21,4	23,1
Атырау	100,0	90,9	8,5	6,5	47,0	27,8
ШҚО	77,5	53,8	7,3	5,4	47,4	28,5
БҚО	99,9	88,8	16,5	9,5	23,0	46,6
Жамбыл	88,3	91,3	10,1	5,5	67,6	100,0
Қарағанды	75,6	55,3	9,7	0,5	100,0	6,5
Қостанай	87,0	60,8	4,2	3,8	11,3	11,6
Қызылорда	101,7	91,5	31,0	27,7	17,5	19,7
Маңғыстау	87,5	59,3	11,0	9,0	13,5	2,3
Павлодар	92,0	86,7	3,9	7,4	26,9	31,4
СҚО	67,6	66,1	3,2	3,1	38,0	57,8
Түркістан	99,9	97,5	13,3	8,9	28,4	47,9

Шымкент қ.	99,9	83,8	19,3	15,0	32,4	36,3
Нұр-Сұлтан қ.	101,2	101,2	7,3	10,3	23,1	63,1
Алматы қ.	98,4	89,8	9,0	6,9	60,7	79,4

Алғаш рет анықталған науқастардың қаралғандар санынан үлес салмағы 2020 жылы 8,7%-ды (2019 ж. – 13,6%) құрады. Өткен жылмен салыстырғанда алғаш рет анықталған ауру балалар үлесінің 36,0%-ға төмендегені байқалады. Алайда, Қызылорда облысында (27,7%), Шымкент қаласында (15,0%) және Нұр-Сұлтан қаласында (10,3%) алғаш рет анықталған науқастардың үлес салмағы республикалық деңгейден жоғары тіркелді.

Еліміздің 11 өңірінде алғаш рет анықталған науқастардың үлес салмағы орташа республикалық деңгейден төмен: Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары мен Алматы қаласында. Алғаш рет анықталған науқастардың ең төмен үлесі Қарағанды (0,5%), СҚО (3,1%) және Қостанай (3,8%) облыстарында байқалады. Ақтөбе, Павлодар облыстарында және Нұр-Сұлтан қаласында 2019 жылмен салыстырғанда анықталған науқастардың үлес салмағының артуы тіркелді.

Қарағанды облысында балаларды профилактикалық тексеруден өткізу көрсеткіші еліміз бойынша ең төмен болып табылады.

Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығының деректері бойынша соңғы екі жылда өмірінің бірінші жылындағы (туғаннан 1 жасқа дейінгі) балалардың жалпы сырқаттануы 2019 жылғы 1370,8-бен салыстырғанда 2020 жылы 11,7%-ға (1 жасқа дейінгі 1000 балаға 1210,3) төмендеді.

## 6.3. Орфандық аурулар

Балалардағы сирек кездесетін (орфандық) аурулар проблемасы жоғары өзектілікке ие.

Әлемнің түкпір-түкпірінде мұндай патологиялармен сырқаттану деңгейі әртүрлі жолдармен анықталады. Мысалы, Жапонияда 2,5 мың халықтың 1-інде кездесетін аурулар сирек кездесетін ауру болып есептеледі, Америкада бұл көрсеткіш 1,5 мың адамның 1-ін, Еуропада 2 мың адамның 1-ін және Ресейде 50 мың адамға 5 адамды құрайды. Бүкіл әлемде 300 миллионнан астам адам 6000-нан астам сирек кездесетін аурулардың бірімен немесе бірнешеуімен өмір сүреді. ҚР-да 10 000 тұрғынға шаққанда 1 жағдайдан аспайтын таралуы бар аурулар осындай ауру болып саналады. Сирек кездесетін аурулар тізбесіне 62 нозология кіреді.

2020 жылы орфандық аурулары бар 12 948 бала динамикалық бақылауда болды. Сирек аурулардың нозологиялық құрылымында 60,0% жағдайда жүйке-бұлшықет аурулары, 12,0% жағдайда онкологиялық және гематологиялық аурулар, 11,0% жағдайда зат алмасудың бұзылуы, 10,0% жағдайда аутоиммундық аурулар және 3,0% жағдайда дамудың туа біткен ауытқулары жетекші орын алады.

Орфандық аурулары бар балаларға медициналық көмек көрсетуді жетілдіру мақсатында бейінді мамандықтар бойынша республикалық деңгейдегі үйлестіру орталықтары айқындалды.

Мысалы, «Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы» АҚ (Алматы қ.) онкологиялық/гематологиялық және аутоиммундық ауруларды

үйлестіреді, «Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығы» КҚ УМС (Нұр-Сұлтан Қ.) жүйке-бұлшықет, аутоиммундық ауруларды, зат алмасудың бұзылуын және дамудың туа біткен кемістігін қадағалайды, «С. Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ «Ақсай» университеттік клиникасы жүйке-бұлшықет аурулары және туа біткен даму ауытқулары, «Қазақ дерматология және инфекциялық аурулар ғылыми орталығы» АҚ буллезді эпидермолиз сияқты туа біткен даму ауытқулары және «Астана Медицина Университеті» АҚ жүйке-бұлшықет ауруларын бақылайды.

Республикада сирек кездесетін аурулары бар балаларды динамикалық бақылауға арналған 17 кабинет құрылды. Барлық өңірлерде муковисцидозы бар науқас балаларды оқшаулау үшін мельцер бокстары ұйымдастырылды. Өңірлік мамандарды сирек кездесетін ауруларды диагностикалау мен емдеудің өзекті мәселелері бойынша оқыту тұрақты негізде жүргізіледі, шетелдік мамандардың қатысуымен мастер-кластар ұйымдастырылады.

ҚР-да сирек кездесетін аурулар бойынша үйлестіруді жүзеге асыратын Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының деректері бойынша ата-аналар тап болатын негізгі проблемалардың бірі – бұл аурудың кеш диагностикасы, осы ауруларды молекулярлық-генетикалық тексерудің қиындығы,

Осы аурулардың алғашқы диагнозынан басқа, емдеу тиімділігін бағалау үшін терапия процесінде ферменттердің белсенділігін бақылаудың шұғыл қажеттілігі бар. Орфандық ауруларды емдеу саласында тәжірибесі бар мамандар жеткіліксіз. Сирек кездесетін аурулары бар балалардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін емдеудің кешенді тәсілі маңызды және өзекті мәселе болып табылады.

Балалардың осы санатын қолдау мақсатында елімізде 2019-2021 жылдарға арналған балаларда сирек кездесетін (орфандық) ауруларды диагностикалау мен емдеудің жаңа стандарттарын енгізу жөніндегі жол картасы әзірленді. Осы ауруларды емдеу тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде мемлекеттік шығыстар есебінен көзделген.

Сонымен қатар, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету проблемалары орын алып отыр, олардың негізгі себептері – ҚР-да препараттарды тіркеудің болмауы; дәрілік заттарды сатып алу үшін белгіленген шекті бағаның болмауы, «СК-Фармация» - дан жеткізудегі іркілістер; жергілікті атқарушы органдардың бюджеттерінде көзделген қаражаттың болмауы.

#### 6.4. Репродуктивті денсаулық

Балалар мен жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығы мәселесі өзекті болып қалуда. ДДҰ деректері бойынша Қазақстанда 15-18 жастағы жасөспірім қыздар ЭБДҰ елдеріне қарағанда алты есе жиі туады<sup>11</sup>. 2020 жылы ерте жүктіліктің 3162 жағдайы тіркелді, оның ішінде 2777 жасөспірім қыз жүктілікті тоқтатты.

11 <http://www.rcrz.kz/index.php/ru/2017-03-12-10-50-44/press-reliz/1904-devushki-podrostki-v-vozraste-15-19-let-rozhayut-v-6-raz-chashche-chem-v-stranakh-oesr>

#### 6.6-кесте. Ерте жүктіліктің тіркелген жағдайларының саны, 2017-2020 жж., адам.

№	Өңірлер	2017 г.	2018 г.	2019 г.	2020 г.
1	ҚР	4748	4727	4805	3162
2	Ақмола	179	168	168	101
3	Ақтөбе	85	85	85	108
4	Алматы	804	820	811	417
5	Атырау	178	154	115	169
6	ШҚО	305	404	354	199
7	Жамбы	82	84	83	231
8	БҚО	72	393	340	81
9	Қарағанды	395	371	429	239
10	Қостанай	258	255	179	126
11	Қызылорда	277	169	169	137
12	Маңғыстау	185	191	408	209
13	Павлодар	136	108	101	123
14	СҚО	129	207	186	101
15	Түркістан	1041	709	835	545
16	Нұр-Сұлтан қ.	380	247	157	65
17	Алматы қ.	242	269	221	139
18	Шымкент қ.	0	93	164	172

ҚР ДСМ деректері бойынша

ҚР ДСМ деректері бойынша республикалық Бірыңғай медиа-жоспар шеңберінде аурулардың алдын алу және салауатты өмір салтын насихаттау жөніндегі бейнероликтер Facebook-тің ресми парақшасында, қоғамдық орындардағы LED-экрандарда тұрақты негізде көрсетіледі.

Сондай-ақ, барлық танымал республикалық интернет-ресурстарда баспасөз релиздерін орналастыру ұйымдастырылды (*Tengrinews.kz, Nur.kz, Zakon.kz, Informburo.kz, Inform.kz, Baq.kz, Ult.kz және басқалар*).

Бұдан басқа, медицина қызметкерлері ерте жыныстық байланыстардың, түсіктердің алдын алу, жеке гигиена мәселелері, жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың алдын алу, репродуктивті денсаулықты сақтау және нығайту, бала емізу, отбасын жоспарлау бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын тұрақты негізде жүргізеді.

Барлық өңірлерде Жастардың денсаулық орталықтары (бұдан әрі – ЖДО) жұмыс істейді, олардың негізгі мақсаты отбасын жоспарлау мәселелері бойынша білікті медициналық-психологеттік және тегін медициналық-әлеуметтік көмек көрсету арқылы жасөспірімдердің, жастардың денсаулығын сақтау және оларды әлеуметтендіру үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету болып табылады.

2019-2020 жылдары ЖДО деңгейінде жасөспірімдердің денсаулығын қорғау және оларға қызмет көрсету ерекшеліктері бойынша арнайы біліктілік курстарында 118 медицина қызметкері оқытылды. 128 жастар денсаулық орталығы ашылды. Мынадай құжаттар әзірленіп, енгізілді:

- Репродуктивті денсаулықты сақтау мәселелері бойынша жастарды ақпараттандыру жөніндегі ұлттық коммуникациялық стратегия және медиажоспар;

- Онлайн кеңес беруге арналған алгоритмдер пакеті;

- 11 тақырыптық кітапшалар, жасөспірімдерге арналған 3 бейнефильм және ата-аналарға арналған 5 бейне дәріс.

Веб-сайт (shyn.kz), мобильді қосымшалар, телеграм-каналдар құру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Дүниежүзілік банк пен ЮНФПА-ның 2020-2021 жылдарға арналған Жастар денсаулық орталығының жұмысы үшін әдістемелік материал әзірлеу жөніндегі бірлескен жобасы іске асырылуда, репродуктивті денсаулықты сақтау саласында клиникалық хаттамалар, жасөспірімдер мен жастарға жеке және топтық психологиялық консультация беру алгоритмдері, жасөспірімдер, жастар мен ата-аналар үшін репродуктивті денсаулықты сақтау мәселелері бойынша ақпараттық материалдар әзірленуде.

Жоба аясында: 11 клиникалық хаттама, репродуктивті, психологиялық, әлеуметтік және құқықтық бағыттағы кеңес берудің 11 алгоритмі, операциялық стратегия, құрылымдық органограмма әзірленді. ЖДО институционалдық даму стратегиясы әзірленді.

Атап айтқанда, жасөспірімдер мен жастар арасында репродуктивті денсаулықты қорғау және нығайту бойынша семинарлар, тренингтер, дөңгелек үстелдер, конкурстар, психолог, акушер-гинеколог, дерматовенеролог, уролог, заңгер, ЖПД, психиатр дәрігерінің көрнекі құралдары мен бейнематериалдары бар жеке консультациялары өткізілді. Консультациялар «Репродуктивті денсаулық», «Жыныстық тәрбие», «Контрацепция әдістері және олардың қолжетімділігі», «ЖЖБИ», «Мінез-құлықтық қауіп факторларының алдын алу», «Қауіпсіз жыныстық қатынастар», «Қажетсіз жүктіліктің алдын алу» тақырыптарында өткізілді.

Сонымен қатар, инфекциялық және инфекциялық емес аурулардың алдын алу, репродуктивті денсаулық тақырыптарын талқылау, салауатты өмір салтын насихаттау «КТК» телеарнасындағы «Портрет недели», «Қазақстан» телеарнасындағы «Ашық алаң», «Аналитика», «1 канал Евразия» телеарнасындағы «Basty-prime» бағдарламалары шеңберінде жалғастырылды.

### 6.5. Мектептегі медицина

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы аясында мектеп медицинасын білім беру жүйесінен денсаулық сақтау жүйесіне беру бойынша жұмыстар жүргізілді.

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап МӘМС енгізілуімен мектеп медицинасын қаржыландыру осы қордың қаражаты есебінен жүзеге асырылады, бұл мектеп оқушыларын жыл сайынғы профилактикалық тексеруді, жоспарлы вакцинациялауды қамтиды, бұдан басқа, сақтандыру пакетіне мектеп оқушыларын стоматолог-дәрігердің тексеруі қосымша енгізілді.

Медициналық кабинеттердің жұмыс сапасын арттыру жабдықтарды, жиһаздарды, компьютерлік техниканы жаңарту, сондай-ақ орта медицина қызметкерлеріне жүктемені азайту есебінен көзделеді. 2020 жылы мемлекеттік бюджеттен мектеп медицинасы қызметіне 18,6 млрд теңге қарастырылған.

Социологиялық зерттеу аясында жедел алғашқы медициналық көмектің қолжетімділігі мәселесі зерттелді. Сауалнамаға қатысқан барлық балалар (98,7 %) өздері оқып жатқан мектептерде, лицейлерде, гимназияларда және т.б. медициналық кабинетінің бар екенін атап өтті. Нәтижені өте жақсы деп атауға болады, бірақ респонденттердің тек 61,8%-ы бұл кабинет әрдайым жұмыс істейтінін айтты. Медициналық кабинет жұмысының тұрақсыздығын 32,6% (әрбір үшінші), 4,3% жағдайда балалар «медициналық кабинет бар, бірақ ол әрқашан жабық» деп атап көрсетті.

Мектеп медицина қызметкерлерінің міндеттеріне жоғарыда айтылған алғашқы медициналық көмекті уақытылы көрсету ғана емес, сонымен қатар балаларды олардың денсаулығы, СӨС негізгі принциптері, қауіпті тәуелділіктердің пайда болуының алдын алу және т.б. мәселелері бойынша ағарту кіреді.

Сауалнамаға қатысушылардың 38,5%-ы ғана медициналық білім беру бойынша сабақтар үнемі өткізіліп тұратынын атап өтті, тағы 35,0%-ы мұндай сабақтар 1-2 рет болғанын атап өтті, ал әрбір төртінші (26,5%) мұндай сабақтар туралы ештеңе естімегенін мәлімдеді.

Осылайша, нәтижелер көптеген оқу орындарында балаларға қажетті алғашқы медициналық көмек алу үшін жағдай жасалғанын көрсетті. Бірақ, кейбір жағдайларда бұл жағдайлар толығымен орындалмайды немесе балалардың қажеттіліктеріне сәйкес келмейді.

2020 жылғы 1 қазанға қызметкерлердің жалпы саны (дәрігерлер, орта медициналық персонал) 6 372 жеке тұлғаны құрады, оның ішінде дәрігерлер – 163, орта медициналық персонал – 6 209. Мектептердің дәрігерлік персоналымен қамтылуы 96%-ды, орта медициналық қызметкерлермен қамтылуы 94%-ды құрады.

### 6.6. Балалар алкоголизмі және нашақорлығы

Балалар мен жасөспірімдер мінез-құлықтың негізгі қауіп факторларына, оның ішінде есірткінің, темекінің және алкогольдің әсерін сезіну ниетіне қатысты қоғамның осал бөліктерінің бірі болып табылады.


ҚР ДСМ деректері бойынша соңғы үш жылда кәмелетке толмағандар арасында темекі шегудің, алкоголизмнің және нашақорлықтың таралу көрсеткіштері бойынша оң үрдіс байқалады. Балалар мен жасөспірімдер арасында есірткіні тұтыну көрсеткіші 39,8%-ға төмендеген (2018 ж. – 133; 2019 – 101, 2020 – 80). Алкогольді тұтынуға байланысты есепте тұрған жасөспірімдер саны 28,8%-ға төмендеді (2018 ж. – 215; 2019 – 185, 2020 ж. - 153).

Психобелсенді заттарды қолданудан туындаған психикалық және мінез-құлықтық ауытқулары бар наркологиялық есепте тұрған кәмелетке толмағандардың саны 49%-ға төмендеді (2018 жылы – 506, 2019 жылы – 364, 2020 жылы – 258).

Соңғы бес жылда 100 мың тұрғынға шаққанда көрсеткіштің төмендеуі 2015 жылғы 20,0-ден 2020 жылы 3,95-ке дейін болды. Есірткі құралдары мен психотроптық заттарды пайдаланудан туындаған психикалық және мінез-құлықтық бұзылулары бар 18 жасқа дейінгі адамдар контингентінің саны 2015 жылғы 100 мың тұрғынға шаққанда 6,5-тен 2020 жылы 1,2-ге дейін қысқарғаны байқалады.



6.2-диаграмма. Балалар алкогольімі және нашақорлығы, 2015-2020 жылдар, %



Денсаулық сақтау саласында қабылданған көптеген бағдарламалық құжаттарға қарамастан, балалардың денсаулық жағдайындағы қолайсыз үрдістер өзекті болып қалуда.

Әрбір баланың қажетті деңгейдегі сапалы медициналық қызметтерге қолжетімділігі әртүрлі болуы керек және ата-аналарға немесе басқа жауапты ересектерге денсаулық проблемалары туралы уақытында хабарлау үшін осындай қолжетімділіктің мүмкіндігі туралы білуі керек. Осы баяндаманы дайындау шеңберінде жүргізілген әлеуметтік зерттеу шеңберінде жоғары білікті медициналық қызметтерді алу мүмкіндігі туралы балалардың хабардар болуы бойынша сауалнама жүргізілді.

Сауалнама көрсеткендей, 94 бала (5%-дан аз) қажет болған жағдайда қай дәрігерге баруды білмейді. Сонымен қатар, біз өте кішкентай балалар туралы айтпаймыз – көбінесе бұл жауапты 14-16 жас аралығындағы жасөспірімдер таңдады. Сонымен бірге, респонденттердің басым көпшілігі оларда бақыланатын дәрігерлер бар екенін (44,5%) немесе олардың ата-аналары (туыстары) балаға қажет маман дәрігерлерді (44,1%) білетіндігін айтты. Осылайша, алынған жауаптарға сүйене отырып, балалардың басым көпшілігі (88,6%) жоғары кәсіби медициналық қызметтерге қол жеткізе алады. 7%-дан азы қойылған сұраққа жауап беруге қиналды.

Баланың денсаулыққа құқықтарын қамтамасыз етуге жүргізілген талдау балалар мен жасөспірімдерде салауатты өмір салтын қалыптастыру, қолданыстағы профилактикалық іс-шаралардың тиімділігін арттыру, ата-аналарды, мұғалімдерді, денсаулық сақтау саласындағы мамандарды, жұртшылықты бірлескен іс-шараларды іске асыруға тарту, балалардың мінез-құлық, әлеуметтік және экологиялық тәуекелдерге ұшырауының тұрақты мониторингін қамтамасыз ету бойынша түбегейлі шаралардың қажеттілігін айғақтайды.



## 7-ТАРАУ. БІЛІМ БЕРУ

## 7-ТАРАУ. БІЛІМ БЕРУ

## 7.1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту

Ерте жастағы балалардың дамуы шығындар, адами капиталға инвестициялар тұрғысынан ең тиімді болып саналады және елдің тұрақты дамуына әкеледі.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының негізгі мақсаттарының бірі балаларды сапалы мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен толық қамтуды, балаларды мектепке дайындау үшін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың әртүрлі бағдарламаларына тең қол жеткізуді қамтамасыз ету болды. Қойылған мақсатты іске асыру үшін мектепке дейінгі ұйымдар желісін ұлғайту, білім беру мазмұнын жаңарту, білікті педагогикалық кадрлармен қамтамасыз ету көзделген.

2020 жылы республикада 10 650 мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді, оның ішінде балабақшалар – 6 959 бірлік, шағын орталықтар – 3 691 бірлік, контингенті 885 033 адамды құрайды.

Мектепке дейінгі білім беруді дамытудағы басымдық мемлекеттік-жекешелік әріптестік болып табылады. Елдегі мектепке дейінгі ұйымдардың 43%-ы (4 570 бірлік) жекеменшік болып табылады, бұл 2016 жылдың көрсеткішінен (24,8%) 18,2%-ға жоғары. 3-6 жастағы балаларды қамту 98,7%-ды құрады.

## 7.1-кесте. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының желісі және контингенті, 2020 жыл

№	Өңірлер	Мектепке дейінгі ұйымдардың желісі			Мектепке дейінгі ұйымдардың контингенті
		МҰ барлығы	бала бақшалар	шағын орталықтар	
ҚР		<b>10650</b>	<b>6959</b>	<b>3691</b>	<b>885033</b>
1	Ақмола	601	248	353	32957
2	Ақтөбе	546	386	160	42926
3	Алматы	1201	868	333	91523
4	Атырау	331	204	127	34004
5	БҚО	515	287	228	30463
6	Жамбыл	547	411	136	56560
7	Қарағанды	533	243	290	48234
8	Қостанай	579	188	391	31228
9	Қызылорда	665	575	90	44231
10	Маңғыстау	311	278	33	37254
11	Павлодар	376	154	222	33456
12	СҚО	483	82	401	18373
13	Түркістан	1413	1277	136	152173
14	ШҚО	792	347	445	56978
15	Нұр-Сұлтан қ.	408	365	43	50933
16	Алматы қ.	825	589	236	65108
17	Шымкент қ.	524	457	67	58632

ҰБДҚ деректері бойынша

## 7.2-кесте. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің негізгі көрсеткіштері, 2016-2020 жылдар

Көрсеткіштер атауы	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Барлық МҰ, оның ішінде	9 410	9 828	10 314	10 562	10 650
- балабақшалар	4 915	5 608	6 159	6 623	6 959
- шағын орталықтар	4 495	4 220	4 155	3 939	3 691
Барлық балалар, оның ішінде	807 170	862 305	880 896	892 883	885 033
- балабақшаларда	637 414	707 394	740 734	771 396	780 293
- шағын орталықтарда	169 756	154 911	140 162	121 487	104 740
1-3 жастағы балаларды қамту,%	21,3	24,4	31,7	44,8	47,8
3-6 жастағы балаларды қамту,%	85,8	90,5	95	98,0	98,7

ҚР БҒМ деректері бойынша

Егер Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын (БҒДМБ) іске асырудың бірінші кезеңінде (2011-2015 жылдар) дәстүрлі балабақшаларға балама шағын орталықтар белсенді түрде дамыса, соңғы бес жылда балабақшалар желісін дамыту басым бағыт болды.

2016-2019 жылдарға арналған БҒДМБ екінші кезеңін іске асыру кезеңінде елдегі мектепке дейінгі ұйымдар желісі 1 749 бірлікке ұлғайды (2019 жылы – 10 583 бірлік, 2015 жылы – 8 834 бірлік). Тиісінше, 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту 16,9%-ға ұлғайды (2019 жылы – 98,5%, 2015 жылы – 81,6%).

2020 жылы еліміздің 12 өңірінде: Ақмола, Ақтөбе, Атырау, БҚО, Жамбыл, Қарағанды, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, СҚО, ШҚО және Шымкент қаласында 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі біліммен 100% қамту қамтамасыз етілді. Республикалық көрсеткіштен төмен – Алматы (97,64%), Қостанай (95,69%), Алматы қаласында (86,54%).

Мектепке дейінгі мекемелердің кадрлық құрамының оң динамикасы байқалады. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша жоғары және техникалық кәсіптік білімі бар мектепке дейінгі ұйымдардың педагог қызметкерлерінің үлесі жыл сайын өсіп келеді. 2016-2020 жылдар кезеңінде ол 20%-ға – 35,1%-дан 55,3%-ға дейін ұлғайды.

2020 жылы мектепке дейінгі ұйымдарға балаларды қабылдау процесі жетілдірілді. Кезекке қою қызметі «Электрондық үкімет» немесе «Азаматтарға арналған үкімет» веб-порталдары арқылы қолжетімді болды, бұл ретте көптеген құжаттарды жинау қажеттілігі жойылды. Алғаш рет балабақшаларға бірінші кезекте қабылдау бойынша жеңілдікті санатқа педагогтердің балалары және мүгедек балалары бар отбасылардан шыққан балалар енгізілді. Мектепке дейінгі ұйымдардың жанынан аз қамтылған және көп балалы отбасылардан, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан 1-2 жастағы балаларды тәрбиелеу және оқыту үшін қысқа мерзімді топтар құрылады. Ата-аналардың

қажеттіліктерін ескере отырып, балалары мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған ата-аналар үшін отбасын және тәрбиеленушіні әлеуметтік-педагогикалық қолдау мақсатында консультациялық пункттер құрылады.

Өңірлердің жалпы білім беретін мектептерінің базасында жазғы кезеңде мектепке дейінгі біліммен қамтылмаған және мектепалды даярлық сыныбына қатыспаған балалар үшін 1-2 ай мерзімімен «Балақайлар мектебі» қысқа мерзімді мектепалды даярлық курстары өткізіледі.

Мектепке дейінгі сапалы тәрбие мен оқытуға тең қол жеткізуді қамтамасыз ететін жаңа тәсілдер мен тиімді нысандар ретінде мектепке дейінгі ұйымдардың штатында ата-аналардың қажеттіліктерін ескере отырып, үй жағдайында мектепке дейінгі ұйымдармен қамтылмаған балаларды күтіп-бағу және дамыту үшін «Әлеуметтік бала күтуші» штат бірлігі көзделеді.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесі ішіндегі бәсекелестікті арттыру тетіктерінің бірі қаржыландырудың ваучерлік жүйесі болады.

Сонымен қатар, елімізде балалардың демографиялық өсуінің сақталуына байланысты кезектілік проблемасы өзекті болып қалуда. Мектепке дейінгі мекемелерге бару үшін 364 206 бала кезекте тұр, оның ішінде қалалық жерлерде – 288 155, ауылдық жерлерде – 76 051. 3 жастан 6 жасқа дейінгі балалар саны 58 381 (16%).

#### 7.1-диаграмма. 2020 жылдың 1 қазанына арналған балабақшаларға кезек, адам



ҰБДҚ деректері бойынша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасына әсер ететін факторлар мектепке дейінгі білім беру саласындағы басқа да маңызды проблемалар болып табылады: жұмыс істейтін кадрлардың ескіруі, жас мамандарды даярлау деңгейін арттыру қажеттілігі, инклюзивті білім беру үшін жағдайларды дамыту.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда педагог кадрлардың жалпы санының 50,84%-ында біліктілік санаты жоқ. Бұдан басқа, педагогтің жалақысын арттыру бойынша қабылданған шараларға қарамастан, балабақша тәрбиешілерінің жалақысы төмен болып қалуда, бұл білікті мамандардың кәсібінен көптеп кетуін тудырады.

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар үшін мектепке дейінгі білім беруге қолжетімділіктің жеткіліксіздігі тағы бір өзекті проблема болып табылады.

ҚР БҒМ деректері бойынша республикада 4 229 бала, 335 топ контингенті бар 42 арнайы балабақша жұмыс істейді. 217 мектепке дейінгі ұйымда 8 229 баланы қамтитын 534 арнайы топ құрылды.

Республиканың жеті өңірінде: Ақмола, Алматы, Жамбыл, БҚО, Қостанай, СҚО, Түркістан облыстарында мектепке дейінгі арнайы мекемелер желісі жоқ.

#### 7.3-кесте. Арнайы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының желісі және балалар контингенті, 2020 жыл

Өңірлер	Арнайы балабақшалар			Жалпы типтегі балабақшалардағы арнайы топтар		
	барлығы	ондағы топтар	ондағы балалар	арнайы топтары бар МҰ	ондағы арнайы топтар	ондағы балалар
<b>ҚР</b>	<b>42</b>	<b>335</b>	<b>4229</b>	<b>217</b>	<b>534</b>	<b>8229</b>
Ақмола	0	0	0	18	35	458
Ақтөбе	4	39	509	11	22	282
Алматы	0	0	0	13	27	520
Атырау	1	8	100	6	6	53
БҚО	0	0	0	11	22	232
Жамбыл	0	0	0	14	56	1302
Қарағанды	1	10	162	27	107	1486
Қостанай	1	5	36	13	25	297
Қызылорда	0	0	0	9	24	418
Маңғыстау	2	20	185	0	0	0
Павлодар	7	44	547	2	10	120
СҚО	0	0	0	6	13	141
Түркістан	0	0	0	27	63	1330
ШҚО	7	52	750	12	22	277
Нұр-Сұлтан қ.	2	23	241	35	79	989
Алматы қ.	12	88	1166	10	19	264
Шымкент қ.	5	46	533	3	4	60

ҰБДҚ деректері бойынша

## 7.2. Орта білім беру

Білім алу құқығын қамтамасыз ету адамның басқа негізгі құқықтарын жүзеге асыру үшін өте маңызды.

2015 жылы Қазақстан Республикасы БҰҰ құжатының бағдарлары «Қазақстан – 2050» стратегиясында, «Бес институционалдық реформаны іске асыру жөніндегі 100 нақты қадам» Ұлт жоспарында, Мемлекет басшысының бес әлеуметтік бастамасында және «Рухани жаңғыру» бағдарламасында белгіленген елдің басымдықтары мен міндеттеріне толық сәйкес келетіндігін басшылыққа ала отырып, тұрақты даму мақсатына (ТДМ) қол жеткізу бойынша өзіне міндеттемелер қабылдады.

Жақын арада ел қол жеткізген прогресті бағалау қажет болатын негізгі ТДМ бірі № 4 «Барлығын қамтитын және әділ сапалы білім беруді қамтамасыз ету және барлық адамдар үшін өмір бойы оқыту мүмкіндіктерін көтермелеу» ТДМ болып табылады.

Оған қол жеткізу үшін әлемде білім беруді дамытудың негізгі бағыттары айқындалды: мектепалды даярлықты қамтамасыз ету, 12 жылдық мектеп білімінің моделі, оқушылардың бойында 21-ғасыр дағдыларын дамыту. Аталған бағыттар қазақстандық білім беру жүйесі үшін де басым бағыттар болып табылады.

Алайда, отандық білім және ғылым жүйесінде шешуді талап ететін бірқатар өзекті мәселелер бар. Қазақстан халқының сауаттылық деңгейі мен құзыреттілігін бағалау әлемнің көптеген елдерінен айтарлықтай артта қалғанын көрсетеді. ЭЫДҰ (PIAAC) ересектердің құзыреттіліктерін халықаралық бағалау бағдарламасының (16-65 жас) нәтижелері бойынша Қазақстан оқырмандық бойынша 34-орынды, математикалық сауаттылық бойынша 33-орынды (39 елден) және ақпараттық-коммуникативтік технологиялар саласындағы сауаттылық бойынша 32-орынды (36-дан) иеленді. Қазақстанның нәтижелері ЭЫДҰ-ға қатысушы елдер мен Ресей Федерациясының орташа көрсеткішінен әлдеқайда төмен (оқу сауаттылығы бойынша 9-орын және математикалық сауаттылық бойынша 15-орын). Білім және ғылым жүйесіндегі осы жағдай өзгермеген жағдайда, жақын болашақта ұлттық адами капитал сапасының одан әрі нашарлауы, кадрлардың депрофессионализациясы және елдің экономикалық әлеуетінің төмендеуі сөзсіз<sup>12</sup>.

Негізгі проблемаларды шешу, білім және ғылым жүйесін оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру және ЭЫДҰ елдерінің үздік практикаларына жақындату үшін дамыту 2020-2025 жылдарға арналған БҒДМБ-да көзделген. Білім және ғылым сапасын жақсарту жөніндегі шараларды іске асыру нәтижесінде 3-6 жастағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқытумен 100% қамтуға қол жеткізу, 3 ауысымдық оқытуды жою, ауылдық жерлердегі тірек мектептерді интернаттармен 100% қамтамасыз ету, 150 және одан көп оқушы орыны бар мектептерде дене шынықтырумен және спортпен айналысу үшін жағдай жасау, кабинеттер мен мұғалімдерді компьютерлік техникамен 100% қамтамасыз ету күтілуде.

Орта білім білім беру жүйесінің базалық деңгейі болып табылады.

2020-2021 оқу жылында республикада жалпы орта білім беру ұйымдарының желісі жалпы контингенті 3 481 347 баламен 7 440-ты құрады.

## 7.4-кесте. Орта білім беру ұйымдарының желісі мен контингенті, 2020-2021 оқу жылы

№	Өңірлер	Желі	Контингент
	ҚР	<b>7 440</b>	<b>3 481 347</b>
1	Ақмола	572	132 325
2	Ақтөбе	422	161 361
3	Алматы	793	435 664
4	Атырау	208	136 729
5	БҚО	388	112 654
6	Жамбыл	467	242 353
7	Қарағанды	535	209 028
8	Қостанай	507	111 873
9	Қызылорда	314	171 547
10	Маңғыстау	163	160 107
11	Павлодар	367	113 507
12	СҚО	480	74 789
13	Түркістан	930	501 414
14	ШҚО	677	198 003
15	Нұр-Сұлтан қ.	133	194 928
16	Алматы қ.	300	298 520
17	Шымкент қ.	184	226 545

ҰБДҚ деректері бойынша

Коронавирустық инфекцияның пандемиясына байланысты карантиндік шараларға сәйкес бастауыш сынып оқушыларының 60%-ы 2020-2021 оқу жылының басында кезекші сыныптарда оқыды. 2,6 млн-ға жуық оқушы оқу жылын мектептер өздері таңдаған отандық білім беру платформаларын қолдана отырып, қашықтықтан бастады. Республикалық «Балапан» және «Ел Арна» телеарналарында білім алу үшін қосымша құрал қызметін атқаратын телесабақтарды тарату ұйымдастырылды.

2020 жылы апатты жағдайдағы мектептер, үш ауысымды оқыту проблемалары өзекті болып қала берді. ҰБДҚ деректері бойынша республикада апатты жағдайдағы 36 мектеп, 160 мектеп үш ауысымда сабақ жүргізеді (2016 жылы апатты – 64, үш ауысымда сабақ жүргізетіндер – 127).

Апатты мектептердің ең көп саны БҚО-да (7 бірлік), Түркістан (6 бірлік), Атырау (4 бірлік) облыстарында. Үш ауысымда еліміздің 12 өңірі мен Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент қалаларының оқушылары оқиды. 3 ауысымда оқытатын мектептердің ең көп саны Алматы (49 бірлік), Шымкент (18 бірлік) қалаларында, Маңғыстау облысында (15 бірлік) жұмыс істейді.

**7.5-кесте. ЖАО-ға ведомстволық бағынысты, авариялық жағдайдағы және үш ауысымда сабақ жүргізетін күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің саны**

№	Өңірлер	мектептердің барлығы	үш ауысымды	авариялық
ҚР		<b>6957</b>	<b>160</b>	<b>36</b>
1	Ақмола	403	11	2
2	Ақтөбе	760	11	3
3	Алматы	195	49	1
4	Атырау	377	11	4
5	БҚО	442	5	7
4	Жамбыл	504	7	2
7	Қарағанды	488	3	3
8	Қостанай	293	0	1
9	Қызылорда	140	7	2
10	Маңғыстау	355	15	0
11	Павлодар	468	11	0
12	СҚО	899	3	2
13	Түркістан	646	4	6
14	ШҚО	90	0	0
15	Нұр-Сұлтан қ.	207	4	0
16	Алматы қ.	139	1	1
17	Шымкент қ.	551	18	2

ҰБДҚ деректері бойынша

2020 жылдың қорытындысы бойынша 102 мектеп пайдалануға берілді, оның ішінде үш ауысымды мектептердің орнына – 32 мектеп, апатты мектептерді жою үшін – 10, оқушы орындарының тапшылығын жою үшін – 46, сейсмикалық күшейту мақсатында – 14 мектеп және т.б.

Ағымдағы жылдың басында 6 719 күндізгі жалпы білім беретін мектеп кең жолақты интернет желісіне 4 мбит/сек және одан жоғары жылдамдықпен қосылды, бұл ретте 218 мектепте Интернет жылдамдығы 4 Мб/сек аспайды. Интернет жылдамдығы 4 Мб/сек дейінгі мектептердің ең көп саны Түркістан (121 бірлік), Алматы (43 бірлік), СҚО (18 бірлік).

Республикада оқу жылының басында 196 302 оқушы контингентімен 2 787 шағын жинақты мектеп (ШЖМ) жұмыс істейді. ШЖМ ең көп саны – Ақмола облысында (367), СҚО (362), ШҚО (343), Қостанай (325), Алматы (226), Қарағанды (220), БҚО (217).

2020-2021 оқу жылында жаңартылған мазмұнға көшу аяқталды. Назарбаев Зияткерлік мектептерінде оқушыларды оқытудың озық тәжірибесіне негізделген жаңартылған білім беру мазмұнының оқу бағдарламасы бірінші сыныптарда 2016-2017 оқу жылында енгізілді және 2020-2021 оқу жылына қарай жалпы орта білім берудің барлық сатыларына таратылды.

Жаңартылған білім беру мазмұны бар сыныптарда критериалды бағалау жүйесі енгізілді. Бұл әдіс оқушылардың білімі мен дағдыларын

сапалы және объективті бағалауды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, жүйе мектеп оқушыларының өз жұмысын дұрыс бақылау және бағалау, туындаған қиындықтардың себептерін өз бетінше анықтау және оларды жою қабілеттерін дамытады.

Оқулықтарды әзірлеу сапасын арттыру үшін оқулықтарды дайындау бойынша курстардан өту сертификатының болуын және оқулықтарға сараптама жүргізетін оқулық авторларына қойылатын талаптар күшейтілді. Баспалар оқулықтардың сапасы үшін оқулықтарды әзірлеуден бастап оқулықтың дайын шығарылуына дейін, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешен материалдарының салмағы мен сапасына қойылатын санитарлық нормаларды сақтай отырып жауап береді.

ЖАО-ға ведомстволық бағынысты күндізгі жалпы білім беретін мектептер педагогтерінің саны 313 956 адамды құрады, оның ішінде 7893-і немесе 2,5%-ы жас мамандар, оның ішінде 2,2%-ы ауылдық жерлерде. Ағымдағы жылы педагог мәртебесін арттыру шеңберінде педагогтердің лауазымдық жалақылары 25%-ға ұлғайтылды, төрт жыл ішінде жалақы екі есеге артады деп көзделуде. Сондай-ақ, педагогикалық шеберлік, тәлімгерлік, магистр дәрежесі үшін қосымша ақылар қарастырылған, сынып жетекшілігі мен дәптерлерді тексергені үшін қосымша ақы 2 есеге арттырылған.

Педагогтердің білімі мен құзыреттерін сапалы және объективті бағалауды қамтамасыз ету үшін педагогтерге кез келген ыңғайлы уақытта қатысуға мүмкіндік беретін Ұлттық біліктілік тестілеуін тапсырудың электрондық форматы енгізілді. Алғаш рет мектепке дейінгі, қосымша және техникалық кәсіптік білім беру педагогтерін, сондай-ақ әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлерін аттестаттау енгізілді. Аттестаттау қорытындысы бойынша педагогтерге лауазымдық жалақының 30%-дан 50%-ға дейінгі мөлшерінде біліктілігі үшін қосымша ақы төлеу, білім беру ұйымдарының басшылары мен басшыларының орынбасарларына біліктілік санаты үшін 30%-дан 100%-ға дейінгі қосымша ақы белгілеу көзделген.

Сондай-ақ, ағымдағы жылы жас педагогтерды қолдау үшін орта білім беру ұйымдарында тәлімгерлік институты енгізілді.

2020 жылғы 1 қыркүйектен бастап 1 584 күндізгі мемлекеттік қалалық толық жиынтықты жалпы білім беретін мектептерде жан басына нормативтік қаржыландыруды толық ауқымды енгізу жүргізілді, бұл толық жинақты мектептердің жалпы санының 34,1%-ын құрайды (4 643). Осы мақсаттарға 2020 жылы мемлекеттік бюджеттен 336,0 млрд теңге бөлінді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 34,2%-ға жоғары. Бұл ретте мектеп бюджеті орта есеппен 20%-ға ұлғайды. Жан басына нормативтік қаржыландыруды енгізу қаржы ресурстарын бөлу кезінде субъективті факторлардың әсерін едәуір төмендетуге, білім беру ұйымдарының экономикалық қорғалуын және олардың бөлінген қаражатты тиімді және ұтымды пайдалануға мүдделілігін арттыруға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, баяндаманы дайындау барысында жүргізілген әлеуметтік зерттеу шеңберінде педагогтер жалпы білім беретін оқу орындары көрсететін қызметтердің сапасын арттыруға кедергі келтіретін себептерді айқындағанын атап өту қажет. Педагогтер атап өткен ең көп кездесетін мәселелер:

1. Әлсіз материалдық-техникалық база және қаржылық қамтамасыз етілу. Мектеп ғимаратының оқушылар мен педагогтердің қажеттіліктеріне сәйкес келмеуі: кабинеттердің жеткіліксіздігі, олардың көлемінің тарлығы; арнайы үй-жайлардың: спорт залдарының, акт залдарының, жеке сабақтарға арналған

кабинеттердің және мұғалімдер мен басқа да мамандар үшін кеңселердің, техникалық жарақтандырудың (интернет-ресурстардың) және т. б. болмауы.

2. Кадрлық проблемалар: білікті педагог кадрлардың (мұғалімдердің, психологтардың, әлеуметтік педагогтердің, кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі инспекторлардың) жеткіліксіз саны, педагогтің әлеуметтік және экономикалық мәртебесінің төмендігі, мұғалімдердің шамадан тыс есептілікпен жүктелуі және басқалар.

«Кадрлар жоқ. Кадрларға, жақсы кадрларға ешкім мән бермейді. Адамдарды мектепке жұмысқатартуға, тұрғын үй беруге және жоғары жалақы алуға қызықтыру керек. Педагогикаға шарасыздықтан келеді. Мектептерде жақсы психологтар, әлеуметтік педагогтер жоқ. Тіпті, *білікті кадрлар өте аз. Ал тексерулер мен сынақтар тек қалғандарды қорқытады.* Педагогке деген көзқарасты қайта қарау керек. Институттар мен колледждерге түсуден бастап оның мәртебесін күрт көтеру керек», «Әрдайым білікті мамандар табыла бермейді» «Мамандар жетіспейді», «Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекторлардың жетіспеушілігі», «Ескі көзқарастағылардың көптігі, жас мамандардың жетіспеушілігі», «Жақсы практик-психологтың болмауы. Барлығы есептерде ғана өте жақсы», «Көмекке мұқтаж балалар көп, мамандар аз», «Әлеуметтік қызмет біліктілігін арттыру», «Мектеп инспекторының үнемі болмауы және жиі ауысуы», «Білім беру жүйесі авторитаризмге негізделген. Жеке тәсілдерсіз талаптар. Барлығы ескіше», «Білімді жастар ұзақ тұрмайды» (мұғалімдердің жауаптары).

3. Сыныптардың толып кетуі.

4. Тәрбие жұмысындағы формализм: «Тәрбие жұмысы негізінен қағаз жүзінде», «Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының жүктемесіне байланысты буллинг, кибербуллинг мәселелеріне тиісті көңіл бөлінбейді», «Әркімнің өз проблемасы бар, барлығы өз жұмысымен айналысады, балалар туралы ойлайтындар аз».

5. Педагогтердің ата-аналармен өзара әрекеттесу деңгейі әлсіз: «Ата-аналардың мектеп жұмысына шамадан тыс қатысуы олардың құқықтарын мұғалімдерден жоғары қояды», «Ата-аналар балаға көп мән бермейді», «Ата-аналармен жұмыс. Көптеген ата-аналар мұғалімге түсіністікпен қарамайды», Проблемалы оқушылар мен олардың ата-аналары *нашар байланыс жасайды*, «Ата-аналармен *нашар байланыс*», «Мемлекет тарапынан қорғаудың болмауы». *Ата-аналар жанжал шығарады және көбінесе аудандық білім бөлімдері мұғалімдерді кінәлайды. Тек ата-аналарды тыңдайды және проблемалар туындаған жағдайда, жағдайдың екі жағынан көрінісі ескерілмейді. Менің ойымша, бұл дұрыс емес. Мұғалімнің мәртебесі өте төмен. Балаларды мәдениеттілікке тәрбиелеумен алдымен мұғалім емес, ата-ана айналысуы керек*, «Кейбір ата-аналардың өздері балаларына проблемалар туғызады», «Ата-аналар тарапынан қолдау жеткіліксіз», «Ата-аналардың арсыздығы», «Ата-аналардың үйдегі тәрбиесі әрқашан адамгершілік нормаларына сәйкес келе бермейді, отбасылық кикілжіндер балалардың психикасына қатты әсер етеді (ажырасу, жанжал жағдайлары және отбасындағы қаржылық қиындықтар)».

Аталған проблемалардың ішінде жалақы мәселесі тек бір рет (500 жауаптан) айтылған, бұл соңғы жылдары педагогтер жалақысы өсуінің оң серпінімен байланысты.

Орта оқу орындарын барлық қажетті ресурстармен қамтамасыз ету – баланың сапалы білім алу құқығын іске асырудың маңызды факторы. Мұғалімдердің жоғарыда келтірген пікірлерінен қазіргі мектепте балалардың

білім алу жағдайларына теріс әсер ететін бірқатар проблемалар бар деп қорытынды жасауға болады. Бұл тұжырымды педагогтердің балалардың сапалы білім алуға, тәрбиеленуге, дамуына құқықтарын сақтау үшін мектептердің адами, материалдық, техникалық ресурстармен қамтамасыз етілуін бағалау туралы әлеуметтік зерттеу сұрағына жауаптары да растайды.


Балалардың сапалы білім/тәрбие/даму құқығын сақтау үшін ұйымыңыздың адами, материалдық, техникалық және басқа ресурстармен қамтамасыз етілуін бағалаңыз:



Егер талдаудан «Білікті педагогтер» позициясын алып тастасақ (респонденттер өздерін бағалауы қажет болғанда), қалған барлық параметрлер бойынша орта оқу орындарының ресурстармен қамтамасыз етілуін мұғалімдер 42,2%-дан (интерактивті такталар) 66,4%-ға (санитарлық бөлмелер (дәретханалар) дейін бағалайды. Бұл диапазонда бір ғасыр жатыр: егер цифрландыру мәселелері жақында өзекті болса, санитарлық-гигиеналық жағдайларды қамтамасыз ету мәселелері өткен ғасырдың басынан бастап шешілуде.

Кейбір позициялар бойынша қалалар мен ауылдық жерлердегі жағдайлар арасында елеулі айырмашылық байқалады.

7.3-диаграмма. Жалпы білім беретін мектептердің ресурстармен қамтамасыз етілуі (ішінара)



«Қолжетімді сапалы білім» ұғымының мазмұны біздің көз алдымызда тез өзгеріске ұшырайды. Бүгінде Қазақстанда ол үштілділікке сұранысты қамтиды. Педагогтерге мектептердің осы мемлекеттік міндетті шешуге дайындығын бағалау ұсынылды.

Алынған жауаптарды талдау кезінде деректерді поляризациялау әдісі қолданылды. Респонденттер білім беру процесінің әртүрлі аспектілерін 5 балдық шкала бойынша бағалады, мұнда 5 балл толық дайындықты, ал 1 балл абсолютті дайын емес дегенді білдіреді. Барлық орташа бағалар (3 балл) алынып тасталды, ал қалған бағалар келесідей топтастырылды және жинақталды: бір полюсте 5 және 4 балл, екіншісінде 1 және 2 балл.


Кесте	Дайын	Дайын емес
Қажетті тілді меңгерген педагогтердің болуы	30,6	39,2
Тиісті тілдерде оқулықтардың болуы	30,2	41,0
Тиісті тілдерде басқа оқу-әдістемелік материалдардың болуы	28,2	43,8
Тиісті оқу бағдарламаларының болуы	32,0	42,2

Мұғалімдердің бағалауы бойынша, бүгінгі мектеп үштілділіктің мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға дайын емес, демек, қазақстандық балалардың сапалы білім алу құқығын іске асыру бойынша барлық қажетті жағдайлар жасау туралы айтуға әлі ерте.

Білім беру саласында инклюзия саясатын іске асыру да күрделі міндет болып табылады. Инклюзия азаматтардың барынша кең ауқымын қоғамдық процестерге қосу практикасы ретінде адами капиталды дамытудың ең тиімді құралдарының бірі болып табылады. Инклюзия процесі неғұрлым ертерек жүрсе, адамның сәтті әлеуметтену ықтималдығы соғұрлым жоғары болады. Бұл ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін өте маңызды.

Педагогтерге орта оқу орындарының инклюзивті білім беруді енгізуге қаншалықты дайын екендігін бағалау ұсынылды.

**Сіздің мектебіңіз/колледжіңіз ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға инклюзивті білім беруді енгізуге дайын деп ойлайсыз ба?**



Алынған жауаптарға қарағанда, елдің жалпы білім беру мекемелерінде білім беру инклюзиясына дайындық әлі де өте төмен. Респонденттердің бестен бір бөлігі ғана мектептердің ерекше қажеттіліктері бар балаларға қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге толық дайындығын көрсетті. Осы проблемалардың ішінде сауалнамаға қатысушылар кадрлармен қамтамасыз ету және тиісті бағдарламалардың болмауы мәселелерін атап өтті. Әрбір оныншы педагогтің өзінің оқу орнының мүмкіндіктерін бағалауға қиналғаны да назар аудартады.

### 7.3. Инклюзивті және арнайы білім беру

Қазақстан Республикасында 2010 жылдан бастап инклюзивті білім беруді дамыту бойынша жоспарлы жұмыс жүргізілуде, оның негізгі қағидаты ерекше білім беру қажеттіліктері бар (бұдан әрі – ЕБК) баланың тиісті жағдайлар жасалған кезде жалпы білім беретін ортада дені сау құрдастарымен бірлесіп оқуға құқығы болып табылады.

2020-2021 оқу жылының басында инклюзивті білім беру үшін жағдай жасаған мектептердің үлесі 74,9%-ды құрады (2016-2017 оқу жылы – 44,7%).


### 7.6-кесте. Инклюзивті білім беру үшін жағдай жасаған мектептер

№	Өңірлер	Инклюзивті білім беру үшін жағдай жасаған мектептер саны		Инклюзивті білім беру үшін жағдай жасаған мектептер үлесі	
		2020 жыл	2016 жыл	2020 жыл	2016 жыл
ҚР		5214	3289	74,9	44,7
1	Ақмола	449	328	81,5	55,8
2	Ақтөбе	323	281	80,1	65,7
3	Алматы	506	330	66,6	43,7
4	Атырау	139	112	71,3	57,1
5	БҚО	282	249	74,8	63,2
6	Жамбыл	308	220	69,7	47,9
7	Қарағанды	336	166	66,7	30,6
8	Қостанай	389	331	79,7	61,3
9	Қызылорда	254	77	86,7	25,2
10	Маңғыстау	115	79	82,1	53,0
11	Павлодар	313	169	88,2	43,2
12	СҚО	333	211	71,2	40,5
13	Түркістан	621	457	69,1	43,9
14	ШҚО	484	138	74,9	20,4
15	Нұр-Сұлтан қ.	78	58	86,7	55,8
16	Алматы қ.	183	83	88,4	31,9
17	Шымкент қ.	101	-	72,7	-

ҰБДҚ деректері бойынша

Мектеп жасындағы ЕБҚ бар балалардың саны 107 348-ді құрады, оның ішінде 41 581 (38,7%) бала инклюзивті білім берумен қамтылған (2016-2017 оқу жылында 25,95%).

**7.4-диаграмма. Жалпы білім беру ұйымдарында инклюзивті білім берумен қамтылған оқушылар саны (2020-2021 оқу жылы)**



Соңғы бес жылда арнайы білім беру ұйымдарының желісі негізінен ПМПК, ППТК, РО дамыту есебінен 57 бірлікке ұлғайды.

**7.7-кесте. Арнайы білім беру ұйымдарының желісі**

Желі	2020-2021 оқу жылы	2016 -2017 оқу жылы
Барлық арнайы білім беру ұйымдары	403	346
арнайы мектепке дейінгі ұйымдар	42	42
арнайы жалпы білім беретін білім беру ұйымдары	100	97
психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар	66	52
психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері	176	143
оңалту орталықтары	19	12

100 арнайы мектепте 14 989 оқушы оқиды. Сонымен қатар, жалпы білім беретін мектептерде 2007 арнайы сынып жұмыс істейді, онда 11 175 бала бар. ЕБҚ бар 8335 бала үйде оқиды.

**7.8-кесте. Арнайы мектептер саны, 2020-2021 оқу жылы**

№	Өңірлер	арнайы мектептер		
		барлығы	ондағы сыныптар	ондағы балалар
<b>ҚР</b>		<b>100</b>	<b>1889</b>	<b>14989</b>
1	Ақмола	5	106	665
2	Ақтөбе	4	71	573
3	Алматы	7	115	887
4	Атырау	3	59	281
5	БҚО	3	13	548
6	Жамбыл	4	82	498
7	Қарағанды	10	193	1419
8	Қостанай	6	141	747
9	Қызылорда	3	23	266
10	Маңғыстау	4	71	619
11	Павлодар	7	111	804
12	СҚО	7	95	578
13	Түркістан	8	158	1330
14	ШҚО	13	197	1688
15	Нұр-Сұлтан қ.	3	95	863
16	Алматы қ.	8	278	2420
17	Шымкент қ.	5	81	803



2020 жылы ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары ҚР кейбір нормативтік құқықтық актілеріне ҚР инклюзивті білім беру қызметін реттейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу жобасын ұсынды.

Осы заң жобасын қолданысқа енгізу бұрын қолданыста болған нормативтік құқықтық актілердің екінің инклюзивті білім берудің «медициналық» моделінен «әлеуметтік-педагогикалық» моделіне ауыстыруға мүмкіндік береді. Осылайша, ЕБҚ бар (денсаулығы нашар балалар, мигранттар, босқындар, қиын өмірлік жағдайға тап болған балалар, әлеуметтік-экономикалық мәртебесі төмен отбасылардан шыққан балалар) адамдардың ең кең ауқымы қажетті педагогикалық қолдаумен қамтылады.

2020 жылы білім берудің барлық деңгейлерінде ҚР білім беру қызметкерлерінің үлгілік штаттарына жалпы білім беру процесінде ЕБҚ бар балаға педагогикалық қолдау көрсетуге арналған педагог-ассистент бірлігін енгізу айтарлықтай өзгеріс болды.

Инклюзивті білім беруді дамытуда қоғамдық ұйымдар үлкен рөл атқарады. «Болашақ» корпоративтік қорының «Әрбір бала мектепке баруға лайық» жобасын іске асыру шеңберінде жергілікті атқарушы органдардың көмегімен 2015-2020 жылдар кезеңінде республиканың 17 өңірінде жалпы білім беретін мектептер жанынан 41 инклюзияны қолдау кабинеті ашылды, оларда аутизммен ауыратын және басқа ЕБҚ бар 400-ден астам балаға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетіледі.

Соңғы жылдары инклюзивтік білім беруді дамытудағы белгілі бір оң өзгерістерге қарамастан, қазақстандық және халықаралық сарапшылар Қазақстандағы инклюзивтік білім беруді дамытудың мынадай негізгі проблемаларын бөліп көрсетеді:

- балаларды жұмысқа орналастыру мен әлеуметтендіруді қоса алғанда, білім берудің барлық деңгейлерінде ЕБҚ бар балаларды қолдаудың білім беру бағдарламаларының сабақтастығына жүйелі тәсілдің болмауы;
- инклюзивті білім беру саласындағы зерттеулер санының жеткіліксіздігі;
- педагогтердің инклюзивті білім беру қағидаттарын іске асыруға және ілгерілетуге әзірлігінің жеткіліксіздігі;
- барлық деңгейлерде инклюзивті білім беру қағидаттарын жеткіліксіз сақтау;
- қоғамда инклюзивті мәдениет қағидаттарын сақтамау.

Инклюзия азаматтардың барынша кең ауқымын қоғамдық процестерге қосу практикасы ретінде адами капиталды дамытудың ең тиімді құралдарының бірі болып табылады. Инклюзия процесі неғұрлым ертерек жүрсе, адамның сәтті әлеуметтену ықтималдығы соғұрлым жоғары болады. Бұл ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін өте маңызды.

Сарапшылар бөліп көрсеткен проблемалар инклюзивті білім беру саясатын іске асыру деңгейінің жеткіліксіздігін атап өткен педагогтердің әлеуметтік зерттеулерінің деректерімен расталады. Педагогтерге орта оқу орындарының инклюзивті білім беруді енгізуге қаншалықты дайын екендігін бағалау ұсынылды.

Алынған жауаптарға сүйене отырып, елдің білім беру мекемелерінде білім беру инклюзиясына дайындық әлі де өте төмен деген қорытынды жасауға болады. Респонденттердің бестен бір бөлігі ғана мектептердің ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балалар үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге толық дайындығын көрсетті. Осы проблемалардың ішінде сауалнамаға қатысушылар кадрлармен қамтамасыз ету және тиісті бағдарламалардың болмауы мәселелерін

атап өтті. Әрбір оныншы педагогтің өзінің оқу орнының мүмкіндіктерін бағалауға қиналғаны назар аудартады.

Инклюзивті білім беру проблемаларын шешу жолдары:

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың мәселелерін шешумен айналысатын әртүрлі ведомстволардың мемлекеттік органдары арасындағы жүйелі өзара іс-қимылды күшейту;
- білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау жүйелерінің, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдармен жұмыс істеуге, аутизмі бар балалармен және ЕБҚ бар басқа да санаттармен жұмыс істеуге тікелей тартылған қызмет көрсету саласы объектілерінің мамандарын даярлау және қайта даярлау;
- ерекше қажеттіліктері бар балалардың бос уақытын өткізу, пайдалы жұмыспен қамту және тұрмыстық қызмет көрсету ұйымдарын (балалар кафелері, шаштараздар, театрлар, студиялар, үйірмелер, спорт секциялары және т.б.) құру.
- инклюзивті білім беру бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыруға, «Педагогика және психология», «Арнайы білім беру» мамандықтары бойынша мемлекеттік білім беру гранттарына және басқа да педагогикалық мамандықтарға мемлекеттік тапсырысты ұлғайту;
- инклюзивті білім беру бойынша ғылыми зерттеулерді қаржыландыруды ұлғайту;
- барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарында кедергісіз білім беру және физикалық органы құру және жақсарту жөніндегі жұмысты жалғастыру (физикалық қолжетімділік; оқу-әдістемелік кешендермен және оқу құралдарымен қамтамасыз ету; қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыру).

#### 7.4. Қосымша білім беру

Балаларға қосымша білім беру білім беру кеңістігінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Республикада ҰБДҚ деректері бойынша 2020-2021 оқу жылының басында контингенті 995 522 бала болатын 1 272 қосымша білім беру ұйымы жұмыс істейді.

#### 7.9-кесте. Қосымша білім беру ұйымдарының желісі мен контингенті, 2020-2021 оқу жылы

№	Өңірлер	ҚБ ұйымдарының желісі	ондағы балалар
	ҚР	1272	995 522
1	Ақмола	84	34486
2	Ақтөбе	85	55008
3	Алматы	109	73922
4	Атырау	63	50330
5	БҚО	76	75730
6	Жамбыл	108	94165
7	Қарағанды	101	80256
8	Қостанай	76	56734
9	Қызылорда	59	50382

10	Маңғыстау	46	46321
11	Павлодар	58	65598
12	СҚО	82	41758
13	Түркістан	117	85447
14	ШҚО	113	79815
15	Нұр-Сұлтан қ.	24	35378
16	Алматы қ.	37	36090
17	Шымкент қ.	34	34102

2015-2020 жылдар кезеңінде қосымша білім беру ұйымдарының желісі 860-тан 1272-ге дейін, қосымша білім берумен қамтылған балалардың үлесі 24,5%-дан 28,6%-ға дейін ұлғайды.

#### 7.10-кесте. Қосымша білім беру ұйымдарының желісі, 2015-2020 жылдар

№	Көрсеткіш	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
1	Желі	860	1285	1287	1303	1256	1272
2	Контингент	673 219	951 557	947 327	993 779	1 028 896	995 522

#### 7.11-график. Қосымша білім берумен қамтылған балалардың үлесі, 2015-2020 жылдар



Мектептерде 1 216 073 (35%) білім алушыны қамти отырып, 75 мыңнан астам үйірме және 965 155 (28%) білім алушыны қамти отырып, 45 мыңнан астам секция жұмыс істейді, бұл ретте үйірмелердің 85,8%-ы және секциялардың 92,1%-ы ақысыз негізде жұмыс істейді.

#### 7.11-кесте. Мектептер жанындағы қызығушылықтар бойынша үйірмелер саны, 2015-2020 жылдар

№	Көрсеткіш	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
1	Желі	56 586	52 477	62 067	63 172	77 612	75 661
2	Контингент	1 027 354	977 125	1 417 639	1 645 295	1 652 633	1 216 073

#### 7.2-график. Мектептер жанындағы қызығушылықтар бойынша үйірмелермен қамтылған балалардың үлесі, 2015-2020 жылдар



Бос уақытты ұйымдастыру баланың денсаулығы мен дамуына айтарлықтай әсер ететіні белгілі. Үйірмелерге, клубтарға, секцияларға және басқа да қосымша білім беру ұйымдарына бару балаларды әлеуметтендіру, құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша бірқатар маңызды функцияларды орындайды, жеке тұлғаның сау және жан-жақты дамуына ықпал етеді.

ТМД және Еуропа елдерінде балаларды қосымша білім берумен қамтуды салыстырмалы талдау елде осы көрсеткіштің айтарлықтай төмен деңгейін көрсетеді (28,6%), ал Ресей Федерациясында қосымша білім берумен қамтылған мектеп жасындағы балалардың үлесі 70%, Беларусь Республикасында 44%, АҚШ-та 73%, Еуропа елдерінде 50%-дан жоғары.

Балаларды қосымша біліммен қамтуды ұлғайтуға кедергі келтіретін маңызды факторлар:

- қосымша білім беру ұйымдарының материалдық базасының әлсіздігі және қазіргі заманғы жабдықтардың болмауы (ҚБ ұйымдарының 13%-ы күрделі жөндеуді талап етеді);
- тұрғылықты жеріне жақын жерде мектептен тыс ұйымдардың және тегін үйірмелердің жетіспеушілігінен (23,1%) балалардың қосымша білім беру қызметтеріне тең қолжетімділігінің болмауы;
- мектептен тыс ұйымдарда ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар үшін кедергісіз жағдайлардың болмауы (ЕБҚ бар балаларды қамту – 5 486);
- ауылдық жерлердегі мектептен тыс ұйымдарда балаларды қосымша біліммен қамтудың төмендігі (11,1%).

Балаларды қосымша біліммен қамтуды ұлғайту мақсатында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 8 қаңтардағы ҚР Заңымен қосымша білім беруге мемлекеттік тапсырысты орналастыруды көздейтін норма енгізілді. Бұл шара қосымша жұмыс орындарын құруға, материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жақсартуға және ұсынылатын қосымша білім беру қызметтерінің, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде ұсынылатын қызметтердің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, 2020-2025 жылдарға арналған БҒДМБ-да қосымша білім беруді жан басына қаржыландыруға көшу және ваучерлік жүйені енгізу көзделген, бұл мемлекеттік-жекешелік әріптестік қағидатын іске асыруға мүмкіндік береді және қосымша білім беру саласында көрсетілетін қызметтердің қамтылуы мен сапасын арттырады.

Осы баяндаманы дайындау шеңберінде жүргізілген балалардың құқықтарын іске асыру жөніндегі әлеуметтік зерттеудің нәтижелері сауалнамаға қатысушылардың басым көпшілігінде (83,4%) оқу орындарында және/немесе елді мекендерде үйірмелер, қызығушылықтар бойынша клубтар, спорт секциялары, студиялар және т.б. бар екенін көрсетті. Бұл ретте оларға сауалнамаға қатысушылардың 36,3%-ы ғана барады.

**Сіздің елді мекенде, оқу орнында үйірмелер, қызығушылық бойынша клубтар, спорт секциялары және т.б. бар ма?**



Мұндай мүмкіндіктер ресми түрде болса да, балалар сабақтан тыс уақытта ұйымдастырудың бұл түрлерін қандай себептермен пайдаланбайды?

Төмендегі диаграммада көрсетілген әртүрлі үйірмелерге немесе секцияларға балалардың бармауының жиі кездесетін себебі – қызығушылықтың болмауы.

Сауалнама нәтижелері бұл мәселені бірнеше жағынан зерттеу қажеттілігін көрсетеді:

- біріншіден, сабақтан тыс демалысты ұйымдастырудың ұсынылған бағыттары қазіргі балалардың қызығушылығына сәйкес келмеуі мүмкін;

- екіншіден, отбасыларда сабақтың қосымша даму формаларына үлкен мән берілмейді, оң мысал жоқ деп болжауға болады;

- үшіншіден, балада әлеуметтік қарым-қатынас дағдылары жеткіліксіз дамыған болғандықтан, «мені қызықтырмайды» деген сөздің артында жаңа ұжымға «сіңісе алмаймын» деген қорқыныш жатқан болуы мүмкін.

**Егер сіз үйірмелерге, қызығушылық бойынша клубтарға, спорт секцияларына және т. б. бармасаңыз, оған не себеп?**



Бұл жағдай кеңінен таралғандығына байланысты (респонденттердің үштен бірінен көбі) қосымша зерттеуді қажет етеді.

Оқу сабақтары жүктемесінің көп болуы да проблема болып қалып отыр (тайм-менеджмент дағдыларының болмауына байланысты болуы мүмкін).


Респонденттердің шамамен 10%-ы себеп ретінде клубтардың, үйірмелер мен секциялардың көлік және жаяу жүргіншілерге қолжетімділігінің жеткіліксіздігін атап өтті. Ауылдық жерлерде бұл қалалық жерлерге қарағанда айқын көрінеді (тиісінше 7,5%-ға 11,5%).

«Басқа себепті» көрсеткен 19%-ы жоғарыда сипатталған нұсқаларды жиі атады (оң: мектептен тыс спорт секцияларына немесе үйірмелерге бару; теріс: тұрғылықты жерінен қашық, уақыттың жетіспеушілігі, «қызықты емес» және т.б.). Жауаптардың ішінен мыналарды атап өту керек (сауалнамалар бойынша сақталған): «Үйірме оқытушыларына аз жалақы төленгендіктен, мектеп үйірмелерінде сабақтар нашар оқытылады», «Ата-аналарға көмек», «Жұмыс», «Өзімнің жұмыстарым және хоббиім бар, маған үйірмелерге уақыт жұмсамаудың қажеті жоқ», «Мен эко-белсенділер үйірмесін қалаймын, бірақ өкінішке орай олар жоқ». Осы жауаптардың кейбіреулері оқудан тыс бос уақытты қамтудың ұсынылған нысандары қазіргі балалардың мүдделері мен қажеттіліктеріне толық сәйкес келмейді деген болжамды растайды.


Уақыт құрылымы мен бос уақыт нысандары ересектерге де айтарлықтай әсер етеді, бірақ олар әсіресе баланың өмірінде үлкен маңызға ие.

Әлеуметтік зерттеу аясында балаларға оқу сабақтарына және оларға дайындыққа қанша уақыт жұмсайтыны туралы сұрақтар қойылды. Сауалнама пандемия жағдайында жүргізілді, онда мектеп оқушыларының көпшілігі қашықтықтан оқыды, ал сұрақтар мектеп жасындағы балалардың оқу күні уақытының құрылымын қалыпты жағдайда анықтауға бағытталған.

**Күні бойы оқу сабақтарына қанша уақытыңыз кетеді?**



**Күні бойы оқу сабақтарына дайындалуға қанша уақытыңыз кетеді?**



Егер екі диаграмманы салыстырар болсақ, мынадай көрініс береді:

- оқу сабақтарына оған дайындыққа қарағанда көп уақыт жұмсалады;
- сұралған балалардың үштен екісі оқу сабақтарына күніне 2 сағаттан 6 сағатқа дейін жұмсайды (жиынтық 66,4%).
- сауалнамаға қатысушылардың көпшілігі күніне 4 сағатқа дейін (87,7%) оқу сабақтарына дайындалады, ал жартысынан көбі оған 2 сағаттан аз уақыт жұмсайды.

Осылайша, сұралған балалардың негізгі бөлігі үшін оқу уақытының құрылымы шамамен келесідей: үштен екісі күніне 2-ден 6 сағатқа дейінгі уақытын оқу сабақтарына жұмсайды, басым көпшілігі оқу сабақтарына дайындалуға 4 сағатқа дейін уақыт жібереді. Жинақтап келгенде бұл оқу жүктемесінің жоғары екенін көрсетеді.

Мектеп жасындағы баладағы күннің құрылымы

Келесі сұрақтар блогының мақсаты ата-аналардың пікірінше баланың уақыты әдеттегі күні қалай бөлінетінін және бұл уақыт қандай іс-шараларға толы екенін анықтау болды. Бұл мектеп жасындағы балалар туралы болғандықтан, негізгі уақыт оқумен, яғни тікелей оқумен және оларға дайындықпен байланысты болады деп болжау қисынды.

Көптеген ата-аналардың пікірінше, балаларының оқу сабақтары орта есеппен 2-4 сағатты (41,2%) немесе күніне 4-6 сағатты (34,4%) алады. Бұл сабақтарға дайындалуға аз уақыт кетеді: 2 сағаттан аз (40,2%) немесе 2-4 сағат (43%). Нәтижесінде біз ересектердің жұмыс күнімен салыстырылатын толық жүктеменің суретін көреміз – күніне 6 сағат және одан да көп. Сонымен қатар, бос уақыт жеткілікті: респонденттердің көпшілігі (61,4%) балаларының бос уақыты күн сайын 2-ден 6 сағатқа дейін екенін көрсетті. Ата-аналардың шамамен 16%-ы балаларының бос уақыты 6 сағаттан асады деп санайды. Сонымен бірге, респонденттердің бестен бір бөлігі (18,6%) баланың бос уақыты 2 сағаттан аз екенін атап өтті.



## 8-ТАРАУ. БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫ ІСКЕ АСЫРУ

## 8-ТАРАУ. БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫ ІСКЕ АСЫРУ

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясына сәйкес балалар ерекше қамқорлық пен көмек алуға құқылы. Бала құқықтары туралы конвенцияға және балалардың құқықтарын қамтамасыз ету саласындағы өзге де халықаралық актілерге қол қоя отырып, Қазақстан Республикасы әлемдік қоғамдастықтың балалардың өмірі үшін қолайлы және тілектестік орта қалыптастыру жөніндегі күш-жігеріне қатысуға бейілділігін білдірді.

БҰҰ Бала құқықтары жөніндегі комитетінің 45-сессиясының ұсынымдарына сәйкес 2006 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің құрылымында балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті орган – Балалардың құқықтарын қорғау комитеті (бұдан әрі – Комитет) құрылды.

Комитеттің балалардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді шешудегі негізгі әріптестері мүдделі министрліктер мен ведомстволар, Қазақстандағы БҰҰ Балалар Қоры (ЮНИСЕФ), азаматтық қоғам өкілдері, бұқаралық ақпарат құралдары және ата-аналар қоғамдастығы болып табылады.

Халықаралық міндеттемелер шеңберінде Комитет Қазақстан ратификациялаған БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясының, оған факультативтік екі хаттаманың: Балаларды қорғау және шетелдік бала асырап алуға қатысты ынтымақтастық жөніндегі конвенцияның, Балаларды халықаралық ұрлаудың азаматтық-құқықтық аспектілері туралы конвенцияның іске асырылуын үйлестіреді.

Комитет Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның жұмыс органы ретінде әрекет етеді, сондай-ақ әрбір жергілікті атқарушы органның жанынан құрылған кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі өңірлік комиссиялардың (бұдан әрі – комиссиялар) қызметін үйлестіруді жүзеге асырады.

2015 жылы кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға тәрбиелік сипаттағы шараларды қолдануды кеңейткен жаңа әкімшілік және қылмыстық заңнаманың қолданысқа енгізілуімен комиссиялардың балалар мен жасөспірімдерді орналастыру жөніндегі профилактикалық рөлі айтарлықтай күшейді. Олардың отырыстарында қаралатын істердің саны едәуір артты.

Қазіргі уақытта Қазақстанда 229 комиссия жұмысын жүзеге асыруда. Олардың ішінде 1 республикалық деңгейдегі комиссия, 14 облыстық деңгейдегі, 39 қалалық, 175 аудандық комиссия бар. 2020 жылы комиссиялар 4 мыңнан астам отырыс өткізіп, онда 10 мыңнан астам мәселе қаралды.

Комиссиялардың құрылымында мынадай лауазымды адамдар бар – төраға, төрағаның орынбасары, комиссия мүшелері және жауапты хатшы. Комиссияларды облыстар, аудандар, қалалар әкімдерінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасарлары басқарады, өйткені бұл проблемаларды шешу олардың құзыретіне кіреді. Өз кезегінде комиссия мүшелері ретінде жергілікті өкілді органдардың депутаттары, құқық қорғау органдарының өкілдері, қорғаншылық және қамқоршылық, білім беру, әділет, денсаулық сақтау, еңбек, мәдениет бөлімдерінің, қоғамдық және өзге де ұйымдардың қызметкерлері шақырылады.

Комиссия қызметінің тиімділігіне әсер ететін маңызды сәт оның кадрлық құрамы болып қала береді. Бүгінгі күні комиссия хатшысының штат

бірліктерімен Ақмола, Атырау, Алматы, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау облыстары, Алматы қаласы әкімдерінің аппараттары толық көлемде жасақталмаған, бұл жүргізіліп жатқан жұмыстың сапасына әсер етеді.

2015 жылы Женевада БҰҰ Бала құқықтары жөніндегі комитетінің 70-сессиясында Қазақстан Бала құқықтары жөніндегі конвенцияның ережелерін іске асыру туралы, БҰҰ комитетінің бұрынғы ұсынымдарының орындалуы туралы баяндаманы қорғады.

Осы кезеңде елімізде балалардың құқықтарын жүзеге асырудың аса елеулі қатерлерінің алдын алуға бағытталған бірқатар маңызды заңнамалық актілер қабылданды<sup>13</sup>. Бала құқықтары жөніндегі Уәкіл институты құрылды. Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдарға қоғамдық бақылау жасау үшін ұлттық алдын алу тетігінің мандаты едәуір кеңейтілді. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастырудың жаңа нысандары мен автоматтандырылған есепке алу енгізілді. Жыл сайын әлеуметтік шығыстарды қаржыландыру көлемі ұлғаюда. Балалы отбасыларды әлеуметтік қолдаудың жаңа шаралары қабылданды.

Балалардың құқықтарын бұзу фактілеріне дереу әрекет ету мақсатында Комитет жедел әрекет ету тетігін қамтамасыз етті: Telegram мессенджерінде «BALAQORGAU» чаты құрылды, әлеуметтік желілерде парақшалар, Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің «87172-742528» сенім телефоны жұмыс істейді, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының жанынан білім беру саласы мәселелері бойынша тұрақты жұмыс істейтін Call-орталықтар құрылды.

Ведомствоаралық өзара іс-қимыл және қатыгездікпен қарау жағдайларына жедел ден қою жөніндегі нұсқаулық әзірленіп, бекітілді. Барлық білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестер, ата-аналар комитеттері, әкелер кеңестері, медиация қызметтері жұмыс істейді, олардың міндеттері оқушылар арасында қолайлы ахуал жасау, білім беру процесіне қатысушылар арасында жанжалды жағдайларға жол бермеу болып табылады.

Балаларды өмірдің барлық салаларында олардың мүдделеріне әсер ететін шешімдер қабылдауға белсенді тартуға байланысты әртүрлі қоғамдық институттар мен бастамаларды дамыту түріндегі қызмет маңызды рөл атқарады. Балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органның мектеп активтерінің, балалар мен жасөспірімдер бірлестіктерінің көшбасшылары өз әлеуетін көрсете алатын балалар өкілдіктерін құру туралы шешімі перспективалы бағыт болды.

Бұл шаралар жетім балаларға арналған мекемелер желісі мен контингентін едәуір қысқартуға, қолайсыз отбасылар мен ішкі істер органдарының есебінде тұрған балалар санын, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар санын азайтуға мүмкіндік берді. Бала тууды ұлғайтудың және балалар өлімін төмендетудің, балалар үшін білім беру мен медициналық көмектің қолжетімділігін арттырудың оң үрдістері байқалды.

Сонымен бірге, елдегі балалардың құқықтарын қорғау саласындағы проблемалар өзектілігін сақтап отыр және нақты шешімін күтуде: балалардың құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету мен қорғаудың қолда бар тетіктері тиімділігінің жеткіліксіздігі, көбінесе көп балалы және толық емес отбасылардағы кедейліктің жоғары қаупі, отбасылық қолайсыздықтың, балаларға қатысты қатыгез қарау мен зорлық-зомбылықтың таралуы, балалар арасындағы мүгедектіктің өсуі.

Осы мәселелерді шешу үшін 2020 жылы Қазақстан Республикасында мүмкіндіктері шектеулі балаларға ерте көмек көрсету жөніндегі 2021-2023

жылдарға арналған жол картасы бекітілді. Бұл құжатта мүгедектіктің алдын алу және ерте түзету-дамыту көмегі жөніндегі; оңалту қызметтерін ұйымдастыруды жетілдіру жөніндегі; есепке алу жүйесін жетілдіру және арнайы техникалық құралдармен, дәрілік және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету жөніндегі; кадрларды даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі; глютенсіз тамақ өнімдерін енгізу бойынша іс-шараларды іске асыру көзделген.

Аталған картаны әзірлеу кезінде барлық орталық мемлекеттік органдардың пікірлері ғана емес, сондай-ақ денсаулығында проблемалары бар балалармен және олардың отбасыларымен жұмыс істеуде үлкен тәжірибесі бар еліміздің қоғамдық ұйымдарының пікірлері де ескерілгенін атап өту қажет. Жол картасында мүмкіндіктері шектеулі балаларға кешенді көмек көрсету мәселелері бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимыл алгоритмін әзірлеуге қатысты маңызды ұсыныстарды Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары жөніндегі уәкіл А.Саин енгізді.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін 2020 жылғы наурызда Қазақстан Республикасының Үкіметі Баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюі мәселелерін шешу жөніндегі 2020-2023 жылдарға арналған жол картасын бекітті.

Жол картасында балаларға қатысты зорлық-зомбылық пен қатыгез қарым-қатынастың, суицидтің, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша шаралар кешені қарастырылған, оған мыналар кіреді:

- ата-аналардың жауапкершілігін, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі өңірлік комиссиялардың, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі білім беру органдары мен ұйымдарының, психологиялық қызметтердің қызметін күшейту бөлігінде заңнамалық және нормативтік құқықтық базаны жетілдіру;

- балалардың құқықтарын қорғау мәселелерімен айналысатын педагог қызметкерлер мен мамандардың қызметін әдістемелік сүйемелдеуді, біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету;

- кәмелетке толмағандар арасындағы зорлық-зомбылықтың, суицидтің және құқық бұзушылықтың алдын алу және ден қою жөніндегі бағдарламаны іске асыру;

- зорлық-зомбылықтың, өзіне-өзі қол жұмсау әрекеттерінің құрбаны болған балаларды оңалту, медициналық-психологиялық, құқықтық көмек көрсету жөніндегі шаралар;

- цифрлық технологияларды пайдалана отырып, балалар үшін қауіпсіз орта қалыптастыру;

- балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін білім беру объектілерін, жол инфрақұрылымын материалдық-техникалық жарактандыруды нығайту.

2020-2025 жылдарға арналға БҒДМБ-ны, Мемлекет басшысының 2020 жылғы 22 қазандағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің төртінші отырысында берген тапсырмасын орындау үшін балалардың жағдайын жақсарту жөніндегі ұлттық саясаттың тиімділігін қадағалауға мүмкіндік беретін балалардың әлауқатының қазақстандық индексі әзірлеу жұмыстары жүргізілуде.

Бұдан басқа, 2020-2025 жылдарға арналған БҒДМБ-ны орындау үшін Балалар бюджетін енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде, оның мақсаты балалардың құқықтары мен мүдделерінің іске асырылуын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік бюджет шығындарының деңгейін айқындау болып табылады.

Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарына сәйкес Бала құқықтары туралы конвенцияның хабарлау рәсіміне қатысты факультативтік хаттамасына қосылу бойынша мемлекетішілік рәсім басталды.

Бұл тарауда балалардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекет қызметінің басым бағыттары бойынша ағымдағы жағдай баяндалған.

### **8.1. Мүгедектігі бар балалар, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар**

2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасында мүгедек адамдардың жалпы саны 695,1 мың адамды немесе ел халқының 3,7%-ын құрады. Оның ішінде 18 жасқа дейінгі мүгедек балалар – 94,7 мың адам, оның ішінде: I топтағы 16-дан 18 жасқа дейінгі 1,6 мың бала, II топтағы 16-дан 18 жасқа дейінгі 2,8 мың бала, III топтағы 5,4 мың бала.

Ең өзекті проблемалардың бірі өсу үрдісі бар балалар мүгедектігі болып қалуда (2016 ж. – 79,7 мың адам, 2017 ж. – 83,5 мың адам, 2018 ж. – 87,0 мың адам, 2019 ж. – 91,6 мың адам, 2020 ж. – 94,7 мың адам).

Бұл ретте мүгедек балалар деп алғаш рет танылғандардың жалпы саны: 2016 ж. – 11,4 мың бала, 2017 ж. – 11,6 мың бала, 2018 ж. – 11,8 мың бала, 2019 ж. – 12,9 мың бала, 2020 ж. – 11,5 мың бала.

2020 жылы балалар арасындағы алғашқы мүгедектік себептерінің арасында бірінші орында – туа біткен даму ақаулары (30,26%), екінші орында – жүйке жүйесінің аурулары (21,96%), олардың арасында БЦП салдарынан мүгедек балалар – 1 206 адам немесе 47,53%. Үшінші орынды психикалық бұзылулар салдарынан мүгедектік алады – 16,25%.

Мемлекет мүгедек балаларды әлеуметтік қорғау және балалардың құқықтарын қорғау саласындағы ҚР заңнамасымен бекітілген мүгедек балалардың құқықтарын қорғау үшін қажетті жағдайлар жасайды.

Мүгедек балалардың мемлекет тарапынан оңалтуға (абилитациялауға), әлеуметтенуге, әлеуметтік бейімделуге және дағдылы өмір сүру жағдайларына әлеуметтік интеграциялануға, әлеуметтік қызмет алуға, жай және арнайы білім беру мекемелерінде тәрбиелену мен білім алуға, денсаулығын сақтауға тең құқықтары бар.

2012 жылдан бастап Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі ұлттық жоспарға сәйкес жыл сайын, оның ішінде мүгедек балалардың құқықтарын қорғауға бағытталған іс-шаралар өткізіледі. 2019 жылы ҚР Үкіметі Қазақстан Республикасында мүгедек адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспарды бекітті, оған сәйкес барлық орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарға Жоспардың орындалуы жөнінде жылына бір рет ақпарат беру тапсырылды.

Мүгедектігі бар балаға оңалту әлеуетіне сәйкес оңалтудың жеке бағдарламасы (бұдан әрі – ОЖБ) әзірленеді, ол организмнің бұзылған және жоғалған функцияларын қалпына келтіруге және (немесе) олардың орнын толтыруға бағытталған медициналық әлеуметтік, кәсіби оңалту шараларын қамтитын оңалту іс-шараларының кешенін айқындайды.

Мүгедек балаларға мемлекет көрсететін әлеуметтік көмекпен қатар, материалдық көмекті мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар да алады.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректеріне сәйкес 2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған адамдарға берілетін ай сайынғы жәрдемақыны 89,5 мың адам 49,6 млрд теңге сомасында алды; 18 жастан асқан бала кезінен бірінші топтағы мүгедекке күтім жасау бойынша жаңа ай сайынғы жәрдемақыны орта есеппен 14,5 мың адам 7,9 млрд теңге сомасында алды.

Соңғы 4 жылда мүгедек балаға күтім жасау бойынша жәрдемақы мөлшері 1,9 есеге артқанын атап өту маңызды (2016 ж. – 24 002 теңге; 2017 ж. – 25 682 теңге; 2018 ж. – 29 689 теңге; 2019 ж. – 41 578 теңге; 2020 ж. – 45 736 теңге).

Туындаған әлеуметтік проблемаларды еңсеру және мүгедек балаларға басқа азаматтармен тең жағдайларда қоғам өміріне қатысу мүмкіндігін қалыптастыру мақсатында стационар, жартылай стационар, үйде күтім көрсету жағдайларында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетіледі. Халықты әлеуметтік қорғау саласында жыл сайын 150-ге жуық баланы қамти отырып, тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедек балаларға арналған стационарлық үлгідегі 4 әлеуметтік қызмет көрсету орталығы, 2 мыңға жуық баланы қамти отырып, психоневрологиялық патологиясы бар балаларға арналған 16 әлеуметтік қызмет көрсету орталығы жұмыс істейді.

Қазіргі уақытта жартылай стационар жағдайында және үйде қызмет көрсету стационарлық ұйымдардың қолданыстағы желісінің баламасы болып табылатынын және баланы отбасында сақтауға бағытталғанын атап өту қажет.

Бүгінде елімізде күндізгі 72 ұйымда 2,0 мыңнан астам бала қызмет алуда. Аталған бөлімшелерде жұмысты тұрмыстық қызмет көрсету, медициналық оңалту, тиісті жеңілдіктер мен жәрдемақыларды ресімдеуге жәрдемдесу, психологиялық және педагогикалық көмек түрлері бойынша қызметтер көрсететін психологтар, дефектологтар, логопедтер, ЕДШ нұсқаушылары, массажистер жүргізеді. 1 мыңнан астам балаға халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің 16 оңалту орталығы жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетіледі.

Денсаулық сақтау жүйесінде 49 оңалту орталығы жұмыс істейді, оның ішінде 23-і балаларға көмек көрсетеді, оның ішінде 3-і республикалық деңгейде (Ақмола облысы, Нұр-Сұлтан және Алматы қалалары).

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының «Қамқорлық» Қорының (бұдан әрі – Қор) бастамасын іске асыру жөніндегі жол картасы шеңберінде медициналық оңалтудың қолжетімділігін арттыру мақсатында 2020 жылы 8 өңірде (Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қостанай, Түркістан облыстарында және Нұр-Сұлтан қаласында) медициналық ұйымдардың базасында жаңа медициналық жабдықтармен жарақтандырылған балаларды оңалту орталықтары ашылды.

12 мыңнан астам мүгедектігі бар балаларға ұсынылатын баламалы әлеуметтік көмекті үйде әлеуметтік көмек көрсететін 199 бөлімше көрсетеді.

Жартылай стационарлық және үйде қызмет көрсететін мемлекеттік ұйымдармен қатар 4 мыңнан астам балаға 164 үкіметтік емес ұйым арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетеді. Сондай-ақ, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде 1 мың баланы қамтитын 7 ұйым (стационарлық және жартылай стационарлық үлгідегі) жұмыс істейді.

Қазақстанда мүгедектігі бар балалар инвентарлық қызметтерімен қамтамасыз етілген. Бұдан басқа, олар үшін әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жол жүру құжаты (билет) құнының 50%-ы мөлшерінде, ал коммерциялық маршруттар бойынша тасымалдаушының қалауына сәйкес жол жүруге жеңілдіктер белгіленген (ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 545 бұйрығы).

Бала мүгедектігінің профилактикасында туғаннан бастап 3 жасқа дейінгі балалардың психофизикалық денсаулығына ерте скрининг жүргізуге жауапты медициналық ұйымдардан басқа, негізгі міндеттері ЕБҚ бар балаларды ерте анықтау болып табылатын психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар (бұдан әрі – ПМПК) және тиісті оқу бағдарламаларының жалпы білім беретін, арнайы не жеке оқу бағдарламаларының ұсынымдары үлкен рөл атқарады.

ПМПК деректеріне сәйкес 2020 жылдың қорытындысы бойынша 18 жасқа дейінгі ЕБҚ бар 161 826 бала есепте тұр, бұл 2016 жылмен салыстырғанда 1,1 есе көп (141 821 бала).

Жыл сайын елімізде ЕБҚ бар балаларға, оның ішінде мүгедектігі бар балаларға білім беру қызметтерін және түзеу арқылы қолдау көрсететін арнайы білім беру ұйымдарының желісі ұлғаюда. 2020-2021 оқу жылының басындағы жағдай бойынша елімізде 403 арнайы білім беру ұйымы жұмыс істейді (2016 жылы – 346).

ҚР БҒМ Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығының деректері бойынша 2020 жылы ППТК, РО желісінде, ел бойынша логопунктерде 42 мыңнан астам бала түзету-педагогикалық қолдау алды.

НҚА-ға инклюзивті және арнайы білім беру бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасына ЕБҚ бар балаларды психологиялық-педагогикалық түзету қолдауымен қамту көрсеткіштерін жақсарту және кадрлық қамтамасыз етуді шешу мақсатында ЕБҚ бар балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бөлігінде өзгерістер енгізілгенін айта кету керек.

ПМПК қызметінің нормалары қайта қаралды. ПМПК қызметінің «медициналық» моделінен «әлеуметтік-педагогикалық» моделіне көшу жұмыстары жүргізілуде. ПМПК функциясына баланы білім беру ұйымына қабылдағанға дейін білім беру ұйымдарында арнайы жағдайлар жасауды болжауға мүмкіндік беретін ЕБҚ бар баланың білім беру маршрутының мониторингін жүргізу құзыреті енгізілген. Сондай-ақ, ПМПК ұсынатын психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру бойынша мемлекеттік қызмет автоматтандырылады.

Білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау және т.б. салалардағы ақпараттық жүйелерді интеграциялау бойынша жұмыс жүргізілуде, оның шеңберінде ЕБҚ бар балаларды бірыңғай есепке алу жүзеге асырылады.

Жалпы алғанда, әлеуметтік қорғау, ЕБҚ бар балаларға, оның ішінде мүгедек балаларға және оларды тәрбиелеп отырған отбасыларға білім беру саласындағы оң динамикаға қарамастан, балалар мүгедектігінің мынадай проблемалары өзекті болып қалуда: балаларды медициналық оңалтуды жетілдіру (ерте скрининг және ерте араласу), ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға ерте түзету-педагогикалық қолдау көрсету.

Осылайша, мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдардың ведомствоаралық өзара іс-қимылын күшейтпестен, мүгедектіктің «медициналық» моделін «әлеуметтік-педагогикалық» модельге айналдырусыз, сондай-ақ қоғамда инклюзивті мәдениетті, саясат пен практиканы қалыптастырусыз мүгедек балалардың, ЕБҚ бар балалардың құқықтарын қорғау мүмкін еместігін атап өту қажет.

## 8.2. Жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар

БҰҰ Бала құқықтары жөніндегі комитетінің 2015 жылғы 30 қазандағы қорытынды ескертулеріне сәйкес Қазақстанда ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың едәуір саны, атап айтқанда 29%-ы, бұрынғысынша арнайы мекемелерде екені байқалады.

2020 жылы ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар саны 23 410 адамды құрады. Оның ішінде 82%-ы немесе 17 023 бала қамқорлықпен, қамқоршылықпен, патронатпен қазақстандық азаматтардың отбасыларында, баланы қабылдайтын отбасыларда тәрбиеленеді. Интернаттық мекемелерде тәрбиеленетін балалардың үлесі 18% немесе 4254 баланы құрады.

Соңғы он жыл ішінде жүргізіліп жатқан деинституционалдандыру немесе интернат үлгісіндегі мекемелерден балаларды отбасыларға тәрбиелеуге орналастыру стратегиясы жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдар желісі мен контингентін айтарлықтай қысқартуға мүмкіндік берді.

Балалар желісі мен контингентінің едәуір қысқаруы білім беру және денсаулық сақтау жүйесінің ұйымдарында байқалады. Мысалы, білім беру жүйесіндегі интернаттық мекемелер желісі 2,7 есеге, тәрбиеленушілер контингенті 3,4 есеге азайды. Денсаулық сақтау жүйесінде балалар үйлері тәрбиеленушілерінің контингенті 5,8 есе қысқарды.

### 8.1-кесте. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдар желісі мен контингенті

№	Жыл	білім беру жүйесі		денсаулық сақтау жүйесі		әлеуметтік қорғау жүйесі	
		желі	бала саны	желі	бала саны	желі	бала саны
1	2010	166	11612	25	1586	19	854
2	2015	106	6436	23	828	17	802
3	2020	60	3336	20	272	18	646

2020 жылы мекемелердегі осы санаттағы балалардың ең көп үлесі ШҚО (29,29%), Қостанай (26,54%), Қарағанды (24,67%), Павлодар (22,74%) облыстарында, Алматы (20,75%), Шымкент (20,11%), Нұр-Сұлтан қалаларында (18,76%) байқалады.

### 8.2-кесте. Жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы мәліметтер, 2016 және 2020 жылдар

№	Өңірлер	2016 ж.				2020 ж.			
		барлығы	балаларды орналас-тырудың отбасылық нысандарымен қамтылған	интер-наттық мекеме-лерде	%	барлығы	балаларды орналас-тырудың отбасылық нысандарымен қамтылған	интер-наттық мекеме-лерде	%
	<b>ҚР</b>	<b>28419</b>	<b>21183</b>	<b>7236</b>	<b>25,46</b>	<b>23410</b>	<b>19156</b>	<b>4254</b>	<b>18,17</b>
1	Ақмола	1995	1627	368	18,45	1552	1348	204	13,14
2	Ақтөбе	1130	940	190	16,81	893	825	68	7,61

3	Алматы	3104	2568	536	17,27	2707	2368	339	12,52
4	Атырау	605	478	127	20,99	532	452	80	15,04
5	ШҚО	3009	2062	947	31,47	2434	1721	713	29,29
6	Жамбыл	1540	1287	253	16,43	1359	1236	123	9,05
7	БҚО	954	763	191	20,02	807	708	99	12,27
8	Қарағанды	3608	2334	1274	35,31	2590	1951	639	24,67
9	Қостанай	2483	1580	903	36,37	1978	1453	525	26,54
10	Қызылорда	973	866	107	11,00	844	758	86	10,19
11	Маңғыстау	580	484	96	16,55	486	431	55	11,32
12	Павлодар	1784	1213	571	32,01	1535	1186	349	22,74
13	СҚО	1431	945	486	33,96	956	807	149	15,59
14	Түркістан	2702	2278	424	15,69	1654	1446	208	12,58
15	Нұр-Сұлтан қ.	1541	1221	320	20,77	858	697	161	18,76
16	Алматы қ.	980	537	443	45,20	1325	1050	275	20,75
17	Шымкент қ.			-		900	719	181	20,11

2016 жылы отбасыға орналастырудың жаңа нысаны – баланы қабылдайтын отбасы, сондай-ақ уақытша орналасу нысаны – бала қонақтайтын отбасы заңнамалық түрде енгізілді.

Қазіргі уақытта заңнамада отбасыларға орналастырудың төрт нысаны көзделген: асырап алу, қорғаншылық (қамқоршылық), патронат, баланы қабылдайтын отбасы. Орналастырудың барлық нысаны материалдық ынталандырылады. Баланы асырап алу кезінде 75 АЕК мөлшерінде біржолғы төлем жүргізіледі, қорғаншылыққа (қамқоршылыққа), патронатқа және баланы қабылдайтын отбасына баланы күтіп-бағуға беру кезінде ай сайын 10 АЕК мөлшерінде жәрдемақы төленеді. Сонымен қатар, патронат тәрбиешілер мен баланы қабылдайтын ата-аналарға еңбекақы төленеді.

2017 жылдан бастап Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың және баланы отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдардың республикалық деректер банкі енгізілді, бұл балалардың есебін автоматтандыруға ғана емес, сонымен қатар балаларды отбасына орналастыру рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.


Республикада жетім баланың және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланың тұрғын үй алу құқығын көздейтін заңнамалық база қалыптастырылған. 2013 жылдан бастап мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуға бірінші кезектегі құқық, сондай-ақ лауазымды адамдар мен заңды өкілдердің тұрғын үй алуға кезекке уақтылы қою және бекітілген тұрғын үйдің сақталуы үшін жауапкершілігі енгізілді.

Бүгінгі күні кезекке қою жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар 29 жасқа толғанға дейін жүзеге асырылады. Бұл ретте, баланың заңды өкілдері мәртебе алған сәттен бастап алты ай ішінде кезекке қоюды қамтамасыз етуге міндетті. Маңыздысы сол, осы санатқа жататын тұлғаларды кезектен шығаруға жол берілмейді. Тұрғын үйді бөлу кезінде бөлінген көлемнің 20%-ы жетім балаларға бөлінеді.

Ресми деректер бойынша кәметке толғанға дейін ата-анасынан айырылған 59 610 азамат кезекте тұр.



**8.1-диаграмма. Тұрғын үй алуға кезекте тұрған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарындағы азаматтардың саны, 2020 жыл, адам**



2020 жылы мемлекеттік тұрғын үй қорынан жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар санатына жататын 870 азамат қамтамасыз етілді, бұл мұқтаждардың 1,5%-ын құрайды.

**8.3-кесте. Тұрғын үй алған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың саны туралы деректер, 2017-2020 жылдар, адам**

№	Өңірлер	2017	2018	2019	2020
	<b>ҚР</b>	<b>1155</b>	<b>1074</b>	<b>1462</b>	<b>870</b>
1	Ақмола	50	41	107	55
2	Ақтөбе	28	130	89	19
3	Алматы	59	62	66	45
4	Атырау	45	71	58	62
5	ШҚО	57	103	79	48
6	Жамбыл	44	60	65	7
7	БҚО	99	55	69	30
8	Қарағанды	35	23	124	52
9	Қостанай	29	101	55	3
10	Қызылорда	46	11	66	77
11	Маңғыстау	53	40	70	17

12	Павлодар	89	51	35	143
13	СҚО	75	39	34	21
14	Түркістан	220	44	201	62
15	Алматы қ.	175	12	114	69
16	Нұр-Сұлтан қ.	51	42	122	114
17	Шымкент қ.	-	189	108	46

Қамтамасыз етудің ең төмен көрсеткіштері Қостанай (0,1%), Жамбыл (0,2%), СҚО (0,6%), Ақтөбе (0,6%), Қарағанды (0,7%), Алматы (0,7%) облыстарында байқалды.

Талдау көрсеткендей, бұл енгізілетін тұрғын үй көлемінің жеткіліксіздігімен ғана емес, жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үйді бөлу кезінде 20% квотаны сақтамауымен де байланысты.

Бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдардың мамандармен жасақталуының әлсіздігі түйінді проблемалардың бірі болып қалып отыр. Бұл аталған мамандар санының нормативінің болмауына, сондай-ақ кадрлық құрамның жиі ауысуына, олардың біліктілігін арттыру жүйесінің болмауына байланысты.

Қалыптасқан практика, озық халықаралық тәжірибе отбасылық қолайсыздықтың алдын алуға жүйелі тәсілдің қажеттілігін көрсетеді, ол өмірлік қиын жағдайдан шығу үшін балалы отбасыларға қызмет көрсету бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимылдың нақты тетігін көздейді.

Отандық сарапшылар жүргізген талдау<sup>14</sup> Қазақстанның балалар үйлерін жабуды көздейтінін, бірақ оларға балаларды ұзақ мерзімді перспективада жіберудің алдын алуға бағытталмағанын көрсетеді. Балалар үйінде тәрбиеленетін балалар мен жасөспірімдерге қажетті көңіл бөлінбейді, дамуында бұзушылықтары болады, көбінесе зорлық-зомбылықтың (физикалық, жыныстық және психологиялық) құрбанына айналады, өмірге деген тұтынушылық қарым-қатынасты дамытады және болашақта қоғамда әлеуметтене алмайды. Мұндай мекемелерден бас тартудың баланың мүдделері мен құқықтарын сақтауға, сондай-ақ Қазақстанда қалыптастырылуы қажет қаржылық және адами ресурстарға бағдарланған нақты жоспары болуға тиіс.

Қазақстанда балалардың балалар үйлеріне баруына жол бермеу мақсатында жалпы халықты әлеуметтік қолдау жүйесін қайта қарау және жаңа әлеуметтік жұмысты құру қажет. Білікті кадрлардың жетіспеушілігі және қолда бар әлеуметтік қызметкерлердің шектеулі саны ел өңірлерінде өткір сезілуде, мысалы, халық тығыз орналасқан бір ауданға бір ғана қорғаншылық органдарының маманы келеді.


**8.3. Баланы қабылдайтын ата-аналар мектебі**

2019 жылы жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыруға жәрдем көрсету жөніндегі ұйымдардың қызметі, сондай-ақ 2020 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілген әлеуетті бала асырап алушы ата-аналарды міндетті даярлау заң жүзінде регламенттелген.

2020 жылдың алты айында 2517 адам баланы қабылдайтын ата-аналар мектебінде оқытудан өтті, 1442 азамат оқуын жалғастыруда.

14 <https://cabar.asia/ru/author/aigerimmusabalinova>

## 8.2-диаграмма. Баланы қабылдайтын ата-аналар мектептерінде оқудан өткен адамдардың саны, 2020 жыл, адам



Оқыту «Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген Қазақстан Республикасының азаматтарын психологиялық даярлау бағдарламасының мазмұнына қойылатын талаптарды, оларды психологиялық даярлау жөніндегі қызметті ұйымдастыру тәртібін және осындай даярлықтан өткені туралы сертификаттың нысанын бекіту туралы» ҚР БҒМ-нің 2020 жылғы 27 сәуірдегі № 165 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады. Дайындық ұзақтығы – 42 сағат немесе 14 сабақ. Дайындық көлемі 3 академиялық сағаттан немесе 180 минуттан кем емес тренинг нысанында жүзеге асырылады.

Психологиялық даярлықты жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасына орналастыруға жәрдем көрсету жөніндегі ұйымдар, сондай-ақ жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары жүзеге асырады.

2020 жылы екі үкіметтік емес ұйым: «Ана үйі» ҚҚ және «Ковчег» мекемесі психологиялық даярлық жүргізуге аккредиттеу алды.

Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдарында психологиялық дайындықтан өту үшін кезекті күтуге байланысты мәселе бірнеше рет көтерілді. ҚР БҒМ-нің мәліметінше, оқу және сертификат алу үшін кезекте 129 адам тұр. Кезек күтушілердің ең көп саны Алматы (37), Жамбыл (20), ШҚО (13), Шымкент қаласында (10) тіркелді.

## 8.4. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдар

Республикада жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған 98 ұйым жұмыс істейді (8.2.1-кесте).

Білім беру жүйесінде 3 жастан 18 жасқа дейінгі балаларға арналған 24 балалар үйі, 7 мектеп-интернат, отбасы үлгісіндегі 15 балалар ауылы, 13 жасөспірімдер үйі, 1 баспана жұмыс істейді. Денсаулық сақтау жүйесінде 0-ден 3 (4) жасқа дейінгі балалар үшін 20 сәбилер үйі жұмыс істейді. Халықты әлеуметтік қорғау жүйесінде 4 жастан 18 жасқа дейінгі балаларға арналған 18 медициналық-әлеуметтік мекеме бар.

Республиканың барлық облыстарында балалар үйлерін деинституционалдандыру, ірілендіру және трансформациялау жөніндегі өңірлік жоспарлар әзірленді.

2020 жылы 9 мекеме (Ақтөбе (2), Қарағанды (2), Қостанай (2), Павлодар, СҚО, Алматы қаласы), оның ішінде 2 мекеме өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталықтарына (СҚО, Қарағанды) айналдыру арқылы оңтайландырылды.

2008 жылы Қазақстан БҰҰ-ның Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияға факультативтік хаттаманы ратификациялады, осылайша Ұлттық алдын алу тетігін құру бойынша міндеттемелерді өзіне алды.

2019 жылғы сәуірде баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдарға баруға арналған объектілер («Бала құқықтары туралы» ҚРЗ-ның 30-бабы), сондай-ақ арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілер тізбесіне енгізу арқылы ұлттық алдын алу тетігінің мандатын едәуір кеңейтуді көздейтін түзетулер енгізілді. Бұл шаралар мандатты мекемелердің географиясына 200-ден астам осындай мекемелерді қосуға мүмкіндік берді.

Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың деректері бойынша 2020 жылы ҰАТ қатысушылары балалар мекемелеріне 100 рет баруды ұйымдастырды (2019 жылы – 111, 2018 жылы – 23, 2017 жылы – 28, 2016 жылы – 35).

Нәтижелерді талдау балалар мекемелерінің материалдық-техникалық базасын жаңарту, медициналық қызмет көрсету сапасын жақсарту, балалармен жұмыс істейтін мамандардың біліктілігін арттыру, оның ішінде ұлттық алдын алу тетігінің функциялары мен міндеттері, балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау саласындағы халықаралық стандарттар туралы хабардар болу тұрғысынан олардың құқықтық сауаттылық деңгейін арттыру қажеттілігімен байланысты жүйелі проблемаларды көрсетеді.

Бару нәтижелері анықталған ескертулерді жою жөнінде шаралар қабылдау үшін мүдделі мемлекеттік органдардың назарына жыл сайын жеткізіледі.

## 8.5. Өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталықтары және Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтары

Отбасылар мен балаларға көмек көрсетуде Өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталықтарына (БҚО) және кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарына (КБО) маңызды рөл беріледі.

2020 жылы республикада 17 БҚО және 11 КБО жұмыс істеді (8.4-кесте.).

## 8.4-кесте. БҚО және КБО желісі мен контингенті, 2020 жыл

№	Өңірлер	БҚО желісі	Контингент	КБО желісі	Контингент
	ҚР	17	696	11	2636
1	Ақмола	1	31		
2	Ақтөбе	1	16		
3	Алматы			1	117
4	Атырау			1	82
5	ШҚО	1	83	3	809
6	Жамбыл	1	20		
7	БҚО	1	13		
8	Қарағанды	2	96	1	141
9	Қостанай	4	77	1	112
10	Қызылорда			1	202
11	Маңғыстау			1	259
12	Павлодар	2	125		
13	СҚО	3	143		
14	Түркістан				
15	Нұр-Сұлтан қ.	1	92		
16	Алматы қ.			1	600
17	Шымкент қ.			1	314

БҚО және КБО-лар әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-медициналық, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-еңбек, әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-экономикалық қызметтерді көздейтін арнаулы әлеуметтік қызметтер кешенін көрсетеді.

БҚО-да қызметтер балалардың келесі санаттары үшін көрсетіледі:

- 1) жетім балалар;
- 2) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
- 3) ата-аналарын немесе өзге де заңды өкілдерін анықтау үшін қадағалаусыз және панасыз қалған балалар;
- 4) девиантты мінез-құлықты балалар;
- 5) арнайы білім беру ұйымдарына жіберілетін балалар;
- 6) әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қарау салдарынан өмірлік қиын жағдайда жүрген балалар;
- 7) қалыптасқан жағдайлардың салдарынан тыныс-тіршілігі бұзылған және осы жағдайларды өз бетінше немесе отбасының көмегімен еңсере алмайтын балалар.

КБО-ның негізгі мақсаттары қадағалаусыз және панасыз қалған балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды, арнайы білім беру ұйымдарына жіберілетін кәмелетке толмағандарды, сондай-ақ әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қарау салдарынан өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қабылдауды, қысқа мерзімге күтіп-бағуды, бейімдеуді және одан әрі орналастыруды қамтамасыз ету болып табылады.

ҚР БҒМ деректері бойынша жыл ішінде келіп түскен балалардың жалпы санының 90%-ы туған және қабылдаған отбасыларына тәрбиелеуге қайтарылған (8.5-кесте).



## 8.5-кесте. БҚО және КБО-дағы балалардың қозғалысы туралы мәліметтер, 2020 жыл

Шаралар	БҚО	КБО	Барлығы
туған отбасыларына берілді	902	779	1681
қамқорлыққа, патронатқа берілді	49	45	94
бала қонақтайтын отбасына берілді	61	58	119
жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарға жіберілді	73	114	187
арнайы білім беру ұйымдарына жіберілді	12	19	31
басқа облыстардағы КБО-ға берілді	1	0	1
басқа елдерге КБО үлгісіндегі ұйымдарға жіберілді	0	2	2

ҚР БҒМ деректері бойынша

## 8.6. Кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстар

Ресми мәліметтер бойынша 2020 жылы кәмелетке толмағандарға қатысты 1812 қылмыс тіркелген, бұл 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 15,2%-ға төмен. Сонымен қатар, өңірлер бөлінісінде бұл көрсеткіш Павлодар (68%), Қарағанды (47,5%), Нұр-Сұлтан қаласында (15,4%), Маңғыстау (18%), БҚО-да (3,5%) артты.

**8.6-кесте. Кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер, 2019-2020 жылдар**

№	Өңірлер	2019 ж.	2020 ж.	+, - %
	<b>ҚР</b>	<b>2136</b>	<b>1812</b>	<b>-15,2</b>
1	Нұр-Сұлтан қ.	78	90	15,4
2	Ақмола	97	71	-26,8
3	Ақтөбе	181	73	-59,7
4	Алматы қ.	182	93	-48,9
5	Алматы	217	168	-22,6
6	Атырау	75	61	-18,7
7	ШҚО	135	110	-18,5
8	Жамбыл	221	176	-20,4
9	БҚО	57	59	3,5
10	Қарағанды	162	239	47,5
11	Қызылорда	56	45	-19,6
12	Қостанай	113	79	-30,1
13	Маңғыстау	66	78	18,2
14	Павлодар	81	136	67,9
15	СҚО	54	47	-13,0
16	Шымкент қ.	139	120	-13,7
17	Түркістан	191	153	-19,9
18	Көліктік аумақ	15	3	-80,0
19	Әскери қызметшілер жасаған	5	5	0,0
20	21-С	11	6	-45,5

ҚР БП ҚСЖАЕК деректері бойынша

Әдетте, бұл қылмыстар сабақтан тыс уақытта балалардың жұмыспен қамтылмауы және бос уақытының ұйымдастырылмауы, сондай-ақ ата-аналардың тиісті тәрбиесі мен қарауының болмауы салдарынан жасалады.

Қылмыстардың көпшілігі пайдакүнемдік-зорлық сипатқа ие, олардың үлесі ағымдағы жылы 37,8%-ды (698) құрады, оның ішінде тонау, ұрлық, бопсалау, алаяқтық, бұзақылық әрекеттер бар.

Қалған 62,2%-ы (1146) жеке адамға және қоғамдық қауіпсіздікке қарсы жасалған, оның ішінде кісі өлтіру, өзіне-өзі қол жұмсауға дейін жеткізу, денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіру, он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер және т. б.

Негізінен мұндай қылмыстарды тұрмысы төмен және аз қамтылған отбасылардан шыққан кәмелетке толмағандар жасайды.

Кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстардың өсуі байқалады. 2020 жылдың 12 айында аталған қылмыстардың саны ұқсас кезеңмен салыстырғанда 3,6%-ға өсті. Өсім Атырау (13,5%), Қарағанды (133,8), Маңғыстау (94,7%), Павлодар (93%), БҚО (4,8%), Нұр-Сұлтан қаласында (4,8%) байқалады.

**8.7-кесте. Кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстар туралы мәліметтер, 2019-2020 жылдар**

№	Өңірлер	2019	2020	+, - %
	<b>ҚР</b>	<b>801</b>	<b>830</b>	<b>3,6</b>
1	Нұр-Сұлтан қ.	21	22	4,8
2	Ақмола	52	44	-15,4
3	Ақтөбе	40	27	-32,5
4	Алматы қ.	49	39	-20,4
5	Алматы	107	98	-8,4
6	Атырау	37	42	13,5
7	ШҚО	58	51	-12,1
8	Жамбыл	66	41	-37,9
9	БҚО	21	22	4,8
10	Қарағанды	74	173	133,8
11	Қызылорда	18	17	-5,6
12	Қостанай	57	29	-49,1
13	Маңғыстау	19	37	94,7
14	Павлодар	43	83	93,0
15	СҚО	27	24	-11,1
16	Шымкент қ.	38	23	-39,5
17	Түркістан	70	52	-25,7
18	Көліктік аумақ	1	2	100,0
19	Әскери қызметшілер жасаған	1	3	200,0
20	21-С «Арнайы объект»	2	1	-50,0

ҚР БП ҚСЖАЕК деректері бойынша

**8.7. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық**

ҚР БП ҚСЖАЕК деректері бойынша 2020 жылдың 12 айында кәмелетке толмағандар 1870 қылмыс (1844 бала), 2019 жылы – 2619 қылмыс (2793 бала) жасаған. Құқық бұзушылықтардың өсуі Павлодар облысында (4,7%), СҚО-да (18,9%) байқалады.

**8.8-кесте. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмаған адамдардың саны, 2019-2020 жылдар**

№	Өңірлер	2019	2020	+, - в %
<b>ҚР</b>		<b>2793</b>	<b>1844</b>	<b>-34,9</b>
1	Нұр-Сұлтан қ.	195	102	-47,7
2	Ақмола	141	115	-18,4
3	Ақтөбе	147	103	-29,9
4	Алматы қ.	295	176	-40,3
5	Алматы	269	161	-40,1
6	Атырау	90	66	-26,7
7	ШҚО	240	164	-31,7
8	Жамбыл	180	121	-32,8
9	БҚО	121	68	-43,8
10	Қарағанды	222	111	-50,0
11	Қызылорда	94	55	-41,5
12	Қостанай	175	112	-36,0
13	Маңғыстау	61	59	-3,3
14	Павлодар	56	39	-30,4
15	СҚО	43	46	7,0
16	Шымкент қ.	173	159	-8,1
17	Түркістан	238	165	-30,7
18	Көліктік аумақ	31	13	-58,1
19	Әскери қызметшілер жасаған	0	0	0
20	21-С «Арнайы объект» Байқоңыр қ.	22	9	-59,1

ҚР БП ҚСЖАЕК деректері бойынша

Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағандар санының азаюына қарамастан, кәмелетке толмағандар тарапынан қылмыс жағдайларының жоғары деңгейі ШҚО, Алматы, Түркістан облыстарында, Алматы және Шымкент қалаларында байқалады.

**8.9-кесте. Кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны, 2019-2020 жылдар**

№	Өңірлер	2019 ж.	2020 ж.	+, - %
<b>ҚР</b>		<b>2619</b>	<b>1870</b>	<b>-28,6</b>
1	Нұр-Сұлтан қ.	190	142	-25,3
2	Ақмола	124	108	-12,9
3	Ақтөбе	131	96	-26,7
4	Алматы қ.	291	189	-35,1
5	Алматы	303	166	-45,2

6	Атырау	92	67	-27,2
7	ШҚО	202	167	-17,3
8	Жамбыл	146	111	-24,0
9	БҚО	109	88	-19,3
10	Қарағанды	200	98	-51,0
11	Қызылорда	97	65	-33,0
12	Қостанай	149	110	-26,2
13	Маңғыстау	71	43	-39,4
14	Павлодар	43	45	4,7
15	СҚО	37	44	18,9
16	Шымкент қ.	180	151	-16,1
17	Түркістан	208	159	-23,6
18	Көліктік аумақ	30	16	-46,7
19	Әскери қызметшілер жасаған	1	0	-100,0
20	21-С «Арнайы объект» Байқоңыр қ.	15	5	-66,7

ҚР БП ҚСЖАЕК деректері бойынша

Кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтар санының 30% және одан да көп төмендеуі Қарағанды облысында – 51,0%, Маңғыстау облысында – 39,4%, Алматы облысында – 45,2%, Қызылорда облысында – 33,0% және Алматы қаласында – 35,1% байқалады.

Сонымен қатар, Павлодар облысының 2 өңірінде қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны 43-тен 45-ке дейін, СҚО-да 37-ден 44-ке дейін өскенін атап өту қажет.

ҚР ІІМ деректері бойынша соңғы 5 жылда ішкі істер органдарында есепте тұрған тұрмысы қолайсыз отбасылардың саны 11 715 мыңнан 7210 мыңға дейін, балалар саны 17 163 мыңнан 11670 мыңға дейін қысқарды.

**8.10-кесте. Ішкі істер органдарында есепте тұрған отбасылар мен балалардың саны туралы мәліметтер, 2016 және 2020 жылдар**

№	Өңірлер	2016 жыл		2020 жыл	
		отбасы	бала	отбасы	бала
<b>ҚР</b>		<b>11 715</b>	<b>17 163</b>	<b>7209</b>	<b>11667</b>
1	Нұр-Сұлтан қ.	258	380	211	405
2	Ақмола	1468	1306	701	888
3	Ақтөбе	432	771	390	559
4	Алматы қ.	907	1174	682	867
5	Алматы	1045	1971	684	897
6	Атырау	226	458	161	341
7	ШҚО	978	1308	613	993
8	Жамбыл	716	1021	275	403

9	БҚО	257	451	205	402
10	Қарағанды	1187	2312	741	1446
11	Қостанай	1662	2094	969	2006
12	Қызылорда	182	275	74	95
13	Маңғыстау	235	453	164	286
14	Павлодар	603	904	313	447
15	СҚО	337	443	291	395
16	Түркістан	1222	1842	527	895
17	Шымкент қ.	-		208	342

ҚР ІІМ деректері бойынша

Республикада қолайсыз отбасылардың проблемаларына жеке тәсіл қолдану мақсатында 2019 жылы жергілікті атқарушы органдардың ішкі істер органдарында есепте тұрған адамдарды медициналық-әлеуметтік есепке алуды жүргізу жөніндегі құзыреті заңнамалық түрде енгізілді.

Алайда, орталық мемлекеттік орган деңгейінде осы жұмысты үйлестіру құзыреті бекітілмеген. Осыған байланысты «тәуекел тобындағы» балалармен профилактикалық және оңалту жұмыстарын жетілдіруге байланысты мәселелер шешуді талап етеді.


Озық тәжірибе өмірлік қиын жағдайда жүрген отбасылар үшін интеграцияланған қызметтерді дамыту, бір бейінді мамандарды кешенді бағалауға және әрбір отбасымен отбасылық-бағдарланған тәсілге бағытталған жеке жұмыс жүргізу әдістеріне оқыту қажеттілігін көрсетеді.

### 8.8. Балалардың қауіпсіздігі

Әлеуметтік зерттеу аясында ата-аналарға баланың физикалық және психикалық қауіпсіздігі мәселелерімен байланысты сауалнама жүргізілді.

Әрине, ата-ананың ең көп кездесетін қорқынышы баланың физикалық және психикалық қауіпсіздігіне байланысты. Респонденттердің жауаптары көрсеткендей, ата-аналардың балаларының қауіпсіздігіне деген сенімділігі олардың балаларының қасында кімнің болуына байланысты.

**Мен өз баламның (балаларымның) физикалық және психологиялық тұрғыдан толық қауіпсіз екеніне сенімдімін**



Балалар қауіпсіздігінің ең айқын нәтижесі – басқа туыстарына қарағанда мұғалімдерге деген сенімнің жоғары деңгейі. Бұл сұраққа жауап беруге қиналған ата-аналардың пайызы да жоғары – 8,8%-дан (мектептегі мұғалімдердің жанында) 22,8%-ға дейін (көшедегі бейтаныс ересектердің жанында). Алынған мәліметтер негізінде жасалуы мүмкін негізгі қорытынды – оқу орнының кеңістігін ата-аналар көше кеңістігінен гөрі қауіпсіз деп қабылдайды. Алайда, ұсынылған нұсқалардың ешқайсысы 100% жауап ала алмады – сондықтан балалардың қайда және кіммен болғанына қарамастан, ата-аналарда белгілі бір қорқыныш деңгейі бар.



Егер ата-аналар әрдайым балалардың жанында бола алмаса (мектеп, көше және т. б.), ал балалардың қауіпсіздігіне жүз пайыз сенбесе, ата-аналар баласының олардан көмек сұрайтынына сенімді ме? Мұны білу үшін респонденттерден: «Егер балаңыз өзінің құқығы бұзылды деп санаса, сізге бұл туралы айтып береді деп ойлайсыз ба?». Респонденттердің жартысынан көбін дәл осылай болатынына сенімді екенін көрсетті – 59,4%, 31,6%-ы қажет болған жағдайда солай болады деп үміттенеді. 6%-ға жуығы (29 адам) бала мұндай жағдай туралы айтпайды деген пікір білдірді. Басқа өңірлерге қарағанда мұндай жауап екі облыста (Алматы және Атырау) жиі тіркеледі, аталған облыстардың әрқайсысында 5 адамнан осы нұсқаны атап өтті.

Егер бала ата-анасына оның құқықтары бұзылған жағдай туралы айтса, ата-аналардың өздері мемлекеттік органдардан (полиция, қамқоршылық, әлеуметтік қорғау және т. б.) көмек сұрай ала ма? Респонденттердің мұндай тәжірибесі бар ма?



Алынған нәтижелер өте оптимистік көрінеді: біріншіден, респонденттердің барлығы дерлік (92,0%) бұрын мұндай қажеттілік туындамағанын атап өтті. Екіншіден, қалған 8,0% (40 адам) көп бөлігі (25 адам – 5,0%) мемлекеттік құрылымдарға жүгіну тәжірибесі сәтті болғанын көрсетті – оларды тыңдаған, көмек берген.

Соған қарамастан, 15 адам мемлекеттік органдарға балаларға қатысты мәселелер бойынша көмек сұрау тәжірибесін теріс деп бағалады – олармен сөйлеспеген немесе тыңдамаған, тыңдаса да көмек бермеген. Алынған деректер негізінде мұндай жағдайлар қалаларға қарағанда ауылдық жерлерде жиі туындайтынын нақтылауға болады (15 жауаптың 10-ы), 15 жауаптың 6-ы үш облыста: Алматы, Түркістан және Атырау облыстарында алынды.

### **8.9. Арнайы білім беру ұйымдары және ерекше режимде ұстайтын ұйымдар**

Республикада 7 арнайы білім беру ұйымы және 1 ерекше тәрбиелеу режимі бар ұйым жұмыс істейді.

Бұл мекемелер республиканың 7 өңірінде орналасқан: Алматы қаласы (1), Жамбыл (1), Қарағанды (1), Қызылорда (1), Маңғыстау (1), Түркістан (1) және ШҚО (2) облыстары.

2020 жылы осы ұйымдарда орта есеппен 118 бала (ұлдар – 61, қыздар – 57) тәрбиеленді. 2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша тәрбиеленушілер контингенті – 73 бала, оның ішінде 40 ұл (55%) және 33 қыз (45%). Балалардың жалпы санынан 11 жастан 13 жасқа дейінгі – 10, 14 жастан 16 жасқа дейін – 38, 17 жастан 18 жасқа дейін – 25.

Талдау көрсеткендей, арнайы ұйымдарға жіберілетін балалардың 73%-ы жағдайы қолайсыз және толық емес отбасылардан шыққан балалар.

Арнайы білім беру ұйымдарына бір айдан бір жылға дейінгі мерзімге мынадай кәмілетке толмағандар жіберіледі:

- әкімшілік ықпал ету шараларына әкеп соғатын құқық бұзушылықтарды жүйелі түрде жасайтындар;
- білім алудан қасақана жалтарғандар;
- отбасы мен балалар ұйымдарынан өз еркімен кететіндер және өзге де қоғамға жат әрекеттер жасайтындар.

Ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына алты айдан екі жылға дейінгі мерзімге мынадай кәмілетке толмағандар жіберіледі:

- аса ауыр қылмыстар немесе екі және одан да көп қоғамға қауіпті іс-әрекеттер жасаған, қылмыстық жауаптылық басталатын жасқа (14 жас) жетпеуіне не татуласуына байланысты оларға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру тоқтатылған адамдар.

- егер олар ауырлығы орташа немесе ауыр қылмыс жасағаны үшін сотталған және сот татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босатқан жағдайларда.

Кәмілетке толмағандарды осы білім беру ұйымдарына жіберу туралы шешімді сот қабылдайды.

Балаларды бірнеше рет жіберу жағдайлары алдын алу жұмыстарының жеткіліксіз деңгейін көрсетеді. Соңғы үш жылда 26 кәмілетке толмаған бала осы ұйымдарға қайта түскен (Түркістан (11), ШҚО (6), Жамбыл (3), Ақмола (2), Қарағанды (1), Қызылорда (1), Маңғыстау (1), Нұр-Сұлтан қаласы (1)).

Бұдан басқа, девиантты мінез-құлықты балаларға арналған жұмыс істеп тұрған ұйымдардың толықтырылуының төмендігі мен штатының үлкендігі осы ұйымдардың тиімсіз ұсталуына алып келеді.

Шет елдердің көпшілігінде девиантты мінез-құлықты балалармен жұмыс баланы отбасынан ажыратпай, олардың тұрғылықты жері бойынша, жастар мен отбасыларға арнайы құрылған орталықтарда жүзеге асырылады. Бұл ретте психологтардың, әлеуметтік қызметкерлердің, девиантты мінез-құлықтың алдын алуға және түзетуге жауапты органдардың оналту жұмыстары баламен де, оның отбасымен де жүргізіледі.

ҚР ПМ жүйесінде кәмілетке толмағандарға арналған бір колония жұмыс істейді, оған ауыр және аса ауыр қылмыс жасаған балалар жіберіледі (2016 ж. – 42, 2020 ж. – 51). Пробация қызметінде 100-ден астам кәмілетке толмаған есепте тұр (2016 ж. – 130, 2020 ж. – 131.)

### **8.10. Балалардың жарақаттануы**

Балалардың жарақаттануы және оның алдын алу өте маңызды және өзекті мәселе. Жарақаттар үш жастан асқан балалардың өлімінің басты себебі болып табылады. Ең алдымен, негізгі себептер: қоршаған ортаны жақсартудың болмауы, немқұрайлылық, ересектердің қарамауы, күнделікті өмірде, көшеде, ойын кезінде, спортпен шұғылдану кезінде баланың абайсыздығы, дұрыс жүріп-тұрмау.

Жарақаттанудың ең көп таралған себептерінің бірі – жол апаттары.

ҚР ПМ деректері бойынша жыл сайын ЖКО-дан зардап шеккен 3 мыңнан астам бала тіркеледі: 2016 жылы – 3772, 2017 жылы – 3665, 2018 жылы – 3314, 2019 жылы – 3539.

2020 жылы 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдердің қатысуымен 2668 (2019 жылы – 3563) ЖКО тіркелді, соның нәтижесінде жол қозғалысының 183 (2019 жылы – 237) жас қатысушысы қайтыс болды және 2954 (2019 жылы – 4053) бала түрлі дәрежеде жарақат алды.

Оның ішінде кәмілетке толмағандардың кінәсінен болған ЖКО жағдайлары – 110 (2019 жылы – 196), сондай-ақ 2019 жылмен салыстырғанда 43,9%-ға төмендегені байқалады.

Ағымдағы жылдың басынан бері ЖКО-дан зардап шеккендер саны 2019 жылмен салыстырғанда 25,1%-ға азайған.

ЖКО жағдайларының республиканың 15 өңірінде (Алматы қаласында – 40,3%, ШҚО – 39,1%, БҚО – 38,2%, СҚО – 37,7%, Ақтөбе – 36,1%, Атырау – 30,5%, Қарағанды – 30,5%) 30% және одан да көп төмендегені байқалады.

Сонымен қатар, 2019 жылмен салыстырғанда 2 өңірде (Қостанай облысында 11,3%-ға, Павлодар облысында 6,3%-ға) кәмілетке толмағандардың қатысуымен болған ЖКО-ның өсуі байқалады.

ЖКО-ның 100 және одан да көп жағдайы 9 өңірде тіркелген (Алматы қаласы – 557, Алматы облысы – 516, Түркістан облысы – 268, Жамбыл облысы – 248, ШҚО – 156, Павлодар облысы – 134, Ақмола облысы – 109, Ақтөбе облысы – 108, Қызылорда облысы – 100).

**8.11-кесте. Кәмелетке толмағандардың қатысуымен болған жол-көлік оқиғалары туралы мәліметтер, 2019-2020 жылдар**

№	Өңірлер	2019 ж.	2020 ж.	+, - %
<b>ҚР</b>		<b>3563</b>	<b>2668</b>	<b>-25,1</b>
1	Алматы қ.	933	557	-40,3
2	ШҚО	256	156	-39,1
3	БҚО	68	42	-38,2
4	СҚО	53	33	-37,7
5	Ақтөбе	169	108	-36,1
6	Атырау	59	41	-30,5
7	Қарағанды	105	73	-30,5
8	Нұр-Сұлтан қ.	95	70	-26,3
9	Жамбыл	333	248	-25,5
10	Шымкент қ.	110	82	-25,5
11	Ақмола	144	109	-24,3
12	Түркістан	332	268	-19,3
13	Маңғыстау	62	52	-16,1
14	Қызылорда	117	100	-14,5
15	Алматы	530	516	-2,6
16	Қостанай	71	79	11,3
17	Павлодар	126	134	6,3

ҚР ИМ деректері бойынша

2020 жылы өткен жылмен салыстырғанда кәмелетке толмағандардың қатысуымен болған ЖКО-да қайтыс болғандар саны 2,8%-ға азайды (2020 жылы – 183, 2019 жылы – 237).

ЖКО-да қайтыс болған кәмелетке толмағандар санының төмендеуі 12 өңірде (Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, ШҚО, БҚО, Қарағанды, СҚО, Түркістан облыстарында және Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында) байқалады.

Сонымен қатар, Қостанай, Маңғыстау, Жамбыл, Павлодар, Қызылорда облыстарында жол апаты кезінде қайтыс болған кәмелетке толмағандардың өсуі байқалды.

Оның ішінде кәмелетке толмағандардың кінәсінен болған ЖКО кезінде 16 (2019 жылы – 14) бала қайтыс болды.

ЖКО-да қайтыс болғандардың 10 және одан көп саны республиканың 5 өңірінде (Алматы, ШҚО, Түркістан, Жамбыл, Қызылорда облыстары) байқалады.

**8.12-кесте. Кәмелетке толмағандардың қатысуымен болған жол-көлік оқиғаларында қайтыс болғандар туралы мәліметтер, 2019-2020 жж.**

№	Өңірлер	2019 ж.	2020 ж.	+, - %
<b>ҚР</b>		<b>237</b>	<b>183</b>	<b>-22,8</b>
1	Нұр-Сұлтан қ.	6	1	-83,3
2	Ақтөбе	14	5	-64,3
3	Алматы қ.	12	5	-58,3
4	БҚО	7	3	-57,1
5	Ақмола	9	4	-55,6
6	Шымкент	15	8	-46,7
7	Алматы	44	24	-45,5
8	Қарағанды	14	8	-42,9
9	СҚО	3	2	-33,3
10	ШҚО	16	11	-31,3
11	Атырау	7	6	-14,3
12	Түркістан	54	50	-7,4
13	Қостанай	3	7	133,3
14	Маңғыстау	5	9	80,0
15	Жамбыл	15	24	60,0
16	Павлодар	4	6	50,0
17	Қызылорда	9	10	11,1

ҚР ИМ деректері бойынша

2020 жылы кәмелетке толмағандардың қатысуымен болған ЖКО-да 2954 бала (2019 жылы – 4053) жараланды, бұл 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 27,1%-ға аз. Оның ішінде кәмелетке толмағандардың кінәсінен – 111 бала (2019 жылы – 193) жараланды.

ЖКО-да жарақат алған кәмелетке толмағандар санының 30% және одан да көп төмендеуі байқалады: Ақтөбе облысында – 34,6%, ШҚО – 44,5%, БҚО – 42,1%, Атырау облысында – 36,5%, Жамбыл облысында – 33,7%, СҚО – 32,8% және Шымкент қаласында – 33,9%, Алматы қаласында – 39,3%.



**8.13-кесте. Кәмелетке толмағандардың қатысуымен болған жол-көлік оқиғаларында жараланғандар туралы мәліметтер, 2019-2020 жж.**

№	Өңірлер	2019 ж.	2020 ж.	+, - %
<b>ҚР</b>		<b>4053</b>	<b>2954</b>	<b>-27,1</b>
1	ШҚО	317	176	-44,5
2	БҚО	76	44	-42,1
3	Алматы қ.	1028	624	-39,3
4	Атырау	74	47	-36,5
5	Ақтөбе	182	119	-34,6
6	Шымкент қ.	124	82	-33,9
7	Жамбыл	407	270	-33,7
8	СҚО	58	39	-32,8
9	Түркістан	302	218	-27,8
10	Маңғыстау	79	58	-26,6
11	Нұр-Сұлтан қ.	95	73	-23,2
12	Қарағанды	102	84	-17,6
13	Ақмола	168	144	-14,3
14	Алматы	682	610	-10,6
15	Қызылорда	124	119	-4,0
16	Қостанай	78	87	11,5
17	Павлодар	157	160	1,9

ҚР ИМ деректері бойынша

Жарақаттанған кәмелетке толмағандардың саны 2 өңірде (Қостанай облысы – 78-ден 87-ге дейін, Павлодар облысы – 157-ден 160-қа дейін) ұлғайған.

ЖКО-дан жараланғандардың ең көп саны (100 және одан да көп жағдай) Алматы облысында – 610, Жамбыл облысында – 270, Түркістан облысында – 218, ШҚО-да – 176, Павлодар облысында – 160, Ақмола облысында – 144, Ақтөбе облысында – 119, Қызылорда облысында – 119 және Алматы қаласында – 624 және Шымкент қаласында – 112.

### 8.11. Балалардың сыртқы себептерден қайтыс болуы

ҚР ТЖМ ақпараты бойынша 2020 жылы төтенше жағдайлардан 185 бала қайтыс болды, оның ішінде өрт салдарынан – 41, улы газдың әсерінен – 13, суға батқандар – 103, терезеден құлағандар – 28.

**8.14-кесте. Балалардың қайтыс болу себептері туралы мәліметтер**

№	Өңірлер	өрт салдарынан	өртсіз, газдан улану	терезеден құлау	суға бату	барлығы
<b>ҚР</b>		<b>41</b>	<b>13</b>	<b>28</b>	<b>103</b>	<b>185</b>
1	Алматы	10	2	1	17	30
2	ШҚО	6	3	0	17	26
3	Түркістан	2	0	0	19	21
4	Ақмола	5	0	1	6	12
5	Алматы қ.	3	0	4	3	10
6	БҚО	1	0	1	8	10
7	Қарағанды	2	0	1	7	10
8	Жамбыл	2	1	6	0	9
9	Атырау	0	0	1	7	8
10	Қостанай	4	0	1	3	8
11	Қызылорда	0	0	1	7	8
12	СҚО	5	1	1	1	8
13	Ақтөбе	0	0	4	3	7
14	Шымкент қ.	0	3	0	2	5
15	Нұр-Сұлтан қ.	0	0	5	0	5
16	Маңғыстау	0	3	1	0	4
17	Павлодар	1	0	0	3	4

ҚР ТЖМ деректері бойынша

Балалардың өрт кезінде, су айдындарында қайтыс болуының негізгі себептері оларды қараусыз қалдыру, төтенше жағдай туындаған кезде дұрыс әрекет етпеу, шомылу кезінде өз күштерін дұрыс бағаламау болып табылады.

Балалардың қайтыс болу себептері: 18 жағдайда – электр жабдықтарын орнату және пайдалану ережелерін бұзу, 13 – отты абайсыз пайдалану, 10 – ішкі электр сымдарының қысқа тұйықталуы.

Улы газдан уланудың тіркелген жағдайларының көпшілігінде төтенше жағдайлардың негізгі себептері ретінде өрт қауіпсіздігінің қарапайым талаптарын бұзу болып табылады. Газдан уланудың барлық фактілері ересектердің жылыту құрылғыларына, өрт қауіпсіздігі талаптарына немқұрайлы қарауымен және дұрыс пайдаланбауымен (6), ақаулы пеш жабдығын пайдалануымен (7) байланысты.

2020 жылдың басынан бері еліміздің су айдындарында 103 бала суға батып кетті, оның ішінде 10 бала мұз астына түсіп кеткен, 11 бала суға құлау салдарынан (балаларды қараусыз қалдыру, өзенге (арық) құлау, 82 бала шомылу кезінде өз күштерін дұрыс бағаламады.



Көп пәтерлі тұрғын үйлердің терезелерінен балалардың құлап кетуінің тіркелген 25 жағдайының көпшілігі оларды ата-аналардың қараусыз қалдыруы және қасында болған ересектердің немқұрайлы қарауы салдарынан орын алған.

Осылайша, ТЖ-дан балалардың қайтыс болу қаупін азайту бүгінгі күні тек алдын алу іс-шараларымен шектеледі және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға және ата-аналардың (немесе басқа да заңды өкілдердің) жауапкершілігін қатаңдатуға жүйелі көзқарасты талап етеді.

## 8.12. Балалар суицидi

ДДСҰ мәліметтері бойынша балалар мен жастар арасындағы «өзін-өзі өлтіру эпидемиясы» ЖКО-да қайтыс болғаннан кейінгі өлімнің екінші басты себебі болып табылады<sup>15</sup>. Бұл әрекеттің себебі көбінесе белгісіз болып қалады. Қазақстандық психологтардың пікірінше, өзін-өзі өлтіру себептерінің 30%-ы – психикалық патология, ал қалған 70%-ы – қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздық – жұмыссыздық, қолжетімді тұрғын үйдің, қолжетімді білімнің және балалардың бос уақытының болмауы. Сондай-ақ, негізгі себептердің бірі – жалпы өмір ырғағының күрт артуы және немқұрайлылық.

ҚР БП ҚСЖАЕК-тің ресми деректері бойынша, ағымдағы жылдың 12 айында елде 143 аяқталған суицид жағдайы және 306 суицид әрекеті тіркелген. 2019 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда төмендеу тиісінше 20,1% және 12,6%-ды құрады.

<sup>15</sup> <https://mk-kz.kz/social/2019/09/17/kazakhstan-na-6-meste-v-mire-po-kolichestvu-suicidov-voz.html>

8.15-кесте. Суицидтің аяқталған жағдайлары және суицид әрекеттері, 2019-2020 жылдар

№	Өңірлер	суицид			суицид әрекеті		
		2019	2020	+/-%	2019	2020	+/-%
ҚР		179	143	-20,1	350	306	-12,6
1	Ақмола	3	6	100,0	25	21	-16,0
2	Ақтөбе	8	3	-62,5	23	8	-65,2
3	Алматы	27	25	-7,4	23	23	0,0
4	Атырау	3	3	0,0	5	4	-20,0
5	БҚО	8	7	-12,5	4	8	100,0
6	Жамбыл	16	8	-50,0	7	4	-42,9
7	Қарағанды	5	7	40,0	23	10	-56,5
8	Қостанай	11	6	-45,5	24	17	-29,2
9	Қызылорда	6	7	16,7	7	8	14,3
10	Маңғыстау	5	5	0,0	6	4	-33,3
11	Түркістан	38	30	-21,1	43	51	18,6
12	Павлодар	6	5	-16,7	17	18	5,9
13	СҚО	9	6	-33,3	12	14	16,7
14	ШҚО	13	9	-30,8	54	48	-11,1
15	Нұр-Сұлтан қ.	5	5	0,0	42	45	7,1
16	22-В	0	0	0,0	0	0	0,0
17	Алматы қ.	1	0	-100,0	0	0	0,0
18	21-С	7	5	-28,6	26	20	-23,1
19	Шымкент қ.	8	6	-25,0	9	3	-66,7

ҚР БП ҚСЖАЕК деректері бойынша

Аяқталған суицид жағдайларының өсуі Ақмола (3-тен 6-ға дейін), Қарағанды (5-тен 7-ге дейін), Қызылорда (6-дан 7-ге дейін) облыстарында байқалады.

Суицид әрекетінің өсуі БҚО (4-тен 8-ге дейін), Қызылорда (7-ден 8-ге дейін), Түркістан (43-тен 51-ге дейін), Павлодар (17-ден 18-ге дейін), СҚО (12-ден 14-ке дейін) облыстарында және Нұр-Сұлтан қаласында (42-ден 45-ке дейін) байқалады.

Суицидтің жоғары көрсеткіштері Түркістан (30) және Алматы (25) облыстарында, әрекет көрсеткіштері Түркістан облысында (51), ШҚО (48), Нұр-Сұлтан (45) облыстарында қалып отыр.

Кәмілетке толмағандар арасындағы суицидке дейінгі факторлардың арасында жалғыздық сезімі (3), отбасындағы ауыр материалдық жағдай (2), туыстарымен жанжал (4), ата-аналармен жанжал (5), ата-анасының ажырасуы (3), жазадан қорқу, ұят (1), ауыр соматикалық аурулар (1) себептері бар.

15-тен 17 жасқа дейінгі жасөспірімдер (59%) бұл құбылысқа өте сезімтал. Аяқталған суицидтерді негізінен ұлдар жасайды (63%), қыздар арасында суицид әрекеттері басым (72%).

Білім беру ұйымдарында суицидтік мінез-құлықтың алдын алу бойынша негізгі рөл педагог-психологтарға жүктелген. Ағымдағы жылдың басында республиканың білім беру ұйымдарында 7 мыңнан астам педагог-психолог, 1876 психологиялық қызмет жұмыс істейді.

Барлық өңірлерде call-орталықтар, шұғыл психологиялық көмек кабинеттері, жастардың денсаулық орталықтары, психологиялық көмек орталықтары және т. б. құрылды.

Ағымдағы жылы ЮНИСЕФ-пен және ҚР ДСМ Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығымен бірлесіп COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алу кезеңінде білім алушыларды психологиялық сүйемелдеуді ұйымдастыру бойынша жоспар әзірленді. Қашықтықтан жұмыс істеу бойынша тұрақты негізде практикалық ұсынымдар әзірленеді, оқушылармен, ата-аналармен және педагогтермен оқыту семинарлары, онлайн диагностикалық тесттер және білім беру-ақпараттық іс-шаралар, «[covid-19.mentalcenter.kz](http://covid-19.mentalcenter.kz)» веб-сайты арқылы онлайн консультация беру және қолдау жүргізіледі.

Бес өңірде (Нұр-Сұлтан қаласы, Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Қызылорда облыстары) кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу және өмірлік дағдыларды қалыптастыру (Bilim Foundation) бағдарламасын іске асыру жалғасуда.

Суицидтің әрбір фактісі бойынша өзіне-өзі қол жұмсауға жеткізгені және оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды белгілегені үшін қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамының болуына сотқа дейінгі тергеп-тексерулер жүргізіледі. Сотқа дейінгі тергеу нәтижелері бойынша мемлекеттік органдарға кәмелетке толмағандардың суицид жасауына ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою жөнінде 210 ұсыныс енгізілді. Ұсыныстарды қарау қорытындысы бойынша 68 педагог және 16 медицина қызметкері тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Суицидтік мінез-құлықты тікелей немесе жанама насихаттайтын заңсыз контенттерді анықтау және бұғаттау бойынша БАҚ мониторингі тұрақты негізде жүргізіледі. 2020 жылы порнографияны, қатыгездік пен суицидке табынуды насихаттайтын 731-ге жуық құқыққа қарсы материалды жою бойынша шаралар қабылданды, порнография, суицидті насихаттау бойынша 2068-ден астам материалдарға пайдаланушылардың қолжетімділігі шектелді.

Ведомствоаралық байланысты күшейту мақсатында 2020-2023 жылдарға арналған Баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюі мәселелерін шешу жөніндегі 2020-2023 жылдарға арналған жол картасы (бұдан әрі – жол картасы) іске асырылуда.

Жол картасы аясында Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Балалардың құқықтарын қорғау, зорлық-зомбылықтың, қатыгездікпен қараудың, кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті, оның ішінде суицидтік және девиантты мінез-құлықтың алдын алу жөніндегі бірыңғай бағдарламаны әзірлеу және сынақтан өткізу жұмыстарын жүргізуде.

Жұмыстар:

- заңнамалық және нормативтік құқықтық базаны балаларды кибербуллингтен қорғау бойынша шараларды заңнамалық қабылдау бөлігінде жетілдіру;

- білім беру ұйымдарының психологиялық қызметтерінің жұмысын жетілдіру;

- педагог-психологтардың, әлеуметтік педагогтердің біліктілігін арттыру;

- балаларға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгез қарау, кәмелетке толмағандар арасындағы суицид және құқық бұзушылық мәселелері бойынша қызметті үйлестіру және ведомствоаралық өзара іс-қимыл;

- суицидтік мінез-құлықты, балаларға қатысты зорлық-зомбылық пен қатыгез қарым-қатынасты тікелей немесе жанама насихаттайтын заңсыз контенттерді анықтау және бұғаттау бойынша бұқаралық ақпарат құралдарының, оның ішінде интернеттегі әлеуметтік желілердің мониторингі;

- балаларға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгез қарау, кәмелетке толмағандар арасындағы суицид және құқық бұзушылық мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын ұйымдастыру және оқыту семинарларын өткізу аясында жүргізіледі.

### 8.13. Радикалды көзқарастан арылту

«Жусан» және «Русафа» арнайы гуманитарлық операциялары барысында Сирия мен Ирактағы ұрыс қимылдарының аймақтарында болған 520 бала елге қайтарылды. Қайтару процесі әр адамға медициналық, психологиялық, әлеуметтік, экономикалық және құқықтық көмек көрсетуді қамтитын ілеспе жұмыстарды жүргізуді талап етті.

Балаларды толыққанды сүйемелдеу және оларға барлық қажетті көмекті көрсету үшін еліміздің 14 өңірінде (Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Жамбыл, БҚО, Қарағанды, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Түркістан облыстары, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде «Құқық» қоғамдық қоры жанында «Шанс» кәмелетке толмағандарды әлеуметтік-психологиялық, құқықтық қолдаудың 16 орталығы ұйымдастырылды.

Аталған жобаны іске асыру нәтижесінде белгілі бір нәтижелерге қол жеткізілді, атап айтқанда: геномдық сараптама жүргізілді, құжаттарды ресімдеуге жәрдем көрсетілді, өңірлік орталықтар базасында уақытша тұруға мүмкіндік берілді және балаларды қосымша оқыту жүзеге асырылды.

Сондай-ақ, ҚР БҒМ мүдделі органдармен бірлесіп, террористік белсенділік аймағынан оралған балалармен жұмысты жалпы үйлестіруді және жоспарлауды күшейту жұмысын қатар жүргізді.

Кейіннен ҚР БҒМ террористік әрекеттен зардап шеккен балаларға қатысты әлеуметтік оңалту жүргізу бөлігінде құзыреттерді бекіту бойынша жұмысты жалғастырды.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ана мен баланы қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру үшін Террористік әрекеттен зардап шеккен балаларды әлеуметтік оңалтудың қағидалары мен мерзімдері бекітілді (ҚР БҒМ-нің 2020 жылғы 4 қыркүйектегі № 382 бұйрығы).

Жергілікті атқарушы органдар білім беру ұйымдарында балаларды анықтау бойынша жұмыс жүргізді. Мектепке дейінгі білім берумен 118 бала қамтылған. Мектепте 227-ден астам бала білім алды. Сондай-ақ, 140-тан астам балаға сабақтан тыс уақытта шығармашылық үйірмелерге, спорт секцияларына және қосымша сабақтарға қатысу мүмкіндігі беріледі.

Оқу процесінде проблемалары бар балалармен оқудағы қиындықтарды жою үшін жеке қосымша оқыту жүргізіледі.

Сондай-ақ, коронавирустық инфекцияның пандемиясына байланысты балаларға компьютерлер мен ноутбуктер түрінде көмек көрсетілді. Сонымен қатар, кеңсе тауарлары, мектеп формасы және азық-түлік себеттері түрінде жоспарлы материалдық көмек көрсетіледі.

Жазғы және қысқы кезеңде 47 бала үшін республикалық «Балдәурен» лагерінде екі апталық сауықтыру демалысы ұйымдастырылды.

#### 8.14. Балалар еңбегін пайдалану

ҚР еңбек заңнамасының негізгі қағидаттарының бірі ҚР-дағы кемсітушілікке, мәжбүрлі еңбекке және балалар еңбегінің ең нашар түрлеріне тыйым салу болып табылады (4-бап).

Бала еңбегін пайдалануға жол бермеу мақсатында Еңбек кодексінде еңбек шартын жасасуға жол берілетін жас белгіленді.

Кодекстің 31-бабына сәйкес он алты жасқа толған азаматтармен еңбек шартын жасасуға жол беріледі.

Еңбек шарты:

1) орта білім беру ұйымдарында негізгі орта, жалпы орта білім алған жағдайларда, он бес жасқа толған азаматтармен;

2) оқудан бос уақытта, денсаулығына зиян келтірмейтін және оқу процесін бұзбайтын жұмысты орындау үшін он төрт жасқа толған оқушылармен;

3) кинематография ұйымдарында, театрларда, театр және концерт ұйымдарында, цирктерде денсаулығына және имандылық тұрғысынан дамуына нұқсан келтірмей, шығармалар жасауға және (немесе) орындауға қатысу үшін осы тармақтың 2) тармақшасында айқындалған талаптарды сақтай отырып, он төрт жасқа толмаған адамдармен еңбек шарты жасалуы мүмкін.

31-баптың 2-тармағында айқындалған жағдайларда еңбек шартына кәмелетке толмаған адаммен қатар оның ата-анасының біреуі, қорғаншысы, қамқоршысы немесе асырап алушысы қол қоюға тиіс.

Кодексте сондай-ақ он сегіз жасқа толмаған адамдарды мынадай жұмыс түрлеріне тартуға тыйым салынады:

- ауыр физикалық жұмыстар
- еңбек жағдайлары зиянды және қауіпті жұмыстар;
- сағат 22-ден таңғы 6-ға дейінгі түнгі уақыттағы жұмыстар;
- үстеме жұмыс.

ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 944 бұйрығымен он сегіз жасқа толмаған қызметкерлердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімі бекітілді.

Халықаралық еңбек ұйымының қолдауымен әр өңірде балалар еңбегін пайдалану проблемасына қоғамның назарын аудару мақсатында жыл сайын 1-12 маусым аралығында «Балалар еңбегін пайдалануға қарсы 12 күн» ұлттық ақпараттық науқаны өткізіледі.

Акция барысында конференциялар, вебинарлар, семинар-тренингтер, «дөңгелек үстелдер», тақырыптық көрмелер, суреттер мен шығармалар конкурстары өтеді.

Жазғы кезеңде білім басқармасы мен кәсіпкерлер палатасы арасында жазғы каникул кезеңінде балаларды жұмысқа орналастыру мәселесі бойынша ынтымақтастық туралы меморандумдар жасалады.

Өмірлік қиын мәселелерді шешуде отбасылар мен балаларға құқықтық және психологиялық қолдау көрсетуде жедел консультациялық көмек көрсету үшін «Сенім телефондары» туралы ақпарат өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарында, білім бөлімдерінің сайттарында жарияланады, сенім телефондарының логотиптері бар буклеттер мен парақшалар дайындалады және таратылады.

Соңғы жылдардағы рейдтер барысында анықталған фактілерді талдау кәмелетке толмағандарды пайдалануға көбінесе жазғы каникул уақытында жол берілетінін және еңбекке 12 жастан 18 жасқа дейінгі балалар тартылатынын көрсетті.

Бұзушылықтардың көпшілігі жасалған еңбек шарттарының болмауынан. Балалар сауда (балмұздақ, сусындар, ойыншықтар және т.б. сату), автомобиль жуу, жүк тасымалдау сияқты еңбек түрлеріне пайдаланылады. Балалардың заңсыз еңбегінің барлық жағдайларында жасөспірімдердің отбасының жеткіліксіз немесе ауыр материалдық жағдайына (жұмыссыздық немесе бір немесе екі ата-ананың табысы жеткіліксіз) байланысты ақша табуға деген ұмтылысы себеп болды, бұл балаларды еңбек нарығына шығуға мәжбүр етеді.

Балаларды жұмыс істеуге итермелейтін себептер киім, қалта ақшасы, жақсы тамақтану, туыстарына көмек көрсету қажеттілігінен көрінеді.

Осылайша, балалар еңбегіне деген сұраныс балалардың неғұрлым атқарушы, мойынсұнғыш екендігімен түсіндіріледі, олардың еңбегіне ақы төлеу арзан және жұмыс берушілерге олардың тарапынан ешқандай талаптар жоқ. Сонымен қатар, жұмыс берушілердің еңбек заңнамасының қарапайым нормаларын білмеуі бар.

#### 8.15. Босқын балалар

«Босқындар туралы» ҚР Заңында (16-бап) босқын мәртебесін алуға тілек білдірген балалар және босқын балалар ата-аналарсыз немесе өзге де заңды өкілдеріңіз келгенде де, оның ішінде ата-аналарын немесе отбасының басқа мүшелерін табу мүмкін болмаған жағдайларда да Қазақстан Республикасының баланың құқықтары туралы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасында ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған басқа балалар сияқты қорғалады делінген. Қазақстан Республикасының аумағында ата-аналарсыз немесе заңды өкілдеріңіз жүрген босқын балаларға босқын куәлігі беріледі.

Босқын мәртебесін айқындау кезінде баланың мүдделері ескеріледі, яғни ата-анасына босқын мәртебесін беру кезінде бала автоматты түрде осындай мәртебеге ие болады. Бұл ретте, ҚР ІІМ деректері бойынша босқын мәртебесін алу үшін балалардың (еріп жүрушілері жоқ және ажырап қалған балалар) өз бетінше өтініш білдіру фактілері тіркелмеген.

Шығарудың болмауы қағидасы ересектерге де, балаларға да бірдей қолданылады. Бұл ретте 16 жасқа толмаған балалар әкімшілік жауапкершілікке, оның ішінде шығарып жіберу түріндегі жауапкершілікке тартылмайды.

Сондай-ақ, «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» ҚР Заңының 47-бабында босқын және мәжбүрлі қоныс аударушы балалардың өз мүдделерін қорғауға құқығы бар екендігі көзделген. Баланың тұрған жеріндегі қорғаншылық және қамқоршылық органдары, босқындар мәселелері жөніндегі қатынастарды реттеу саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті

органның аумақтық бөлімшелері ата-аналарының не өзге де заңды өкілдерінің бар-жоғы және тұратын жері туралы мәліметтер алуға жәрдемдеседі, қажет болған жағдайда баланы емдеу-профилактикалық немесе баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын өзге де ұйымдарға белгілейді.

Бұдан басқа, заңнамада босқындарға, сондай-ақ ҚР аумағында баспана іздеп жүрген адамдарға профилактикалық, диагностикалық және емдік медициналық қызметтер көрсету тәртібі айқындалған. Босқындарға, сондай-ақ пана іздеген адамдарға барынша дәлелденген тиімді профилактикалық, диагностикалық және емдік медициналық қызметтер көрсету қағидалары қолданылады (ҚР ДСӘДМ-нің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 398 бұйрығы).

Қазақстан Республикасының босқындар туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды «Босқындар туралы» ҚР Заңы 6-бабының 6-тармағына сәйкес ҚР ПМ жүзеге асырады.

«Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктердің және азаматтығы жоқ тұлғалардың мектепалды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алу ережесін бекіту туралы» ҚР БҒМ-нің 2010 жылғы 28 қыркүйектегі № 468 бұйрығына сәйкес ҚР-да тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың, сондай-ақ ҚР-да уақытша тұратын көшіп-қонушылардың балалары білім алу үшін білім беру ұйымдарына қабылданады және Қазақстан азаматтары сияқты құқықтарды пайдаланады.

ҚР ПМ деректері бойынша тіркелген босқын балалардың саны: 2016 жылы – 206, 2017 жылы – 184, 2018 жылы – 176, 2019 жылы – 177, 2020 жылы – 144.

### 8.16. Мигрант балалар

Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамаға сәйкес мигранттардың, қандастардың балаларына білім алуға Қазақстан ратификациялаған БҰҰ Бала құқықтары туралы Конвенциясының 28-бабын орындау жөнінде дәйекті шаралар қабылдайды.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, сондай-ақ Қазақстан Республикасына отбасына қосылу мақсатында келген шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей мектепалды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алуға құқығы бар.

Жергілікті атқарушы органдар мигранттарға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мектептерден, мектепке дейінгі ұйымдардан орын береді. Республикада тұрақты тұратын шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың балалары Қазақстан азаматтары сияқты білім беру ұйымдарына қабылданады және құқықтарды пайдаланады.

ҰБДҚ деректері бойынша 2020-2021 оқу жылында орта білім беру ұйымдарында 174 босқын бала, 7671 мигрант бала, 2249 қандас бала білім алуда.

### 8.16-кесте. Мигранттардың, босқындардың және қандастардың балаларының саны туралы мәліметтер, 2020-2021 оқу жылы

Өңірлер	ТМД-дан тыс көші-қон	ТМД-ның басқа мемлекетінен көші-қон	«Қандас» мәртебесі	«Босқын» мәртебесі
<b>ҚР</b>	<b>7637</b>	<b>304</b>	<b>2249</b>	<b>174</b>
Ақмола	247	14	86	6
Ақтөбе	53	0	4	9
Алматы	3205	40	1113	1
Атырау	49	35	7	14
БҚО	19	1	0	16
Жамбыл	313	17	21	2
Қарағанды	266	0	28	11
Қостанай	44	0	6	14
Қызылорда	12	0	0	0
Маңғыстау	1024	14	25	17
Павлодар	216	2	156	2
СҚО	46	0	39	11
Түркістан	793	40	11	1
ШҚО	407	5	158	8
Нұр-Сұлтан қ.	245	19	142	18
Алматы қ.	260	77	406	41
Шымкент қ.	438	40	47	3

Балалардың орта білім алуын қамтамасыз ету үшін Ұлттық білім беру деректер қоры (ҚР БҒМ) мен Жеке тұлғалардың мемлекеттік деректер базасындағы (ҚР ӘМ) деректерді жүктеу және салыстыру арқылы олардың автоматтандырылған есебі<sup>16</sup> жүргізіледі.

Сонымен қатар, мигрант балалар, ата-анасыз қалған босқын балалар анықталған кезде олар өз отбасыларына орналастырылғанға не өз Отанына оралғанға дейін кәмелетке толмағандарды бейімдеу өңірлік орталықтарына және өмірлік қиын жағдайдағы балаларға арналған орталықтарға жіберіледі.

Осы ұйымдарда болған кезеңде барлық балалар арнайы әлеуметтік қызметтер стандартымен анықталған арнаулы әлеуметтік қызметтерді алады. Орталықтарда балаларға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» ҚР Заңымен және білім беру және балалардың құқықтарын қорғау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандартымен регламенттелген<sup>17</sup>.

Жыл басынан бастап Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына Нұр-Сұлтан қаласына 134 мигрант бала (Өзбекстан Республикасынан – 132, Қырғызстан Республикасынан – 1 бала), Алматы қаласына – 37 бала (Өзбекстан Республикасынан – 15, Тәжікстан Республикасынан – 10, Қырғызстан Республикасынан – 11 бала, Ресей Федерациясынан – 1 бала), Шымкент қаласына – 8 бала (Өзбекстан Республикасынан – 8) келіп түсті.

16 ҚР БҒМ-нің 2017 жылғы 11 шілдедегі №324 бұйрығы

17 ҚР БҒМ-нің 2015 жылғы 19 қаңтардағы №17 бұйрығы

ЮНИСЕФ-тің қолдауымен «Сүйемелденбейтін және ажырап қалған балаларға назар аудара отырып, балалардың көші-қон процестеріндегі қажеттіліктеріне ден қою бойынша Қазақстанның ұлттық жүйесінің әлеуетін картаға түсіру» (UASC) жобасы іске асырылды, ол көші-қонға ұшыраған балаларды сәйкестендіру және қолдау тетіктеріндегі (Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары және Түркістан облысы) негізгі осал жерлерді анықтауға мүмкіндік берді. Жасөспірімдерді бейімдеу орталықтарының қызметіне жүргізілген талдау мигранттардың отбасыларымен жұмыс істейтін үкіметтік емес ұйымдардың балаларға көмек көрсетуде тәжірибесі аз және әлеуметтік жұмыс әдістерінің дәйектілігі талап етілетіндігін көрсетті.

Сонымен қатар, 2020 жылдың сәуір айынан бастап «Көші-қон процесінде балаларды қорғау» жобасы іске асырылуда.

Бұл бағдарлама мигрант балалардың жағдайын жақсартуға, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, қауіпсіздік пен әлеуметтік және білім беру қызметтеріне қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған. Осы бағдарламаны іске асыру шеңберінде қорғаншылық немесе қамқоршылық органдарының, КБО, БҚО, ювеналды полиция, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған соттың, көші-қон қызметінің және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері үшін оқыту тренингтері өткізіледі.

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексіне ата-аналарының құқықтық мәртебесіне қарамастан барлық балалардың тууын жалпыға бірдей тіркеуді көздейтін өзгерістер енгізілді, бұл «азаматтықты» тоқтату жолындағы маңызды қадам болды. Сондай-ақ, ҚР Әділет министрлігі жаңа туған нәрестелерді баланың анасының телефонына SMS жолдау арқылы тіркеу қызметін енгізді.

ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы ЮНИСЕФ-пен бірлесіп көші-қон қызметінің қызметкерлері мен әлеуметтік қызметкерлерге арналған халықаралық стандарттар мен көші-қон жағдайында балалармен жұмыс жасаудың озық практикасы бойынша оқу бағдарламасын әзірледі.

ҚР ҚСЖАЕК деректері бойынша 2020 жылы тіркеусіз не жеке басын куәландыратын құжаттарсыз тұруға байланысты құқық бұзушылықтар саны 2,7 есе азайды (2019 жылы – 3014, 2020 жылы – 1091).

### 8.17. Балаларды ұрлау және сату

Қазақстан адам құқықтары саласындағы 60-тан астам көпжақты әмбебап шарттардың, оның ішінде құлдықтың қазіргі заманғы нысандарына қарсы іс-қимылға тікелей байланысты 13 халықаралық конвенцияның, шарттар мен келісімдердің қатысушысы болып табылады.

Елде Адамдарды заңсыз әкетуге, әкелуге және сатуға қарсы күрес мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия, ҚР Үкіметі жанындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссия жұмыс істейді.

Адам саудасының құрбандарына қажетті көмек көрсету үшін оларды сәйкестендіру бойынша бағалау өлшемшарттары (ИМ-нің 2014 жылғы 22 қыркүйектегі № 630, ДСӘДМ-нің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 240 және БҒМ-нің 2014 жылғы 26 қыркүйектегі № 399 бірлескен бұйрығы) және Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарты (ДСӘДМ-нің 2016 жылғы 24 ақпандағы № 138 бұйрығы) қолданылады.

Адам саудасына байланысты қылмыстарды болдырмау, алдын алу және оларға қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар жоспары іске асырылуда.

Оларды жүзеге асыруға мемлекеттік органдар, халықаралық және үкіметтік емес ұйымдар жұмылдырылған. Жоспарда іс-шаралардың тұтас кешені, оның ішінде балаларды пайдалану фактілерін анықтауды, жолын кесуді және тергеуді жандандыруға, сондай-ақ оларды кәмелетке толмағандарды пайдалану ретінде халықаралық құқықпен жіктелетін құқық бұзушылықтар жасауға тартуға бағытталған қосымша ұйымдастыру шараларын қабылдау көзделеді.

2016 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі мен Нұр-Сұлтан қаласындағы Еуропадағы қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымының (ЕКЫҰ) бағдарламалар офисі арасында ынтымақтастық ниеті туралы хаттамаға қол қойылды.

Сондай-ақ 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Есірткіні бақылау және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға адам саудасына қарсы іс-қимыл мәселелерін де көздейтін қосымша хаттамаға жыл сайын қол қойылады.

Үкіметтік емес ұйымдармен бірлескен тиімді профилактикалық шаралардың бірі Ұлттық тегін тәулік бойы жұмыс істейтін «116 16» жедел желісі болып табылады, оның операторлары еңбек көші-қоны мен адам саудасына байланысты кез келген мәселелер бойынша консультациялар береді.

Сенім телефоны Халықаралық көші-қон ұйымының, БҰҰ көші-қон агенттігінің және «Дағдарыс орталықтары одағы» заңды тұлғалар бірлестігінің қаржылық және ақпараттық қолдауымен жұмыс істейді.

«Жедел желі» жұмысы туралы ақпарат ҚР БҒМ сайтында, республикалық және жергілікті БАҚ-та орналастырылады.

### 8.18. Оқу кезеңінде балалардың әлеуметтік осал санаттарын қолдау

2020 жылдың қаңтарынан бастап азаматтық және көпбалалы отбасылардан шыққан балалар үшін тегін ыстық тамақ, оларды оқу құралдарымен және киіммен қамтамасыз ету, медициналық көмекке ақы төлеу, қоғамдық көлікте жол жүру шығындарын өтеуді қамтитын кепілдік берілген әлеуметтік пакет енгізілді. КӨП шеңберінде көрсетілетін көмектің мөлшері мен түрлері анықталды (2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 1032 ҚРҰҚ).

Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына қаржылық көмек көрсетуге көзделген қаражатты жұмсау қағидаларына өзгерістер енгізілді. Осы өзгерістермен құрамына ата-аналар, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың өкілдері кіретін мектептің Қамқоршылық кеңесі арқылы жалпыға міндетті оқу қорының қаржы қаражатын бөлуді бақылау көзделген.

Сондай-ақ, мұқтаж балалар санаттарының контингентін ескере отырып, жалпы білім беретін мектептер арасында білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылық және материалдық көмек көрсетуге бағытталған қаражатты пропорционалды бөлу енгізілді.

Бұдан басқа, 2021 жылғы қаңтардан бастап жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен, АӘК алатын адамдардың тиесілілігі бойынша мәліметтерді, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын адамдардың табыстары туралы мәліметтерді алу үшін мемлекеттік органдардың тиісті ақпараттық жүйелеріне қолжетімділік берілді. Бұл норма

жоғарыда көрсетілген санаттарға жататын білім алушылар мен тәрбиеленушілерге мемлекеттік әлеуметтік қолдау алу үшін оқу орны бойынша білім беру ұйымына құжаттар жинау міндеттілігін жояды (2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 949 ҚРҰҚ).

Көмек көрсету тетігін жетілдіру мақсатында Жалпыға міндетті оқу қорынан 2008 жылдан бастап жыл сайын «Мектепке жол қайырымдылық акциясы» өткізіледі. Осы жылдар ішінде 3 млн балаға 20 млрд теңгеден астам сомаға көмек көрсетілді.

Қайырымдылық көмектің бөлінуін орталықтандырылған есепке алу мақсатында «Ата мекенім» ҚБ қолдауымен «Мектепке жол» электрондық платформасы құрылды, ол арқылы демеушілер мен меценаттардан түскен қаражатқа кеңсе тауарлары мен мектеп киім-кешектері сатып алынады.

2020 жылы жергілікті бюджетте білім алушылардың жекелеген санаттарына қаржылық және материалдық көмек көрсетуге 22 млрд 434,4 млн теңге немесе 1,8% (2019 жылы – 22,2 млн теңге немесе 2,5%) көзделген. Қолдаумен 455 мыңнан астам оқушы қамтылған.

Балалардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қолдауға Ақтөбе облысында (5%), ШҚО-да (3,2) және Шымкент қаласында (3%) орташа республикалық көрсеткіштен (1,8 %) жоғары көзделген.

Жалпыға міндетті оқытуды ұйымдастыруға заңнамада көзделген қаражат мөлшерінен төмен көрсеткіш Түркістан облысында (1 %), СҚО-да (0,6%).

### 8.19. Тасымалдауды ұйымдастыру

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызды мәселе – мектептері жоқ елді мекендерде тұратын балаларды мектепке жеткізу. Пандемия кезінде балаларды мектепке дейін және үйге алып бару кезіндегі қауіпсіздік шаралары күшейтілді.

Автокөліктерде балаларды тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік шаралары және қауіпсіздік ережелерін сақтау жөніндегі нұсқаулықтар бар.

Әрбір сапар жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, санитариялық тазартылады. Тасымалдау үшін пайдаланылатын көлікті дезинфекциялау құралдарымен санитарлық өңдеу тұрақты негізде жүргізіледі.

2020-2021 оқу жылының басында республикада 151 аудан, мектептері жоқ 1 051 ауылдық елді мекен болды. Онда мектеп жасындағы 21 775 бала тұрады. Пандемия жағдайында 4351 бала (20%) қашықтықтан, 17424 бала (80,0%) дәстүрлі форматта оқыды.

16015 (73,5%) бала күнделікті тасымалдаумен қамтылған, 1301 (6,0%) бала мектеп жанындағы интернаттарда тұрады, 101 (0,5%) бала туыстарында тұрады, 7 білім алушы (0,03%) тасымалдаудан бас тартып, өз бетінше жетеді.

Пандемия кезінде тасымалдауды ұйымдастыру үшін 758 бірлік автокөлік, оның ішінде 2020 жылы сатып алынған 83 автобус пайдаланылды.

Жыл сайын, жаңа оқу жылы қарсаңында «Қауіпсіз мектеп автобусы» республикалық акциясы өткізіледі, оның шеңберінде мүдделі органдардың, ата-аналар қауымдастығының, мектептердің қамқоршылық кеңестерінің қатысуымен Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялар жанындағы жұмыс топтары автобустардың жай-күйін, кірме жолдардың қауіпсіздігін, жүргізушілердің сапалық құрамын, маршруттар схемаларын және т. б. зерделейді.

Жүргізушілермен балаларды тасымалдау қауіпсіздігі, балалармен қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша нұсқаулықтар өткізіледі. Көлікте қауіпсіздік белдіктері бар, санитарлық ережелер сақталған (көлік құралдарында «санитарлар» бар, оқушылар арасында әлеуметтік қашықтық сақталған, бетперде тағу режимі енгізілген).

Ішкі істер органдары мектеп автокөлігінің техникалық жағдайына тексеру жүргізеді.

Сонымен қатар, автокөліктің тозуы немесе жетіспеушілігі проблемасы шешуді талап етеді. Автокөлікпен қамтамасыз ету қажеттілігі 127 бірлікті құрайды, оның ішінде ескіргендердің орнына – 97, жетіспеушілікке байланысты – 30 (Қостанай облысында – 19, Алматы облысында – 5, Түркістан облысында – 3, Ақмола облысында – 2, Атырау облысында – 1).

Білім беру ұйымдарының қолжетімділігі мәселесі бойынша әлеуметтік зерттеудің сауалнамасы мынаны көрсетті.

Білім беру мекемесі – бұл отбасынан кейінгі баланың жеке басының қалыптасуы орын алатын ең маңызды кеңістік. Алайда, баланың бұл кеңістікке жету мүмкіндігі болуы керек (қашықтықтан оқыту шексіз жалғасуы мүмкін емес, ерте ме, кеш пе балалар сабаққа оралуы керек). Орта мектептің (гимназияның, лицейдің) қолжетімділігі жақын тұрумен (қадамдық қолжетімділікпен) немесе ыңғайлы және қолжетімді жол жүру мүмкіндігімен (көліктік қолжетімділікпен) қамтамасыз етілуі мүмкін. Мектеп жасындағы балалардың ата-аналары бұл шарттарды былайша сипаттады:

Сіздің балаңызға (балаларыңызға) оқу орнына жету ыңғайлы ма?



Респонденттердің жауаптары балалардың басым көпшілігі оқуға бару қиын емес екенін көрсетеді: респонденттердің 86,2%-ы осылай деп санайды. Алайда, ата-аналардың 8,0%-ы бұл сұраққа теріс жауап берді, бұл ретте олардың саны қалалық және ауылдық жерлерде бірдей болып табылады. Әрбір төртінші жауап Алматы облысының тұрғындарынан алынды.

6%-ға жуығы респонденттер берген жауаптардың жеке нұсқаларын құрады. Олар екі топқа нақты бөлінеді:

- «біз алыста тұрамыз, автобус жүрмейді, біз баланы өз көлігімізде немесе таксимен алып жүреміз...»;


- «біз жақын тұрамыз, мектепке дейінгі жолдың жағдайы өте нашар – асфальт бұзылған, жол жамылғысы жоқ, кәріз құдықтары жабылмаған...» және т. б.

Әлемнің көптеген дамыған елдерінде балаларды мектептерге ұйымдасқан түрде жеткізу бұрыннан қолданылып келеді, ал арнайы мектеп автобустары көлік ағымының әдеттегі бөлігіне айналды. Бұл тәсіл оқу орнының қолжетімділігі мәселелерін шешіп қана қоймайды, сонымен қатар балалардың мектеп пен үйден тыс жерде қауіпсіздігін едәуір арттырады. Қазіргі қазақстандық қалаларда бұл айқын шешім емес, өйткені көптеген балалар тұрғылықты жері бойынша оқымайды. Бірақ, ауылдық жерлерде арнайы мектеп көлігінің болуы бірқатар маңызды мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

## 8.20. Мектепте тамақтану

Оқушылар штаттық режимде оқыған жағдайда, балалар мектепте күн сайын бірнеше сағат өткізсе, өсіп келе жатқан ағза үшін дұрыс тамақтану режимін сақтау өте маңызды. Оқу мекемелерінде балаларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша жағдай жасау туралы ата-аналардың төменде келтірілген жауаптарына сүйене отырып қорытынды жасауға болады:

Сіздің балаңыздың оқу орнында ыстық тамақты тұтынуға мүмкіндіктер бар ма?



Көптеген жағдайларда респондент ата-аналар бұл сұраққа оң жауап берді (жиынтық ретінде 88%). Сауалнамаға қатысқандардың 60%-ы ғана балаларының оқу орны бойынша ұсынылатын ыстық тамақты үнемі пайдаланатынын атап өтті. Жауаптардың едәуір саны балалардың (және ата-аналардың) тамақтану бағасы мен сапасына қанағаттанбайтындығын көрсетеді. Сауалнамаға қатысушылардың 12%-ы мұндай мүмкіндік жоқ екенін атап өтті – мұндай әрбір үшінші жауап Түркістан облысында алынды. Бұдан басқа, Алматы және Жамбыл облыстарында жиі (7 адамнан) атап өтіледі. Шамасы, бұл проблема қалаларға қарағанда ауылдық жерлерде (тиісінше 8,8% және 15,9%) өзекті мәселе болып тұр.

Бір қызығы, егер қалаларда ата-аналар көбінесе тамақтану сапасына риза болмаса (қала – 18,7%, ауыл – 9,7%), баға мәселесі ауыл оқушыларының ата-аналарын біршама көбірек алаңдатады (ауыл – 15,4%, қала – 12,5%), дегенмен соңғы айырмашылық статистикалық қателік шеңберінен шықпайды.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысына сәйкес жергілікті атқарушы органдар білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастырады және білім алушылардың жекелеген санаттарын (оның ішінде жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, отбасылардың ТЖ салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар және т.б.) тегін тамақпен қамтамасыз етеді.

2020 жылы ыстық тамақ 6 058 мектепте немесе мектептердің 88,5%-ында 3 098 879 білім алушыға немесе білім алушылардың 96,3%-ына ұйымдастырылған. Білім алушылардың жекелеген санаттарындағы 372 734 бала немесе 95,2%-ы тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілген.

Жергілікті бюджет және демеушілік қаражат есебінен барлығы 640 302 мектеп оқушысы немесе 20,7%-ы тегін ыстық тамақпен және 7 320 бала тегін буфеттік тамақпен қамтылған, оның ішінде әлеуметтік қорғалмаған отбасылардан шыққан балалар, бастауыш сынып оқушылары бар.

Республиканың 4 өңірінде әкімдердің бастамасымен барлық бастауыш сынып оқушыларына (Нұр-Сұлтан қаласы, Атырау, Батыс Қазақстан, Павлодар облыстары), 2 өңірде 1-сынып оқушыларына (Ақмола, Маңғыстау облыстары) тегін ыстық тамақ беріледі.

Коронавирустық инфекцияның пандемиясынан туындаған шараларға байланысты 2020-2021 оқу жылының басында тамақпен қамтамасыз ету тоқтатылды.

2020 жылы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту мақсатында тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша конкурстық рәсімдер мемлекеттік сатып алудың бірыңғай веб-порталы арқылы электрондық форматқа ауыстырылды (ҚР БҒМ-нің 2020 жылғы 8 маусымдағы № 235 бұйрығы). Органдарға, білім беру ұйымдарына, қызметтерді, тауарларды жеткізушілерге қойылатын талаптар күшейтілді. Жоғарыда аталған бұйрықты түсіндіру бойынша білім беру органдары, ұйымдары, кәсіпкерлер үшін республикалық онлайн-семинарлар ұйымдастырылды.

Педагогикалық және ата-аналар қауымдастығымен, «Атамекен» ҰКП-мен бірлесіп, ҚР ДСМ-мен келісілген тамақтану сапасын бақылау жөніндегі мектеп комиссиялары мен ведомствоаралық сараптамалық топтар қызметінің бірыңғай алгоритмі пысықталды.

## 8.21. Жазғы демалыс

2020 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссияның және облыстар мен Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының бас санитариялық дәрігерлерінің шешімімен тұрғындар арасында коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу мақсатында қала сыртындағы сауықтыру лагерлері мен мектеп жанындағы лагерьлердің қызметіне тыйым салу туралы шешім қабылданды.

Осыған байланысты республикадағы 12 247 балаларды сауықтыру лагері (12 134 мемлекеттік, 113 жекеменшік) жұмыс істемеді.

ҚР БҒМ шығармашылық, спорттық, көшбасшылық бағдарламаларды іске асыру үшін балалардың жазғы демалысын ұйымдастырудың бірыңғай тәсілдерін әзірлеу мақсатында «Қазақстан балалары – жазды қуанышқа толтырайық!», «Дети Казахстана – наполним лето радостью!» тақырыбында демалыс кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру тұжырымдамасын әзірлеп, өңірлерге жіберді.

Карантин жағдайында Тұжырымдама балалардың демалысын ұйымдастырудың және жазғы демалыс кезеңінде балаларды сауықтырудың барлық ықтимал нұсқаларын қарастыруға мүмкіндік берді.



Тұжырымдамаға күндізгі және онлайн форматтағы апта сайынғы тақырыптық іс-шаралар жоспары енгізілген.

Өңірлерде жұмыспен қамтуды ұйымдастыру үшін әлеуметтік желілерде (Ақмола, ШҚО, Қызылорда облыстарында) «Онлайн демалыс» арнайы аккаунттары, «Атырау-Zhaz-2020» парақшалары құрылды, жұлдыздармен мотивациялық онлайн кездесулер және таңғы жаттығулар ұйымдастырылды (Жамбыл облысы).

«Балдәурен» РОСО-ның волонтерлік тәлімгерлік қозғалысы аясында педагогикалық отрядтардың 125 көшбасшысы, педагогикалық ЖОО мен колледж студенттері үшін онлайн тәлімгерлік шеберлік курстары ұйымдастырылды, олар өз кезегінде 5 мыңнан астам тәлімгерді дайындады.

Тәлімгерлік шеберлік орталықтары ZOOM платформасы арқылы балалар қуыршағының театрландырылған қойылымдарын көрсетті.

Тәлімгерлік қозғалыс орталықтары 200 мыңға жуық баланы қамти отырып, 3 мыңнан астам онлайн іс-шара ұйымдастырды.

Жекелеген санаттағы балалардың жұмыспен қамтылуын ұйымдастыруға ерекше назар аударылды.

Тұжырымдамада республиканың жоғары оқу орындары мен колледждерінің жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың тәрбиеленушілеріне тәлімгерлік етуі көзделген.

Жалпы, жазғы кезеңде іс-шаралармен 1 315 980 оқушы (43%) қамтылды.

## 8.22. Ақпараттық қауіпсіздік

Мемлекет жастар мен балалар арасында интернетке тәуелділіктің алдын алу, сондай-ақ азаматтардың цифрлық беделін қорғау, әлеуметтік желілер мен интернеттегі беттерге (порнографиялық сипаттағы материалдар, балаларға қатысты қатыгездік туралы, экстремистік сипаттағы ақпарат, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды немесе олардың прекурсорларын насихаттау және басқалар) мониторинг жүргізу және бұғаттау, балалар үшін бірыңғай тарифпен қалаусыз интернет-контентке қолжетімділіктен балаларды қорғау бойынша балалар СИМ-карталарын енгізу жөніндегі шаралар кешенін қабылдауда.

2020 жылы 3 млн оқушы мен ата-ана интернетті пайдалану мәдениетін арттыру, интернет-қызметтерді пайдаланушылардың жауапкершілігін тәрбиелеу мақсатында өткізілетін «Мен OFFLINE» және «Қауіпсіз интернет» ақпараттық науқандарына қатысты.

Балалар мен ата-аналар үшін Facebook, Instagram, Telegram әлеуметтік желілерінде лездік хабарламалар режимінде орналастырылған «Балаларды интернет желісіндегі зиянды ақпараттан қорғау туралы», «Балаларды интернеттегі зиянды ақпараттан қорғау жөніндегі ата-аналарға арналған ақпараттық курс» ұсынымдары әзірленді.

Тәулік бойы «BALA QORGAU» чаты ұйымдастырылған (16 мың жазылушы).

Балалар арасында интернет-агрессияның алдын алу үшін «Информатика» пәнінің базалық мазмұнына «Ақпарат және ақпараттық процестер» және «Денсаулық және қауіпсіздік» тақырыптары енгізілді.

2020 жылы «Байланыс туралы» заңда көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағынан пайдаланушылар үшін 3 772-ден астам материал мен интернет-ресурсқа: порнографияны насихаттау бойынша 2261 материалға,

есірткі құралдарының жарнамасы бар 731 материалға, суицидті насихаттау туралы 16 материалға қол жеткізу шектелген, бала құқықтарының бұзылуына байланысты 23 677 мыңнан астам материал жойылған.

ҚР АҚДМ-нің «qogam.gov.kz» ресми сайтында кез келген интернет желісін пайдаланушыға әлеуметтік желідегі топты немесе құқыққа қарсы контент таралатын интернет-ресурсты көрсетуге мүмкіндік беретін «Шағым айту» арнайы қызметі (<https://www.gov.kz/memleket/entities/qogam/report-internet-content?lang=ru>) құрылды.

Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі тапсырмасы аясында азаматтарды, әсіресе балаларды кибербуллингтен қорғау жөніндегі шараларды заңнамалық бекіту бойынша шаралар қабылдануда.



**9-ТАРАУ.  
БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН  
ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ  
ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУДІҢ  
ҚЫСҚАША ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ**

## 9-ТАРАУ. БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУДІҢ ҚЫСҚАША ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Бала құқықтары Конвенциясын іске асыру жөніндегі шаралардың бірі Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы баяндаманы дайындау шеңберіндегі әлеуметтік сауалнамалар негізінде осы құқықтардың жай-күйіне жыл сайын мониторинг жүргізу болып табылады.

Жүргізілген зерттеудің негізгі мақсаты – ҚР-да балалардың құқықтарын іске асырудағы ағымдағы жағдай туралы жалпы сенімді түсінік алу.

Ағымдағы жылы әлеуметтік зерттеу аясында 2 мың бала, 500 ата-ана, 500 педагог пен балалардың құқықтарын қорғау саласындағы мамандар сұралды.

Зерттеу нәтижелері келесі жағдайды көрсетті.

Балалардың құқықтары туралы хабардар болу

- Қазақстандық балалардың көпшілігінің өз құқықтарының мазмұны туралы толық (37,9%) немесе ішінара (57,0%) түсінігі бар, олар әртүрлі ақпараттық ресурстарға қол жеткізе алады және тиісті ақпаратты қайдан табуға болатынын біледі. Олардың құқықтары туралы ақпарат көздерінің ішінде балалар көбінесе интернет-ресурстарды, ата-аналар мен мұғалімдерді атайды.

- Ата-аналардың жартысынан көбі (66,0%) баланың құқықтары туралы жалпы түсінікке ғана ие екенін мойындайды. Ақпарат көзі ретінде жиі көрсетілетін интернет-ресурстардан басқа, ата-аналардың бір бөлігі мамандарға жүгінуге және құқықтық және құқықтық материалдарды өз бетінше зерттеуге дайын – олар бұл туралы өздерінің жауаптарын таңдап жазды.

- Әрбір үшінші педагог балалардың негізгі құқықтары туралы жалпы түсінікке ғана ие. Оң факт ретінде, қажет болған жағдайда, педагогтердің көпшілігі баланың құқықтары туралы ақпаратты интернеттен емес, осы саладағы мамандарға (заңгерлер, әлеуметтік педагогтер және т.б.) жүгіну арқылы алуды жөн көретінін атап өте керек.

Ұсынымдар:

1. Педагогикалық бейіндегі мамандарды даярлау кезінде міндетті курс ретінде «Баланың құқықтары: даму тарихы, қазіргі жағдайы және іске асырудың халықаралық тәжірибесі» пәнін енгізу.

2. Оқу жылы ішінде мектептерде кемінде бір ата-аналар жиналысын баланың құқықтары туралы егжей-тегжейлі ақпарат беруге арнау.

3. Ата-аналардың балалардың құқықтарын қорғау саласындағы мамандармен интерактивті чаттары мен онлайн-кездесулері практикасын дамыту.

4. Балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша ағарту іс-шараларын өткізу және өзара іс-қимыл жүйесін құру мақсатында мектептер мен қоғамдық ұйымдар, педагогтер мен ата-аналар арасындағы байланыстар кеңістігін кеңейту.

Білім алу құқығын іске асыру

- Барлық сұралған балалар оқушылар болып табылады, басым көпшілігі жалпы білім беру мекемелерінде оқиды – яғни, іс жүзінде өздерінің білім алу құқығын іске асырады.

- Сонымен қатар, балалар мен ата-аналардың бұл құқық туралы білімін нақты деп айтуға болмайды: көптеген респонденттер мектепке дейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру нысандары мен деңгейлері де Қазақстан азаматтары үшін кепілдік берілген жағдай екеніне сенімді.

- Сұралған балалардың жартысы (53,1%) жоғары оқу орындарында оқуын жалғастыруды жоспарлап отыр, ата-аналардың жартысынан көбінің (54,1%) жоспары балаларының жоғары білім алуына бағытталған.

- Педагогтердің жартысы мектептерді қажетті жабдықтармен қамтамасыз етудің жеткіліксіздігін атап өтті.

- Мектеп мұғалімдерінің үштен бірі ғана үш тілде білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін барлық жағдай жасалған деп есептейді.

- Педагогтердің бағалауы бойынша, бүгінгі мектептер инклюзияны тиімді енгізуге және ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды оқытуға дайын емес.

Ұсынымдар

1. Мектеп педагогтерінің ҚР-да білім берудің әртүрлі деңгейлерін алу шарттарын түсіндіруіне ерекше назар аудару.

2. Білім берудің жоғары деңгейлерінде оқуын жалғастырған мектеп түлектерін сынып сағаттарына белсенді түрде шақыру. Оқушылардың әлеуметтік табысты түлектермен қарым-қатынас жасау практикасын дамыту.

3. Оқушыларды жоғары оқу орындарына түсуге ғана емес, сонымен бірге онда оқуға да дайындау – бұл екеуі екі басқа мәселе. Осы мақсатта ЖОО студенттері мен оқытушыларын оқушылармен ғана емес, ата-аналармен де кездесуге шақыру.

4. Іске асырылып жатқан «Жаңа гуманитарлық білім» сияқты мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, үш тілде білім беру әдістемелерін әзірлеу үшін үздік мамандарды тарту.

5. Білім беру инклюзиясы үшін жағдай жасауға жалпы білім беру мекемелерін жедел дайындауға бизнес-құрылымдар мен волонтерлік ұйымдарды тарту. Ата-аналар мен балаларға қоғамның және әрбір азаматтың әлеуметтік әртүрліліктен және гуманизм идеяларын іс жүзінде іске асырудан қандай пайда алатынын түсіндіру.

Денсаулық сақтау құқығын іске асыру

- Барлық балалар бұл құқыққа ие екенін біледі.

- Оқу орындарының басым көпшілігінде медициналық кабинеттер бар, бірақ респонденттердің едәуір бөлігі (балалардың 32,6%-ы және ата-аналардың 11,0%-ы) олардың жұмысының тұрақсыздығын атап өтеді.

- Балаларды денсаулық мәселелері бойынша оқытуда проблема бар: көптеген оқу орындарында бұл жұмыс жүйелі сипатта жүргізілмейді немесе жүйелі сипатқа ие емес.

- Балалардың көпшілігі тұрғылықты жері бойынша білікті дәрігер-мамандардың немесе дәрігерлердің көмегіне қол жеткізе алады.

- Оқушылардың үштен бір бөлігі ғана оқу орнында ыстық тамақтану мүмкіндіктерін үнемі пайдаланады – себептері: төмен сапа, жоғары баға.

Ұсынымдар

1. Барлық жастағы оқушыларға тегін ыстық тамақ беру практикасын кеңінен тарату.

2. Оқу орнының штатындағы медицина қызметкерлерінің саны оқушылардың санына пропорционалды түрде анықталуы керек.

3. Инклюзивті білім беруді тарату оқу орындарындағы бастапқы медициналық қызметтердің сапасын жаңа деңгейге көтеруді көздейді және талап етеді.

4. Жалпы білім беретін оқу орындары қызметінің міндетті бағыты ретінде денсаулықты сақтау және аурулардың алдын алу мәселелерінде оқушыларды ағарту бойынша (жас ерекшеліктерін ескере отырып) жүйелі жұмыс жүргізу.

Мәдени даму құқығын іске асыру

- Балалардың көпшілігі (жиынтық ретінде 83,4%) олардың тұратын жерінде немесе оқу орнында үйірмелер, клубтар, секциялар, студиялар және бос уақытты ұйымдастырудың басқа да нысандары бар екенін атап өтеді, бірақ респонденттердің үштен бірі ғана (36,3%) олармен айналысады. Себептері әртүрлі: сабақтың бағыты қазіргі балалардың қызығушылығына сәйкес келмейді, көлікке қолжетімділік проблемалары, барлық отбасылар мұндай сабақтарға ақы төлей алмайды.

Ұсынымдар

1. Дамытушылық және тәрбиелік іс-шараларда жеке іс-шараларға емес, жүйелі клуб пен үйірме жұмыстарына баса назар аудару керек. Ол үшін жергілікті билік органдары:

- жергілікті жерлердегі білім беру ұйымдарына мектеп жасындағы балалардың сабақтан тыс уақытын пішімдеу бойынша үздік халықаралық тәжірибені зерделеу;

- осындай қызметке демеушілік жасау үшін бизнес-құрылымдардың өкілдерін белсенді тарту;

- қоғамдық ұйымдардың осындай жобаларды іске асыруы үшін гранттық қаржыландыру мүмкіндігін қарастыру;

- мұғалімдер үшін мектеп жасындағы балалардың сабақтан тыс бос уақытын жүйелі ұйымдастыру бойынша гранттық конкурстар өткізу (ғалымдар үшін ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауға арналған гранттар үлгісі бойынша).

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін қосымша дамыту сабақтарының мүмкіндіктерін жасауға ерекше назар аудару;

- клуб және үйірме жұмыстарына үштілділік жүйесін енгізу.

- үйірме және клуб қызметін бос уақыт саласы ретінде ғана емес, сонымен қатар қосымша білім берудің икемді және бейімделген түрі ретінде қарастыру.

Дене және психологиялық қауіпсіздікке, адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмаушылыққа және жеке бас бостандығына құқықтарды іске асыру

- Балалардың құқықтарын қорғау саласындағы көптеген сарапшы мамандардың пікірінше, дәл осы құқықтар толық іске асырылмайды.

- Психологиялық немесе физикалық агрессия қаупі тұрғысынан мектеп кеңістігі барлық респонденттерге (балаларға, ата-аналарға, тәрбиешілерге) көше кеңістігінен гөрі қауіпсіз болып көрінеді;

- Балалардың қауіпсіздігі үшін ең үлкен алаңдаушылық олардың көшеде бейтаныс ересектердің жанында болуына байланысты. Бұл қоғамдағы мазасыздықтың жоғары деңгейінің жанама белгісі ретінде қызмет етеді;

- Ата-аналардың қорқыныш деңгейі балалар мен педагогтердің қорқыныш деңгейінен біршама жоғары;

- Ата-аналар өз балалары үшін ерекше қауіпті көшедегі үлкен балалардан (жасөспірімдерден), яғни жақындары мен мұғалімдерінің тікелей бақылауынан тыс көреді;

- Отбасы мүшелері мен мұғалімдерінің қасында болса да, балалар 100 пайыз қауіпсіздік сезімін сезінбейді және мұндай алаңдаушылық ата-аналарда да, тәрбиешілерде де бар;

- Зерттеу тәуекелдердің өзін емес, респонденттердің олар туралы түсінігін көрсетеді. Бұл проблеманың белгілі бір бөлігі психологиялық сипатта болуы мүмкін және сауалнамаға қатысушылардың қорқыныштары, соның ішінде БАҚ та жандануы мүмкін дегенді білдіреді

Ұсынымдар

1. Балалардың қауіпсіздігін, әсіресе тұрғын шағын аудандардағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша азаматтық бастамалар мен волонтерлік қозғалыстарды дамыту.

2. Кәметке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі бөлімдердің штаттарын және қаржыландыруды ұлғайту. Осы бөлімдер үшін кадрлар даярлаудың арнайы жүйесін әзірлеу және енгізу.

3. Көптеген әлеуметтік педагогтерді даярлауға бағытталған шараларды жүзеге асыру, барлық оқу орындарын штаттық психологтармен қамтамасыз ету.

4. Оқу жылында кемінде бір рет түрлі бейіндегі мамандарды шақыра отырып ата-аналар үшін балалардың қауіпсіздігін ұйымдастыру мәселелеріне арналған сабақ өткізу.

5. «Тіршілік қауіпсіздігі негіздері» пәні аясында әртүрлі жастағы оқушыларға ықтимал қауіпті жағдайларда мінез-құлық және әрекет ету ережелері бойынша сабақтар өткізу.

6. Республикалық және өңірлік деңгейлерде «door to door» – балаларды үйден мектепке дейін және кері қарай жеткізу жүйесін енгізу. Бұл шара балалар үшін қауіпті және ата-аналардың алаңдаушылығын айтарлықтай төмендетеді. Мұндай жүйені қаржыландыру икемді үлестік сипатқа ие болуы мүмкін: мемлекет - жергілікті бизнес-қоғамдастықтар – ата-аналар. Әлеуметтік осал топтардағы отбасылар үшін қосымша жеңілдіктер көзделуі мүмкін.

Экономикалық құқықтарды және экономикалық пайдаланудан қорғау құқығын іске асыру

- Сұралған әрбір үшінші баланың өзінің мүлктік құқықтары туралы нақты түсінігі жоқ. Сауалнамаға қатысқан ата-аналардың жартысы бұл ақпаратты балалар үшін қажет емес немесе мерзімінен бұрын деп санайды.

- Балалардың басым көпшілігінің материалдық сұранысы жеткілікті деңгейде қанағаттандырылады. Мәселе ақылға қонымды тұтыну психологиясын қалыптастыруда: көптеген балалар ата-аналардың шығындары негізделген қажеттілікке емес, балалардың қалауына негізделгенін айтады. Кейбір жағдайларда бұл ата-аналардың балаға назардың жетіспеушілігін өтеуге деген ұмтылысын көрсетеді.

- Ақпараттық экономика мен жаңа цифрлық мүмкіндіктердің қазіргі жағдайында, жастар кәсіпкерлігінің идеологиясы мен практикасының таралуы аясында респондент балалардың жартысы олардың көпшілігінде жеке тәжірибе аз бола тұра, заңды экономикалық қызмет (табыс) тәжірибесін алу мүмкіндігіне оң көзқараспен қарайды.

- Ата-аналардың ұстанымында айқын қарама-қайшылық анықталды: бір жағынан, көпшілігі кәметке толмағандардың ерте экономикалық белсенділігі идеясын қолдайды, бұл тәжірибені әр бала үшін пайдалы деп санайды, екінші жағынан, балаларына олардың мүлктік құқықтары туралы хабарлауды қажет деп санамайды. Бұл жағдайда балаларды экономикалық қанаудың ықтимал қауіптері болуы мүмкін.

### Ұсынымдар

1. Мектептегі экономикалық білім негіздері курстарында балалардың мүлтік және басқа да экономикалық құқықтары туралы хабардарлығын арттыру бойынша практикалық сабақтарға ерекше назар аудару керек.

2. Ең жақсы нұсқа: баланың құқықтары саласында, атап айтқанда экономикалық мамандандыра отырып, заңгерлер даярлау. Жергілікті білім бөлімдері деңгейінде осындай мамандардың консультативтік қызметін қамтамасыз ету.

3. Балаларды олардың экономикалық құқықтарының мазмұны туралы хабардар ету жөніндегі қоғамдық ұйымдарды оқу орындарымен ынтымақтастыққа тарту.

4. Кәмелетке толмағандарды заңды жұмысқа орналастыру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру үшін жергілікті бизнес-қоғамдастықтардың өкілдерін тарту.

Әлеуметтік қорғау, мемлекеттік қолдау құқығын іске асыру

- Сауалнамаға қатысқан балалар мен ата-аналардың басым көпшілігінде ешқашан мемлекеттік көмек пен қолдау үшін арнайы өтініш беру қажеттілігі болған емес. Осындай тәжірибесі бар адамдардың көпшілігі мұндай жүгіну нәтижелеріне қанағаттанады.

- Қазақстанда балалардың құқықтарын қамтамасыз етудің бұл саласы жоғары даму деңгейінде. Сарапшылар жетім балаларға баспана беру құқығының бұзылу жағдайларын ерекше атап өтеді.

### Ұсынымдар

1. Отбасы мен балалық шақты әлеуметтік қорғаудың мемлекеттік саясатын одан әрі дамыту. Бұл қызметтегі формализм мен бюрократия жағдайларын жою.

2. Қазіргі заманғы цифрлық технологиялар есебінен әлеуметтік қорғау қызметтері және балалар мен балалық отбасыларды мемлекеттік қолдау нұсқалары туралы хабардар ету мүмкіндіктерін кеңейту – балалар мен ата-аналар үшін мобильдік қосымша құру.

Демалу, ұйымдастырылған бос уақыт және жеке даму құқығын іске асыру

- Мектеп жасындағы балалардың оқу сабақтары мен оларға дайындығының уақытын ересек адамның толық жұмыс жүктемесімен салыстыруға болады: сұралған балалардың үштен екісі оқу сабақтарына күніне 2 сағаттан 6 сағатқа дейін жұмсайды. Сауалнамаға қатысқан балалардың басым көпшілігі күніне 4 сағатқа дейін оқу сабақтарына дайындалады. Оқушының жасы мен оның оқу жүктемесі арасындағы тікелей байланыс анықталған жоқ (төменгі сыныптарды қоспағанда). Осыған қарамастан, күніне қосымша 4-6 сағат – бос уақыт, бұл ата-аналардың жауаптарымен расталатын балалардың өз сөздері.

- Бос уақыт негізінен отбасымен, туыстарымен және достарымен жанды қарым-қатынасқа және дамытушы қызмет түрлері – хоббиге, оқуға және т.б. жұмсалады. Жалпы, сауалнама нәтижелері бойынша балалардың көпшілігі өздерінің даму құқығын тиімді жүзеге асырады және бос уақытын пайдалы өткізеді.

- Балалардың аз санының сабақтан бос уақытын үйірмелерде, клубтарда, секцияларда және басқа да ұйымдастырылған бос уақытты өткізу нысандарында өткізетіні туралы мәліметтер жанама түрде расталды.

- Сауалнама деректері қазіргі балалар туралы «гаджеттер ұрпағы» деген стереотиптік түсінікті жоққа шығарады.

### Ұсынымдар:

1. Оқу процесінде, мүмкіндігінше, сабақтың ойын және тренинг түріндегі нысандарын жиі қолдану – мамандардың пікірінше, бұл барлық жастағы оқушыларға психологиялық жүктемені азайтады.

2. Барлық оқу орындарын оқулықтар мен мектеп керек-жарақтарын сақтауға арналған жеке шкафтармен/ұяшықтармен жабдықтау қажет – бұл оқушылардың физикалық жүктемесін азайтуға мүмкіндік береді.

3. «Мәдени даму құқығын іске асыру» тармағына ұсынымдарды қараңыз. Әртүрлі буын өкілдері арасындағы отбасы ішіндегі диалогтың даму деңгейі мен мазмұны

- Баланың дамуы тұрғысынан отбасылық диалогтың сапасы өте жоғары. Балалар мен ата-аналардың басым көпшілігі балалардың қызығушылықтары мен құштарлықтары отбасылық талқылаудың тұрақты тақырыбы екенін айтады.

- Балалардың көзінше және/немесе қатысуымен өткізілетін отбасылық әңгіменің ең көп талқыланатын тақырыптары – олардың оқуы, отбасы мүшелерінің денсаулығы және балалардың қызығушылығы мәселелері.

- Респонденттердің отбасыларындағы сенім деңгейі де жоғары: сұралған балалардың үштен екісі өз алаңдаушылықтарымен еркін бөліседі және отбасы мүшелерінің түсінуіне және қолдауына сенеді.

- Отбасын біріктіретін бірлескен мерекелер дәстүрі тұрақты әлеуметтік тәжірибе сипатына ие.

### Ұсынымдар

1. Әлеуметтік желілер арқылы отбасылық мерекелерді насихаттау: флешмобтар, отбасылық бейнелер.

2. Отбасылық дәстүрлерге, жеке отбасылық қолдау оқиғаларына, арналған YouTube арналарын, бірлескен отбасылық уақыт туралы блогтар құру.

3. Жалпы білім беру мекемелерінің базасында (мектеп психологтарының көмегімен) балалар мен олардың отбасы мүшелері арасында коммуникация орнатуға ықпал ететін ұрпақ аралық диалог клубтарын құру.

Карантин кезіндегі отбасылық қатынастардың динамикасы және балалар мен ата-аналардың қашықтықтан оқыту нысанына қатынасы

- Респондент ата-аналардың төрттен үш бөлігі өзін-өзі оқшаулау отбасылық қатынастарға айтарлықтай зиян тигізбейтініне сенімді; респонденттердің жартысынан көбі балалардың материалдық қамтамасыз етілуіне теріс әсер ететін маңызды қаржылық қиындықтардың туындағанын байқамайды. Балалардың көпшілігі ата-аналарының қаржылық қиындықтарын және олардың қажеттіліктері үшін шығындардың қысқарғанын сезінбеді.

- Сұралған балалардың төрттен үш бөлігі қашықтықтан оқытуды жалғастыруға қарсы болды. Ата-аналардың басым көпшілігі балаларының дәстүрлі оқу түрін қалайтынына сенімді, ал ата-аналардың өздері балалармен бірге үйде оқу қажеттілігіне риза емес.

### Ұсынымдар

1. Өткен жылы жинақталған тәжірибені түсіну негізінде және пандемияның ұзақ кезеңін ескере отырып, карантиндік шектеулер жағдайында салауатты отбасылық микроклиматты сақтауға мүмкіндік беретін балалар мен ата-аналарға арналған психологиялық жаттығулар кешенін жасау.

2. Қашықтықтан оқыту форматының қолданылу кезеңінде балаларды оқыту процесін сүйемелдеу бойынша ата-аналарға арналған әдістемелік ұсынымдар

әзірлеу. Мұндай әдістемелік нұсқаулар қалыпты жағдайда да пайдалы болуы мүмкін.

3. Балалар мен ересектердің бірлескен жұмысын көздейтін отбасылық бизнесті онлайн форматтарда ұйымдастырудың халықаралық тәжірибесін зерделеу.

Жалпылама ұсыныс ретінде:

Қазақстанда балалардың құқықтарын қамтамасыз етудегі үлесті бағалаудың кешенді индикативтік жүйесін әзірлеу қажет. Баланың әл-ауқаты үшін әртүрлі институттар мен құрылымдар: отбасы, мектеп, мемлекеттік қызметтер, медициналық мекемелер, қоғамдық ұйымдар және т.б. жауап беруі керек. Мұндай жүйе процестің әр қатысушысының үлесі мен күш-жігерін бағалауға, жүйелік кемшіліктерді анықтауға және оларды жеңудің нақты бағдарламаларын жасауға мүмкіндік береді. Мұндай жүйені енгізу сондай-ақ елдегі балалардың жағдайына мониторинг жасау деңгейін арттыруға, бала құқықтарын сақтамау жағдайларына неғұрлым жедел және тиімді ден қоюға, осындай жағдайлардың алдын алу мақсатында профилактикалық жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді.



## 10-ТАРАУ. ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН ҰСЫНЫМДАР

## 10-ТАРАУ. ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН ҰСЫНЫМДАР

Қазіргі әлемде балалардың құқықтарын қорғау абстрактілі емес, баланың толық физикалық және рухани дамуы, оның әлеуметтенуі үшін қажетті негізгі игіліктер мен қызметтерге қол жеткізу тұрғысынан қарастырылады.

Әлбетте, 2020 жыл бүкіл әлем үшін қиын болды.

Экономиканы тұрақтандыру және қолдау мақсатында мемлекет 13 млрд теңгеден астам қаражат бөлді. Бірінші кезекте, бұл осал топтарды қаржылық қолдау, оның ішінде қажетті дәрі-дәрмектермен және азық-түлік тауарларымен қамтамасыз ету, банк несиелері бойынша төлемдерді тоқтата тұру, салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді төлеуді кейінге қалдыру<sup>18</sup>.

Балалардың денсаулығын сақтау мақсатында оларды қашықтықтан оқыту мен тәрбиелеу форматына көшіру бойынша ұйымдастыру шаралары қабылданды.

Әлеуметтік мәселелерді шешумен қатар, елде заңнаманы жетілдіру және балалар үшін қауіпсіз, жайлы және мейірімді ортаны қалыптастыруға бағытталған бағдарламалық құжаттарды іске асыру бойынша жоспарлы жұмыс жалғасуда.

ҚР-да білім беруді және ғылымды дамытудың және ҚР денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру басталды. 2020-2023 жылдарға арналған баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюі мәселелерін шешу жөніндегі, 2021-2023 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында мүмкіндіктері шектеулі балаларға кешенді көмек көрсету жөніндегі жол карталары бекітілді.

Көп балалы отбасылар үшін әлеуметтік қолдаудың жаңа шаралары енгізілді.

Террористік әрекеттен зардап шеккен балаларға әлеуметтік оңалту қызметтерін көрсету мәселелері заңнамалық түрде бекітілді.

2019 жылы енгізілген ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдарды міндетті психологиялық даярлау туралы норманы іске асыру басталды.

ЮНИСЕФ-пен бірлесіп Балалардың әл-ауқатының индексін апробациялау және енгізу, Балалар бюджетін есептеу әдістемесін әзірлеу бойынша іс-шаралар жүргізілуде.

Қазақстан Республикасында сәбилер мен балалар өлімін азайту жөніндегі 2019-2021 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын, ҚР-да балалар онкологиялық және гематологиялық қызметін жетілдіру және 2019-2021 жылдарға арналған балаларда сирек кездесетін (орфандық) ауруларды диагностикалау мен емдеудің жаңа стандарттарын енгізу жөніндегі жол картасын іске асыру жалғастырылды. Ұлттық скринингтік бағдарлама жұмыс істейді, антенаталдық күтімнің, тиімді перинаталдық көмектің халықаралық технологиялары, бала жасындағы ауруларды ықпалдастыра жүргізу, патронаждық қызметтің әмбебап прогрессивті моделі енгізілді.

Балалардың құқықтарын қорғау саласында қабылданып жатқан шараларға, өткен жылғы баяндаманы дайындау барысында берілген ұсынымдарға қарамастан, проблемалар өзектілігін сақтауда және меншік нысанына қарамастан, балалардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға

18 <https://primeminister.kz/ru/news/reviews/ekonomika-stran-evraziyskogo-soyuza-v-usloviyah-pandemii-kak-proshlo-pervoe-zasedanie-emps-v-rezhime-videokonferentsyazi-1035517>

жауапты барлық мүдделі құрылымдар тарапынан мұқият назар аударуды және кешенді шешімді талап етеді.

Осылайша, әлеуметтік осал санаттағы балалар кедейлік қаупінің жоғарылауымен бетпе-бет келеді, табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен ел халқының үлесі 5,7%-ға дейін өсті (2019 ж. – 4,3%), бұл жағдай елдегі экономикалық белсенділіктің төмендеуі нәтижесінде ғана емес, сонымен қатар жаңа коронавирустық инфекция пандемиясының жалпы теріс салдарынан орын алды.

Халықтың денсаулық жағдайының нашарлауының индикаторы мүгедек балалар санының өсуі болып табылады, соңғы бес жылда мүгедек балалар саны 75-тен 94 мың балаға дейін ұлғайды.

Балаларға қатысты зорлық-зомбылық фактілері жиі кездеседі. Кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың үлесі өткен жылмен салыстырғанда 15,4%-ға, кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстардың үлесі 3,6%-ға ұлғайды.

Өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталықтарының желісі нашар дамуда. Бүгінгі таңда бұл ұйымдар 10 өңірде ғана жұмыс істейді.

2019 жылы заңнамада бекітілген ішкі істер органдарында есепте тұрған адамдарды медициналық-әлеуметтік есепке алуды іске асыру тетігі пысықталмаған.

Жоғарыда аталған проблемаларды шешу үшін және республикадағы балалардың жағдайын жақсарту мақсатында:

1) балалар денсаулығын нығайту үшін жағдай жасау, оның ішінде:

а) балалар мен жасөспірімдерде салауатты өмір салтын қалыптастыру;

б) ата-аналарды, мұғалімдерді, денсаулық сақтау саласындағы мамандарды, жұртшылықты балалардың денсаулығын қорғау жөніндегі бірлескен іс-шараларды іске асыруға тарту;

в) балалардың денсаулығын сақтау бойынша қолданыстағы профилактикалық іс-шаралардың тиімділігін арттыру;

г) балалардың мінез-құлық, әлеуметтік және экологиялық тәуекелдерге ұшырауының тұрақты мониторингін қамтамасыз ету;

2) өмірлік қиын жағдайда жүрген отбасылар мен балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету деңгейін арттыру, оның ішінде:

а) өмірлік қиын жағдайда жүрген отбасылар үшін интеграцияланған қызметтер көрсету тетігін дамыту;

б) бір бейінді мамандарды кешенді бағалауға және әр отбасымен отбасылық-бағдарланған тәсілге бағытталған жеке жұмыс әдістеріне оқыту;

в) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын жетілдіру;

г) өмірлік қиын жағдайда жүрген балалары бар отбасыларды ерте анықтау бойынша шаралар қабылдау;

д) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде қызмет көрсететін ұйымдар желісін кеңейту;

3) білім беру жүйесін жетілдіру және барлық оқушылар үшін білім сапасын арттыру;

а) білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту;

б) тәрбие жұмысының нысандары мен әдістерін және ата-аналар қоғамдастығымен өзара іс-қимылды жетілдіру;

4) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды оқыту және тәрбиелеу үшін жағдай жасау, оның ішінде:

а) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың мәселелерін шешумен айналысатын әртүрлі ведомстволардың мемлекеттік органдары арасындағы жүйелі өзара іс-қимылды күшейту;

б) ерекше қажеттіліктері бар адамдармен жұмыс істеуге тікелей тартылған білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау жүйелерінің, қызмет көрсету саласы объектілерінің мамандарын даярлау және қайта даярлау;

в) барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарында кедергісіз білім беру және физикалық ортаны құру және жақсарту жұмысын жалғастыру;

5) балалардың қосымша білім алуға қолжетімділігін арттыру, оның ішінде:

а) мектеп жасындағы балалардың сабақтан тыс уақытын форматтау бойынша үздік халықаралық тәжірибені зерделеу;

в) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін қосымша дамыту сабақтарының мүмкіндіктерін жасау;

б) әлеуметтік кепілдіктер жүйесін кеңейту арқылы балалы отбасылардың экономикалық жағдайын жақсарту, оның ішінде:

а) отбасылар мен балаларды қолдау үшін әлеуметтік қорғауға арналған жәрдемақылар мен төлемдердің мөлшерін инфляция деңгейінен оза отырып ұлғайту;

б) балалар мен отбасыларды әлеуметтік қорғауға бағытталған мемлекеттік бюджет шығыстарының мониторингі жүйесін құру (балалар бюджеті);

7) балалардың әл-ауқатына ұлттық мониторинг енгізу.



## 11-ТАРАУ. СТАТИСТИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР



## 11-ТАРАУ. СТАТИСТИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР

## Туғаннан 18 жасқа дейінгі жынысы мен жасы бойынша балалар туралы деректер, 2020 жыл

Жасы	2020 жыл			Қала халқы			Ауыл халқы		
	барлығы	оның ішінде		барлығы	оның ішінде		барлығы	оның ішінде	
		ұлдар	қыздар		ұлдар	қыздар		ұлдар	қыздар
	<b>6295590</b>	<b>3240507</b>	<b>3055083</b>	<b>3544735</b>	<b>1826778</b>	<b>1717957</b>	<b>2750855</b>	<b>1413729</b>	<b>1337126</b>
	Оның ішінде								
0	423528	218902	204626	247688	128175	119513	175840	90727	85113
1	398191	205695	192496	236880	122475	114405	161311	83220	78091
2	393346	202681	190665	231277	119335	111942	162069	83346	78723
3	385420	199029	186391	224506	115957	108549	160914	83072	77842
4	394875	204011	190864	231143	119252	111891	163732	84759	78973
5	391311	201349	189962	227268	117185	110083	164043	84164	79879
6	391509	201510	189999	224895	115878	109017	166614	85632	80982
7	378337	194972	183365	217152	112233	104919	161185	82739	78446
8	371182	190094	181088	212585	108948	103637	158597	81146	77451
9	362542	186400	176142	204281	105165	99116	158261	81235	77026
10	357205	183305	173900	199096	102308	96788	158109	80997	77112
11	345553	178053	167500	194422	100375	94047	151131	77678	73453
12	342211	175275	166936	180231	92517	87714	161980	82758	79222
13	302082	155230	146852	159885	82253	77632	142197	72977	69220
14	285569	146924	138645	149884	77156	72728	135685	69768	65917
15	266672	136867	129805	140132	71835	68297	126540	65032	61508
16	263673	136055	127618	137491	70778	66713	126182	65277	60905
17	242384	124155	118229	125919	64953	60966	116465	59202	57263
<b>0-14</b>	<b>5522861</b>	<b>2843430</b>	<b>2679431</b>	<b>3141193</b>	<b>1619212</b>	<b>1521981</b>	<b>2381668</b>	<b>1224218</b>	<b>1157450</b>
<b>15-17</b>	<b>772729</b>	<b>397077</b>	<b>375652</b>	<b>403542</b>	<b>207566</b>	<b>195976</b>	<b>369187</b>	<b>189511</b>	<b>179676</b>

## Өңірлер бөлінісінде балалар саны туралы мәліметтер, 2020 жыл

Өңірлер	барлығы	ұлдар	қыздар	қала	ауыл
<b>ҚР</b>	<b>6 295 590</b>	<b>3 240 507</b>	<b>3 055 083</b>	<b>3 544 735</b>	<b>2 750 855</b>
Ақмола	206 603	106 377	100 226	100 571	106 032
Ақтөбе	299 873	154 713	145 160	214 927	84 946
Алматы	753 539	387 074	366 465	168 010	585 529
Атырау	253 333	130 212	123 121	139 684	113 649
БҚО	203 852	105 502	98 350	108 558	95 294
Жамбыл	442 276	227 402	214 874	174 823	267 453
Қарағанды	385 324	197 537	187 787	302 787	82 537
Қостанай	206 996	106 154	100 842	120 226	86 770

Қызылорда	315 081	162 245	152 836	144 048	171 033
Маңғыстау	291 145	150 527	140 618	109 654	181 491
Павлодар	201 681	103 709	97 972	136 448	65 233
СҚО	134 454	69 340	65 114	59 104	75 350
Түркістан	889 872	457 020	432 852	201 043	688 829
ШҚО	369 062	189 979	179 083	222 353	146 709
Нұр-Сұлтан қ.	398 480	204 820	193 660	398 480	
Алматы қ.	527 739	273 540	254 199	527 739	
Шымкент қ.	416 280	214 356	201 924	416 280	

## Балалар саны туралы мәліметтер, 2018-2020 жылдар (жыл басына)

Жылдар	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл
Барлық бала	5 784 407	5 944 304	6 110 156

## Некелер мен ажырасулар саны, 2016- 2020 жылдар

Өңірлер	Некелер саны		Ажырасулар саны	
	2016 жыл	2020 жыл	2016 год	2020 год
<b>ҚР</b>	<b>141702</b>	<b>128 839</b>	<b>51993</b>	<b>48 002</b>
Ақмола	4870	4 289	2390	2 302
Ақтөбе	6761	6 474	2455	2 020
Алматы	15522	12 955	5177	5 199
Атырау	4888	4 907	1424	1 335
БҚО	5028	4 467	1833	1 920
Жамбыл	8064	7 590	2467	2 243
Қарағанды	10748	9 401	5053	4 586
Қостанай	5628	4 749	3127	2 661
Қызылорда	5657	5 892	1822	1 633
Маңғыстау	5576	5 026	1463	1 389
Павлодар	5173	4 870	2957	2 712
СҚО	3566	2 932	2052	1 938
Түркістан	22030	13 463	5252	2 657
ШҚО	10241	8 570	4869	3 962
Нұр-Сұлтан қ.	11299	10 597	3693	4 183
Алматы қ.	16651	15 835	5959	5 284
Шымкент қ.	-	6 822	-	1 978

## Туудың жиынтық коэффициенті, 2018-2020 жылдар

	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл
<b>ҚР</b>			
Ақмола	2,84	2,90	3,13
Ақтөбе	2,42	2,45	2,55
Алматы	2,81	2,97	3,14
Атырау	3,53	3,66	4,03
БҚО	3,60	3,61	3,86
Жамбыл	2,68	2,75	2,93
Қарағанды	3,54	3,61	3,96
Қостанай	2,24	2,30	2,41
Қызылорда	1,77	1,81	1,89
Маңғыстау	3,38	3,46	3,96
Павлодар	3,91	4,02	4,26
СҚО	2,17	2,19	2,3
Түркістан	2,01	1,98	2,03
ШҚО	4,07	4,29	4,75
Нұр-Сұлтан қ.	2,25	2,34	2,48
Алматы қ.	2,89	2,77	2,84
Шымкент қ.	1,76	1,78	1,86

## Табиғи өсім коэффициенті, 2019-2020 жылдар

	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл
<b>ҚР</b>	<b>14,63</b>	<b>14,54</b>	<b>14,16</b>
Ақмола	6,86	6,72	5,41
Ақтөбе	16,26	16,92	16,14
Алматы	18,30	18,04	18,49
Атырау	21,50	20,92	20,38
БҚО	11,63	11,61	10,66
Жамбыл	17,77	17,43	17,65
Қарағанды	6,95	6,98	5,77
Қостанай	3,16	2,84	1,24
Қызылорда	18,89	18,55	19,52
Маңғыстау	25,20	25,28	24,72
Павлодар	5,96	5,55	4,08
СҚО	1,13	0,33	-1,16
Түркістан	22,32	22,70	23,83
ШҚО	5,54	5,54	4,41
Нұр-Сұлтан қ.	23,72	22,04	20,16
Алматы қ.	11,80	11,70	10,83
Шымкент қ.	22,90	23,15	23,64

## Табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен халықтың үлесі,%, 2018-2020 жылдар

Өңірлер	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл
<b>ҚР</b>	<b>4,3</b>	<b>4,3</b>	<b>5,3</b>
Ақмола	4,2	4,3	5,9
Ақтөбе	2,9	3,0	3,5
Алматы	3,7	2,9	4,0
Атырау	2,5	2,5	3,0
БҚО	3,2	3,7	3,9
Жамбыл	4,6	4,8	5,8
Қарағанды	2,3	2,5	3,0
Қостанай	4,1	3,4	3,5
Қызылорда	4,9	4,9	5,8
Маңғыстау	4,9	4,3	5,7
Павлодар	3,1	3,8	3,9
СҚО	4,7	5,6	6,7
Түркістан	10,6	10,8	12,2
ШҚО	6,3	6,2	6,5
Нұр-Сұлтан қ.	0,9	1,1	1,5
Алматы қ.	2,8	2,8	4,9
Шымкент қ.	2,5	2,8	5,0

## Туылған балалардың саны туралы мәлімет, 2018-2020 жылдар

Өңірлер	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл
<b>ҚР</b>	<b>397947</b>	<b>402 310</b>	<b>426824</b>
Ақмола	12427	12 265	12506
Ақтөбе	19634	20 493	21287
Алматы	50391	50 502	54355
Атырау	17019	16 980	18002
БҚО	13092	13 130	13670
Жамбыл	27216	27 041	29171
Қарағанды	22983	23 034	23423
Қостанай	11583	11 448	11671
Қызылорда	19112	19 347	21780
Маңғыстау	19872	20 459	21734
Павлодар	11856	11 558	11771
СҚО	7184	6 872	6879
Түркістан	54084	55 738	61258
ШҚО	21920	21 854	22514
Нұр-Сұлтан қ.	29227	28 736	29565
Алматы қ.	33266	34 308	35526
Шымкент қ.	27081	28 545	31712

**Меншік нысаны бойынша мектепке дейінгі ұйымдар желісі мен контингенті, 2020-2021 оқу жылы**

Өңірлер	барлық МҰ	ондағы балалар	олардан меншік нысаны бойынша			
			мемлекеттік	ондағы балалар	жеке-меншік	ондағы балалар
<b>ҚР</b>	<b>10650</b>	<b>885033</b>	<b>6080</b>	<b>505 593</b>	<b>4570</b>	<b>379 440</b>
Ақмола	601	32 957	483	23 494	118	9463
Ақтөбе	546	42 926	386	28 412	160	14514
Алматы	1201	91 523	516	38 656	685	52867
Атырау	331	34 004	265	29 508	66	4496
БҚО	515	30 463	432	25 076	83	5387
Жамбыл	547	56 560	359	36 359	188	20201
Қарағанды	533	48 234	451	39 793	82	8441
Қостанай	579	31 228	503	23 557	76	7671
Қызылорда	665	44 231	250	18 437	415	25794
Маңғыстау	311	37 254	141	24 303	170	12951
Павлодар	376	33 456	365	32 570	11	886
СҚО	483	18 373	463	16 016	20	2357
Түркістан	1413	152 173	410	39 926	1003	112247
ШҚО	792	56 978	649	40 357	143	16621
Нұр-Сұлтан қ.	408	50 933	138	31 896	270	19037
Алматы қ.	825	65 108	190	39 897	635	25211
Шымкент қ.	524	58 632	79	17 336	445	41296

**Мектепке дейінгі тәрбие жүйесі туралы мәлімет, 2018 және 2020 жылдар**

	2018 жыл	2020 жыл
<b>Мектепке дейінгі ұйымдар желісі, барлығы:</b>	<b>10 314</b>	<b>10 650</b>
балабақшалар	6 159	6 959
шағын орталықтар	4 155	3 691
<b>Мектепке дейінгі ұйымдар контингенті, барлығы:</b>	<b>880 896</b>	<b>885 833</b>
балабақшаларда	740 734	780 293
шағын орталықтарда	140 162	104 740
<b>Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар желісі, барлығы:</b>	<b>6 565</b>	<b>6 080</b>
<b>балабақшалар</b>	<b>2 870</b>	<b>2 798</b>
ондағы балалар	452 776	417 972
<b>шағын орталықтар</b>	<b>3 695</b>	<b>3 282</b>

ондағы балалар	120 767	87 621
<b>Мемлекеттік емес мектепке дейінгі ұйымдар желісі, барлығы:</b>	<b>3 749</b>	<b>4 570</b>
<b>балабақшалар</b>	<b>3 289</b>	<b>4 161</b>
ондағы балалар	287 958	362 321
<b>шағын орталықтар</b>	<b>460</b>	<b>409</b>
ондағы балалар	19 395	17 119
<b>Балабақшаларға кезекте тұрған балалар саны:</b>	<b>556 154</b>	<b>364 206</b>
қалалық жерде	446 895	288 155
ауылдық жерде	109 259	76 051
<b>Педагогикалық қызметкерлер, барлығы:</b>	<b>94 838</b>	<b>95 860</b>
жоғары білімі бар	61 198	62984
техникалық және кәсіптік білімі бар	32 004	30 777
жалпы орта білімі бар	1 636	2099

**Балаларды мектепке дейінгі біліммен қамту, 2020 жыл, %**

Өңірлер	1 жастан 3 жасқа дейін	1 жастан 6 жасқа дейін	3 жастан 6 жасқа дейін
<b>ҚР</b>	<b>47,89</b>	<b>81,62</b>	<b>98,65</b>
Ақмола	33,56	77,58	100
Ақтөбе	53,67	86,36	100
Алматы	59,93	88,40	97,64
Атырау	35,01	75,31	100
БҚО	39,35	75,56	100
Жамбыл	71,11	91,08	100
Қарағанды	19,67	60,53	100
Қостанай	46,90	79,92	95,69
Қызылорда	44,39	84,77	100
Маңғыстау	20,44	66,67	100
Павлодар	50,86	82,25	100
СҚО	38,52	77,82	100
Түркістан	90,59	96,87	99,62
ШҚО	57,19	85,06	100
Нұр-Сұлтан қ.	34,15	80,59	99,03
Алматы қ.	21,99	63,92	89,54
Шымкент қ.	66,69	90,26	100

## Балабақшалардағы орындарға кезектілік туралы мәлімет, 2020 жыл

Өңірлер	Кезекте тұрған балалардың барлығы	оның ішінде		3-6 жастағы балалардың саны
		қалалық жерде	ауылдық жерде	
<b>ҚР</b>	<b>364 206</b>	<b>288 155</b>	<b>76 051</b>	<b>58 381</b>
Ақмола	21 272	14 524	6 748	0
Ақтөбе	12 998	9 230	3 768	1 274
Алматы	19 420	5 356	14 064	6 440
Атырау	22 663	11 248	11 415	2 121
БҚО	16 108	12 110	3 998	1 191
Жамбыл	8 534	7 055	1 479	0
Қарағанды	47 538	42 440	5 098	0
Қостанай	13 904	11 317	2 587	2 823
Қызылорда	10 247	4 312	5 935	0
Маңғыстау	34 239	22 890	11 349	0
Павлодар	13 011	10 934	2 077	426
СҚО	8 608	6 593	2 015	0
Түркістан	6 454	2 324	4 130	517
ШҚО	15 944	14 556	1 388	0
Нұр-Сұлтан қ.	24 639	24 639	0	4 399
Алматы қ.	80 008	80 008	0	39 190
Шымкент қ.	8 619	8 619	0	0

## Орта білім беру ұйымдары туралы мәлімет, 2020-2021 оқу жылы

Өңірлер	барлық мектеп	олардан		олардан меншік нысаны бойынша		
		қала	ауыл	коммуналдық	республикалық	жекеменшік
<b>ҚР</b>	<b>7 440</b>	<b>2 178</b>	<b>5 262</b>	<b>7 149</b>	<b>20</b>	<b>271</b>
Ақмола	572	102	470	566	0	6
Ақтөбе	422	140	282	411	0	11
Алматы	793	112	681	775	0	18
Атырау	208	80	128	200	0	8
БҚО	388	74	314	384	0	4
Жамбыл	467	109	358	452	0	15
Қарағанды	535	236	299	522	1	12

Қостанай	507	100	407	500	0	7
Қызылорда	314	78	236	306	0	8
Маңғыстау	163	60	103	150	0	13
Павлодар	367	94	273	365	0	2
СҚО	480	64	416	477	0	3
Түркістан	930	129	801	913	0	17
ШҚО	677	183	494	668	1	8
Нұр-Сұлтан қ.	133	133	0	94	5	34
Алматы қ.	300	300	0	217	11	72
Шымкент қ.	184	184	0	149	2	33

## 2020-2021 оқу жылының басындағы орта білім беру ұйымдары туралы мәлімет

Өңірлер	барлық мектеп	олардан		олардан типі бойынша		
		қала	ауыл	жалпы білім беретін	мамандандырылған	арнайы
<b>ҚР</b>	<b>7 440</b>	<b>2 178</b>	<b>5 262</b>	<b>7 177</b>	<b>163</b>	<b>100</b>
Ақмола	572	102	470	561	6	5
Ақтөбе	422	140	282	413	5	4
Алматы	793	112	681	775	11	7
Атырау	208	80	128	197	8	3
БҚО	388	74	314	378	7	3
Жамбыл	467	109	358	456	7	4
Қарағанды	535	236	299	510	15	10
Қостанай	507	100	407	497	4	6
Қызылорда	314	78	236	305	6	3
Маңғыстау	163	60	103	154	5	4
Павлодар	367	94	273	344	16	7
СҚО	480	64	416	467	6	7
Түркістан	930	129	801	910	12	8
ШҚО	677	183	494	651	13	13
Нұр-Сұлтан қ.	133	133	0	119	11	3
Алматы қ.	300	300	0	270	22	8
Шымкент қ.	184	184	0	170	9	5

## Орта білім беру саласындағы негізгі көрсеткіштер, 2018 және 2020 жылдар

	2018 жыл	2020 жыл
<b>ЖАО-ға ведомстволық бағынысты күндізгі мемлекеттік жалпы білім беру ұйымдарының желісі</b>	7 014	6 957
ЖАО-ға ведомстволық бағынысты күндізгі мемлекеттік жалпы білім беру ұйымдарының контингенті	3 105 334	3 368 702
<b>ЖАО-ға ведомстволық бағынысты күндізгі мемлекеттік емес мектептердің желісі</b>	138	250
ЖАО-ға ведомстволық бағынысты күндізгі мемлекеттік емес мектептердің контингенті	28 074	59 106
<b>ШЖМ желісі</b>	2 886	2787
ШЖМ контингенті	198 603	196 302
<b>Қазақ тілінде оқытатын мектептер желісі</b>	3 749	3733
Қазақ тілінде оқытатын мектептер контингенті	1 387 309	1 0505 779
<b>Орыс тілінде оқытатын мектептер желісі</b>	1 195	1160
Орыс тілінде оқытатын мектептер контингенті	378 735	394 645
<b>Аралас тілдерде оқытатын мектептер желісі</b>	2 046	2047
Аралас тілдерде оқытатын мектептер контингенті	1 324 074	1 456 175
<b>Өзбек тілінде оқытатын мектептер желісі</b>	12	9
Өзбек тілінде оқытатын мектептер контингенті	8 608	6 835
<b>Ұйғыр тілінде оқытатын мектептер желісі</b>	11	8
Ұйғыр тілінде оқытатын мектептер контингенті	6 074	5268
<b>Тәжік тілінде оқытатын мектептер желісі</b>	1	0
Тәжік тілінде оқытатын мектептер контингенті	534	3743
<b>Апатты жағдайдағы мектептер</b>	31	36
<b>Үш ауысымда сабақ жүргізетін мектептер</b>	128	160
<b>Интернет желісіне қосылған күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін мектептер саны</b>	6 964	7 378
4 мбит/с дейінгі жылдамдықпен	626	248
4 мбит/с және одан жоғары жылдамдықпен	6 338	7 130
<b>Күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін мектептер бойынша 1 компьютерге келетін оқушылар саны</b>	10	5,91
<b>ЖАО-ға ведомстволық бағынысты күндізгі мемлекеттік мектептердің педагог қызметкерлері</b>	322 165	348 723
<b>ЖАО-ға ведомстволық бағынысты күндізгі мемлекеттік мектептердің мұғалімдері</b>	289 851	313 956
<b>Қосымша білім беру ұйымдарының желісі</b>	1 303	1 272
ондағы балалар	993 779	995 522

## 2020 жылдағы шағын жинақты мектептер желісі және контингенті туралы мәлімет

Өңірлер	Күндізгі мемлекеттік мектептер саны	ондағы оқушылар	барлық ШЖМ	ондағы оқушылар
<b>ҚР</b>	<b>6957</b>	<b>3368702</b>	<b>2787</b>	<b>196302</b>
Ақмола	551	129 200	367	24 620
Ақтөбе	403	157 808	199	13 830
Алматы	760	428 349	226	18 320
Атырау	195	134 307	26	1 901
БҚО	377	110 643	217	13 769
Жамбыл	442	237 234	119	10 683
Қарағанды	504	204 091	220	15 413
Қостанай	488	109 465	325	19 810
Қызылорда	293	168 042	21	1 746
Маңғыстау	140	156 621	11	942
Павлодар	355	111 420	215	14 834
СҚО	468	72 738	362	22 804
Түркістан	899	493 743	136	12 848
ШҚО	646	193 206	343	24 782
Нұр-Сұлтан қ.	90	181 527	0	0
Алматы қ.	207	270 624	0	0
Шымкент қ.	139	209 684	0	0

## Қосымша білім беру ұйымдарының желісі, 2018 және 2020 жылдар

Өңірлер	2018 жыл		2020 жыл	
	желі	контингент	желі	контингент
<b>ҚР</b>	<b>1303</b>	<b>993779</b>	<b>1272</b>	<b>995 522</b>
Ақмола	82	39322	84	34486
Ақтөбе	87	68577	85	55008
Алматы	100	69178	109	73922
Атырау	59	39004	63	50330
БҚО	82	66690	76	75730
Жамбыл	110	85095	108	94165
Қарағанды	102	82514	101	80256
Қостанай	75	60185	76	56734
Қызылорда	61	52581	59	50382
Маңғыстау	56	50995	46	46321
Павлодар	76	65855	58	65598
СҚО	82	44317	82	41758
Түркістан	115	81015	117	85447
ШҚО	116	82626	113	79815
Нұр-Сұлтан қ.	25	36205	24	35378
Алматы қ.	44	35859	37	36090
Шымкент қ.	31	33761	34	34102

**Кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтар саны, 2016-2020 жылдар**

Өңірлер	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл
<b>ҚР</b>	<b>2605</b>	<b>2014</b>	<b>2125</b>	<b>2136</b>	<b>1812</b>
Нұр-Сұлтан қ.	118	72	84	78	90
Ақмола	80	64	87	97	71
Ақтөбе	105	95	187	181	73
Алматы қ.	228	167	141	182	93
Алматы	239	190	186	217	168
Атырау	57	48	60	75	61
ШҚО	226	163	165	135	110
Жамбыл	219	192	154	221	176
БҚО	91	69	59	57	59
Қарағанды	272	208	168	162	239
Қызылорда	51	60	61	56	45
Қостанай	123	148	140	113	79
Маңғыстау	84	78	80	66	78
Павлодар	224	102	82	81	136
СҚО	53	35	59	54	47
Шымкент қ.	387	287	166	139	120
Түркістан			207	191	153
Көліктік аумақ	23	18	19	15	3
Әскери қызметшілер жасаған	11	11	9	5	5
21-С	14	7	11	11	6

**Кәмелетке толмағандар алкогольдік, есірткілік масаң күйде жасаған құқық бұзушылықтар саны, 2016-2020 жылдар**

Өңірлер	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл
<b>ҚР</b>	<b>97</b>	<b>83</b>	<b>67</b>	<b>62</b>	<b>54</b>
Нұр-Сұлтан қ.	4	1	5	2	1
Ақмола	7	9	6	3	4
Ақтөбе	5	3	6	11	3
Алматы қ.	5	1	2	0	5
Алматы	5	6	1	4	1
Атырау				0	0
ШҚО	14	14	14	15	13
Жамбыл	4	3	2	6	1
БҚО	3	4	1	2	1

Қарағанды	12	7	3	5	2
Қызылорда	1	2	1	0	1
Қостанай	15	22	10	9	13
Маңғыстау				0	1
Павлодар	5	5	6	1	3
СҚО	10	3	6	0	1
Шымкент қ.	2		1	1	0
Түркістан	3	3	1	3	2
Көліктік аумақ	2		1	0	3
Әскери қызметшілер жасаған					
21-С			1		

**Кәмелетке толмағандардың қатысуымен жасалған құқық бұзушылықтар саны, 2016-2020 жылдар**

Өңірлер	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл
<b>ҚР</b>	<b>3343</b>	<b>3148</b>	<b>2949</b>	<b>2619</b>	<b>1870</b>
Нұр-Сұлтан қ.	205	156	214	190	142
Ақмола	139	143	131	124	108
Ақтөбе	104	160	146	131	96
Алматы қ.	200	219	239	291	189
Алматы	373	334	288	303	166
Атырау	137	137	153	92	67
ШҚО	332	367	265	202	167
Жамбыл	208	183	150	146	111
БҚО	167	150	120	109	88
Қарағанды	306	231	216	200	98
Қызылорда	82	86	135	97	65
Қостанай	262	243	211	149	110
Маңғыстау	78	69	74	71	43
Павлодар	139	73	63	43	45
СҚО	80	73	51	37	44
Шымкент қ.	463	483	235	180	151
Түркістан			225	208	159
Көліктік аумақ	31	29	22	30	16
Әскери қызметшілер жасаған	0	1	2	1	0
21-С	37	11	9	15	5

**Әкімшілік жауапкершілікке тартылған кәмелетке толмағандардың саны туралы мәліметтер, 2016-2020 жылдар**

Өңірлер	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл
<b>ҚР</b>	<b>4 605</b>	<b>4 849</b>	<b>3 611</b>	<b>7 140</b>	<b>6 173</b>
Нұр-Сұлтан қ.	395	443	641	1191	927
Ақмола	173	117	79	194	378
Ақтөбе	139	123	148	250	176
Алматы қ.	773	1 455	1 016	2448	805
Алматы	146	150	148	186	404
Атырау	82	84	60	93	159
ШҚО	1 182	818	398	632	885
Жамбыл	112	67	68	134	126
БҚО	40	70	40	73	149
Қарағанды	324	239	124	308	281
Қызылорда	91	116	55	138	194
Қостанай	265	234	198	268	219
Маңғыстау	167	199	141	257	286
Павлодар	338	278	206	276	290
СҚО	68	64	40	66	40
Түркістан	101	108	102	230	454
Шымкент қ.	48	78	48	114	122
Көліктік аумақ	73	98	6	154	195
Әскери қызметшілер жасаған	88	108	93	128	83

**Жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар (АҚҚБ) туралы жалпы мәлімет, 2016-2020 жылдар**

Жылдар	Жетім балалар мен АҚҚБ барлығы	оның ішінде		Мекемелер желісі	білім беру жүйесінде		денсаулық сақтау жүйесінде		әлеуметтік қорғау жүйесінде	
		отбасыларда	мекемелерде		желі	конт	желі	конт	желі	конт
2016 жыл	28 419	21183	7 236	140	100	5751	23	736	17	749
2017 жыл	27 274	21051	6 223	138	98	4897	22	576	18	750
2018 жыл	25491	20447	5 044	119	80	4018	21	307	18	719
2019 жыл	24239	19633	4606	107	68	3656	21	250	18	700
2020 жыл	23410	19156	4254	98	60	3336	20	272	18	646

**Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдар тәрбиеленушілерінің сипаттамалары, 2016 және 2020 жылдар**

	2016 жыл	2020 жыл
<b>Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың жалпы саны</b>	<b>7 236</b>	<b>4254</b>
<b>Жынысы бойынша</b>		
ұлдар	4 064	2312
қыздар	3 172	1942
<b>Ұлты бойынша</b>		
қазақтар	1 847	1123
орыстар	4 084	2209
басқа ұлттар	1 305	922
<b>Жасы бойынша</b>		
0-2 жас	495	176
3-6 жас	810	359
7-18 жас	5 931	3719
<b>Әлеуметтік мәртебесі бойынша</b>		
жетімдер	1 269	758
ата-ана құқықтарынан айырылған	3 349	2382
ата-ана құқықтарынан бас тартқан	696	272
тастап кеткен	436	119
сот әрекетке қабілетсіз деп таныған немесе әрекет қабілеті шектеулі	60	33
сот қайтыс болды деп таныған	11	12
сот із-түссіз жоғалды деп таныған	159	111
ата-ана құқықтары шектелген	350	256
қамау орындарында	210	103
іздеуде	357	99
ұзақ емделуде	83	40
ата-ана қамқорлығының болмауының өзге де жағдайлары	256	69

**Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мемлекеттік білім беру ұйымдарының желісі мен контингенті, 2020 жыл**

Өңірлер	барлығы		оның ішінде					
	желі	контингент	балалар үйлері	мектеп-интернаттар	отбасы үлгісіндегі балалар үйлері	отбасы үлгісіндегі балалар ауылы	жасөспірімдер үйі	пана
<b>ҚР</b>	<b>51</b>	<b>3023</b>	<b>14</b>	<b>7</b>	<b>4</b>	<b>12</b>	<b>13</b>	<b>1</b>
Ақмола	2	175	1				1	
Ақтөбе	3	34			2		1	
Алматы	3	205	2	1				
Атырау	1	64				1		
ШҚО	6	580	2	2		1	1	
Жамбыл	1	89					1	
БҚО	1	65				1		
Қарағанды	6	444	5				1	
Қостанай	5	430	1	1		1	2	
Қызылорда	2	52				1	1	
Маңғыстау	1	35				1		
Павлодар	6	281		1	2	2	1	
СҚО	5	105		2		1	2	
Түркістан	4	197				3	1	
Нұр-Сұлтан қ.	0	20						
Алматы қ.	3	107	1				1	1
Шымкент қ.	2	140	2					

**Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мемлекеттік емес білім беру ұйымдарының желісі және контингенті, 2020 жыл**

Өңірлер	желі	контингент	балалар үйлері	отбасы үлгісіндегі балалар үйлері	отбасы үлгісіндегі балалар ауылы
<b>ҚР</b>	<b>9</b>	<b>313</b>	<b>5</b>	<b>1</b>	<b>3</b>
Ақмола	1	2	1		
Алматы	3	63	3		
Қарағанды	2	75	1		1
Алматы қ.	2	98		1	1
Нұр-Сұлтан қ.	1	75			1

**Пайдаланылған дереккөздер тізімі**

1. БҰҰ Бала құқықтары туралы конвенциясы
2. БҰҰ Бала құқықтары жөніндегі комитетінің ұсынымдары (2015 жылғы 17-18 қыркүйектегі 70-сессия).и
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы
4. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы
5. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңы
6. «Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы» ҚР Заңы
7. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексі
8. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі
9. «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» ҚР Заңы
10. «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» ҚР Заңы
11. «Білім туралы» ҚР Заңы
12. «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» ҚР Заңы
13. Қолданыстағы стратегиялық және бағдарламалық құжаттар:
14. «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы;
15. «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 982 қаулысы;
16. Статистикалық және талдамалық жинақтар мен баяндамалар
17. Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің жай-күйі және дамуы туралы ұлттық баяндама (2018 жылдың қорытындысы бойынша), Астана: «АТО» АҚ, 2019 ж;
18. «Қазақстан балалары» статистикалық жинағы, 2018 ж.;
19. Мақалалар мен жарияланымдар
20. Демография и миграция Казахстана: вызов и возможности для страны, <https://strategy2050.kz/ru/>;
21. Разводы в Казахстане: причины, тенденции и выплата алиментов, [HTTPS://STRATEGY2050.KZ/RU/](https://strategy2050.kz/ru/);
22. Казахстан: конец эры детских домов? А.Мусабалинова, Қазақстан Республикасының азаматтық құқық және балалар мен әйелдердің құқықтарын қорғау жөніндегі халықаралық құқық саласындағы сарапшы;
23. Здоровье детей и подростков Республики Казахстан. Проблемы и пути решения. Б.С.Тұрдалиева, Г.Е.Аимбетова, У.А.Абдукаюмова, В.Ю.Байсугурова, Б.А.Мұсаева, С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ;



22. Қазақстанның орта мектебіндегі жаңа білім беру жүйесі. [https://www.nur.kz/1773601-novaa-sistema-obrazovania-v-kazahstane-2018-2019.html?utm\\_source=clipboard&utm\\_medium=article-fragment](https://www.nur.kz/1773601-novaa-sistema-obrazovania-v-kazahstane-2018-2019.html?utm_source=clipboard&utm_medium=article-fragment);

23. Қазақстан суицидтер саны бойынша әлемде 6-орында – ДДСҰ, <https://mk-kz/social/2019/09/17/kazakhstan-na-6-meste-v-mire-po-kolichestvu-suicidov-voz.html>;

24. 2017-2019 жылдарға арналған әлеуметтік қорғау шығыстарына бюджеттік шолу, ЮНИСЕФ

Сайттар:

1. ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросы (<http://stat.gov.kz>);
2. ҚР БҒМ Балалардың құқықтарын қорғау комитеті (<https://www.bala.edu.gov.kz>);
3. ҚР Денсаулық сақтау министрлігі (<http://mz.gov.kz>);
4. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (<https://www.enbek.gov.kz>);
5. ҚР Ішкі істер министрлігі (<http://mvd.gov.kz>);
6. ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (<http://pravstat.prokuror.kz>);
7. ҚР электрондық үкіметінің ресми сайты (<http://www.egov.kz>);
8. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі (<http://adilet.zan.kz>).

